


Каз 2
Т 60

СВЯТАН
МАХМУТ

ТОРЬИАИ
ФЬИРОВ

СЪЛТАН



ТОПЪЛАНЪ

Каз 2
Т 60

МАХМУТ

Ш Ы Ғ А Р М А Л А Р

157531

Павлодарская областная
БИБЛИОТЕКА
им. Н. Островского

Екі томдық
Бірінші том

ҒЫРОВ

Султанмазмун Торайгыров шығармаларының екі томдығы екіншік ІІХХ, ІІХХ, ІІХХ жылғы жинақтары мен әр көлемдегі басып бетінде жарыяланған шығармалары негізінде құрастырылды. Тұраі басталарындағы өлең нұсқалары мұқият зерттеу, өз ара салыстыру нәтижесінде бұл екі томға енген шығармаларға негезіі тексерілгенілік жұмыстар жүргізіліп, түсініктер берілді.

Бірінші томға екіншік өлеңдері мен поэмалары, екінші томға романдары мен мақалалары, әңгіме, очерк, хаттары және замандастарының естеліктері енгізілді. Сөз басы мен сөз соңына жалған филология ғылымдарының кандидаты Н. Т. Дүйсенбаев.

Екі томдықты баспаға дайындағандар: филология ғылымдарының кандидаттары -- Н. Т. Дүйсенбаев, Б. Ақмұқанова, М. Жармұкамедов. Түсініктерді жазғандар: Б. Ақмұқанова мен М. Жармұкамедов.

Шығарушылар аяқасы:

Б. КЕНЖЕБАЕВ, М. АБДУЛЛИН,
Ы. ДҮЙСЕНБАЕВ, Д. ӘБІЛЕВ,
Т. АБДРАХМАНОВ, Ғ. ҚАПЫРБЕКОВ,
Б. АҚМҰҚАНОВА, М. ЖАРМҰКАМЕДОВ.

Жауапты шығарушы
М. ЖАРМҰКАМЕДОВ.

Жалпы редакциясын басқарған
Ы. Т. ДҮЙСЕНБАЕВ.

Суретші А. ДЯЧКИН

СӨЗ БАСЫ

Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды аса көрнекті қайраткердің әдеби мұрасы бірсыдырғы тексеріліп, ол жөнінде көптеген мақалалар, зерттеулер үсті-үстіне жазылса, сондай-ақ, оның творчествосына арналған дипломдар мен диссертациялар да кезек-кезегімен қорғалып жатады. Бұл жерде демократ ақынның бай мұрасын зерттеуде ерекше еңбек сіңірген М. О. Әуезовтің, Б. Кенжебаевтың, Б. Шалабаевтың, Қ. Бейсембиевтің, Т. Абдрахмановтың, Ә. Тәжібаевтың, Қ. Нұрмақановтың есімдерін ерекше атап өткен абзал. Алайда, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларын егжей-тегжейіне жете терең зерттедік деп айта аламыз ба? Жоқ, айта алмаймыз. Бұл неліктен? Оған бірнеше себептер бар.

Ең алдымен, қысқа өмірінің бойында Сұлтанмахмұт өзінің жазған шығармаларын түгелдей бастыру былай тұрсын, оларды өз қолымен тәртіпке келтіруге, немесе олқы жерлерін түзетуге де

мүмкіншілігі болмаған. Өзінің көзі тірісінде Сұлтанмахмұт не бары жиырмаға тарта өлеңдері мен мақала-хабарларын сол кездегі баспасөз бетінде жариялаған. Совет өкіметі орнағаннан кейін де жазушының еңбегі бірден жұртшылыққа таныла қойған жоқ. Бұл бір.

Екінші: Сұлтанмахмұттың шығармалары халық арасына қандай жолдармен тарауына тоқтайтын болсақ, бұл жөнінде де айта қаларлық жаңалық жоқ, бұрынғы ескі дәстүр еді.

Тағы бір себеп: ақынның дүние тануы, өмірге көзқарасы, эстетикалық талғамы, шығармаларының идеялық-көркемдік ерекшеліктері жөнінде сол кезде қалыптасқан, тұрақты пікір болған жоқ. Ал сыншылар мен әдебиетшілердің көпшілігі Сұлтанмахмұттың зор талантын танып мойындағанмен, «ол қай таптың идеологі, кімнің жаршысы болды және алдына қандай мақсат қойды» деген тікелей сұрақтарға жауап беруге келгенде, көбінесе, сыңаржақ, үстірт, кейде мүлдем қате пікірлер айтып жүрді. Екінші сөзбен айтқанда, сын дәрежесі ол кезде өте төмен болатын-ды.

Міне, осыларға С. Торайғыровтың өз қолымен жазылған бірде-бір түп-нұсқа сақталмағанын ескерсек, ақынның әдеби мұрасын әуелгі қалпында тануымызға қаншама бөгет-қиындықтар кездесетінін және текстология жұмысын жүргізуге мүмкіндік жоқ екенін анық аңғаруға болады.

Бұл арада ескерте кететін тағы бір жағдай бар. Сұлтанмахмұт Торайғыров әдебиет майданына араласа бастаған кезде қазақ тілінде шығатын газет-журналдар мүлдем аз еді, оларды саусақ-

пен санауға болатын-ды. Сондықтан өзінің көздеген мақсаты мен ұстаған бағытына сай баспа орнын таңдап алуға ақынның ешбір мүмкіншілігі болған жоқ, «бармен базар етуге» тура келді.

Соңғы жылдар «Айқап» журналы жөнінде қаншама қызу таластар болғанымен, қазір, негізінде, бір байлауға тоқтағандаймыз. Өйткені «Айқаптың» қазақ мәдениетін дамытудағы зор ролі мен игілікті ісіне енді ешкім шек келтіре алмайтын тәрізді. Алайда, біз «Айқап» журналының кемшіліктері мен кейбір қателерін жуып-шайып, қайтсе де ақтағалы отырған жоқпыз, оның қажеті де аз. Тегі Сұлтанмахмұтты алғашқы бетте өзіне тартып қызықтырған аталмыш журналдың демократтық бағыты, қазақ арасына өнер-білімді, алдыңғы қатарлы мәдениетті, прогрестік көзқарасты кеңірек уағыздай бастауы да болу ықтимал. Қалайда, осы журналдың бетінде жас ақын қаламының күшін тұңғыш рет сынап, шығармаларын жариялаумен бірге көркем әдебиетке деген өзінің талғамы мен талабын да қоя білді, сол кезде ана тілінде шығып жатқан кітаптардың мазмұны мен түріндегі қате-кемшіліктерді ашық айтып, аяусыз сынға алды.

«Айқапта» Сұлтанмахмұттың бір жыл (1913) ішінде бес өлеңі («Түсімде», «Бұлар кім?», «Қымыз», «Кеше түндегі түс, бүгінгі іс», «Бір балуанға қарап»), бірнеше мақалалары мен ел хабарлары («Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қандай», «Өлең һәм айтушылар», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Ауырмай есімнен жаңылғаным», «Өскеменнен хат» т. б.) жарияланды. Бірақ, С. Торайғыров, бізге белгісіз себептер-

мен 1914 жылдың бас кезінде «Айқаптан» қол үзеді де, журналға бұрынғысындай бөлсенді қатыса алмайды. 1914—1915 жылдарда оның не бары екі ғана өлеңі («Көңілді көндіретін тағдыр», «Алты аяқ») және бірді-екілі шағын хабарлары басылып шықты.

Сол жылдар Орынбор қаласында 1913 жылдың февралынан 1918 жылға дейін үзбей шығып тұрған «Қазақ» газетіне де Сұлтанмахмұт онша жиі араласпайды. Ал кейінгі жылдар «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналында ақынның бірнеше өлеңдері мен мақалалары («Жас жүрек», «А, дүние!», «Шәкірт ойы», «Сарыарқаның жаңбыры», «Неге жасаймын», «Социализм» т. б.) жарияланады. Ал, дәл осы тұста жазылған көлемді, көрнекті шығармалары еш жерде жарық көрмейді.

С. Торайғыровтың революциядан бұрын жарияланған еңбектерінің негізгі мәні мен маңызы неде? Ол еңбектер, ең алдымен, қазақ көркем әдебиетінің әлеміне зор бір талант келгенін күллі ел-жұртқа паш етсе, сонан соң, жас ақынның көздеген нысанасы қара түнекте ұзақ жылдар жапа шеккен елін ояту, оны мәдениетке жеткізу жолында қажырлы қызмет істеу, демек, жастарды өнер-білімге, еңбекке шақыру, бұл жолда кездесер кедергі, кесел атаулыға қарсы аяусыз күрес ашу, әсіресе дін иелерінің сұрқия әрекеттерін әшкерелеу екенін айқын танытты. Бірақ, Сұлтанмахмұттың алғашқы қадамынан бастап дамыл таппай ізденуі, ұдайы өмір құбылыстарын тану жолында болуы, кейде оның арман-талаптарын, көздеген мақсаттарын айқын бағдарлай бермейді.

Ақынның совет жылдарында жарық көрген шығармаларының ішінен негізгі деп саналатын үш баспасын (1933, 1950, 1957) сөз етсек дейміз.

1933 жыл Қызылорда қаласында басылып шыққан толық жинақтың ең құнды жағы: ақынның әркімдердің қолында жүрген шығармаларын іздестіріп табу, сондай-ақ, газет-журнал беттерінде жарияланған өлеңдері мен мақалаларын жинау, сөйтіп, олардың бәрін аздап болса да белгілі бір жүйеге келтіріп бастырып шығаруда еді. Оның екінші бір ұтымды жері: жинаққа кірген шығармалардың бәрі дерлік автордың өз қолжазбалары бойынша, немесе көзінің тірісінде жарияланған еңбектерінің текстеріне сүйеніп берілгендігінде болатынды.

Ал енді осы жинақтағы кемшіліктерге келетін болсақ, олар мыналар. Кітаптың жабдықталуы (оформлениесі), баспаға дайындалуы (тексті мұқият тексеру, жеке сөздерге түсінік беру, шығармалардың жазылу жайын баяндайтын мәліметтер келтіру, тағысын тағылар) өте нашар екендігін былай қойғанда, басқа да көптеген шалағайлықтар мен қателері бар. Ең алдымен, С. Торайғыров сияқты творчествосының қайшылығы мол, шығармалары әлі жөнді зерттелмеген автордың толық жинағын қалай болса солай шығара салуға болмайды. Демек, ұқыпты түрде текстологиялық жұмыс жүргізу, ақыннан қалған бай мұраға аса талғампаздықпен қарап, оның ішіндегі социалистік мәдениетімізге ең пайдалы, қажетті дегендерін сұрыптап ала білу жөн еді. Оның бер жағында, сол екшеп алынған материалдардың өзіне терең

талдау беретін кіріспе мақала мен түсініктер жазу керек еді. Өйтпесе, Сұлтанмахмұттың «Алаш ұраны», «Таныстыру», «Айтыс», «Нүрекеңе» деп аталатын ұлтшылдық сарында жазылған шығармаларын, я болмаса кейбір көркемдігі нашар, идеясы ұстамсыз өлеңдерін бастан-аяқ тізіп кіргізе беруде қандай логика бар?

Жоғарыда айтылғандарға жинақтағылыми комментарийлердің мүлдем болмағанын, ақынның дүние тануы мен өмірге көзқарасы жөнінде, немесе оның творчествосында кездесетін қайшылықтар мен қателерін оқушы жұртшылыққа ұғындыратын байсалды материалдар жоқтығын қоссақ, сол жинақтың дайындалуы қандай дәрежеде екенін дұрыс тани алғандаймыз.

С. Торайғыровтың кейінгі жылдары шыққан (біз бұл жерде көпшілікке арналған шағын жинақтарын сөз етпей отырмыз.—Ы. Д.) екі жинағында да (1950, 1957) елеулі кемшіліктер кездеседі. Біріншіден, жазушының қолжазбалары жоғалып кеткенін сылтау етіп, тиянақты ешбір текстологиялық жұмыс жүргізілмей келген. Екіншіден, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың творчестволық өмірбаянын жазуда да ауыз толтырып айтарлықтай ізденулер мен жаңадан тапқан жөнді деректер болмаған. Үшіншіден, отыз жыл бойында С. Торайғыровтың бұрыннан мәлім шығармаларынан басқа жаңадан қырыққа тарта өлеңдер табылған екен. Ал енді солардың бәрін ешбір күдік келтірмей қабылдай аламыз ба, бұлар жөніндегі дәлелдеріміз дәйекті ме, әлде «жауырды жаба тоқуға салынып» кім көрінгеннің ұсынғанын талғау-

сыз алып жүрген жоқпыз ба? Автордың түп нұсқасы табылмаған кезде қолданылатын басқа ғылыми жорамалдар, топшылаулар, қосалқы әдістер болады ғой, солардың бар-барын сарқа пайдалана алдық па? Әлі де талас, күдік туып жүрмей ме? Төртіншіден, ең негізгі кемшілік (тегі мұның өзі жоғарыда келтірілген кемістіктерге сабақтас болу керек. Ы. Д.) күні бүгінге дейін Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қоғамдық-әлеуметтік көзқарасына, шығармаларының идеялық-көркемдік ерекшеліктеріне, қысқасы, оның өмірі мен творчестволық жолына жан-жақты терең зерттеп, дұрыс, әділ баға бердік деп кесіп айта аламыз ба? Бұл саладағы кемістіктерімізді мойындамасқа лаж жоқ.

Әйтсе де, бұдан С. Торайғыровтың мұрасын зерттеуде, оны көпшілік арасына таратуда ештеңе істелген жоқ деген келте ұғым тумасқа керек. Өйткені совет жылдарында жоғарыда аталған негізгі баспаларынан (1933, 1950, 1957) басқа сан рет ақынның өлеңдері мен поэмалары орта мектептерге, педагогтік институттардың филологиялық факультеттеріне арналған хрестоматиялар мен оқу кітаптарына еніп келді, бірнеше рет жеке жинақтары да (1942, 1945, 1958) жарық көрді.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың творчествосын зерттеу жұмысы негізгі екі кезеңге бөлсе болғандай. Бірінші кезең отызыншы жылдардың аяғына дейінгі шақ. Ол кезде, тегі зерттеу ғылымының кенже қалғанынан болу керек, жалғыз Сұлтанмахмұттың ғана емес, көне мұраның көпшілігіне үрке қарап, сыңар жақ, кей сәтте мүлдем теріс баға берушілік

орын тепкен болатын-ды. Сондықтан біз сол жылдар айтылып жүрген С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов және басқалардың Сұлтанмахмұт творчествосына берген субъективтік бағаларына арнайы тоқталмаймыз. Өйткені бұл кезде жеке әдебиетшінің көзқарасы көбінесе сол тұста белең алған тұрпайы социологизмнің ықпалынан шыға алмай, қандай мұраға болсын әдетте тым біржақты, үстірт қарайтын-ды. Екінші кезең; С. Торайғыровты негізінде демократ ақын деп тани отыра жазылған мақалалар, жеке зерттеулер (бұларға диссертациялар да кіреді. Ы. Д.) жүргізуден басталады. Алғашқы кезде С. Торайғыровты ұлтшылдар тобынан бөліп алудың қызуымен біраз асыра сілтеп жіберушілік те болмай қалған жоқ. Осының салдарынан ақынның айқын қателерін көрмеу, яки оларды өздерінше жеңілдетіп алып түсіндіру, тіпті болмаса Сұлтанмахмұтты кейбір әлеуметтік мәселелерде шамадан тыс көреген, білгір, ой өресі кемелденген қайраткер етіп суреттеу әрекеті басым болып келді. Ал қазір біз осы айтылған ұшқарылықтардың бәрінен арылып, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдебиетіміз тарихынан алатын шын орнын тануға бет бұрған тәріздіміз.

Қысқаша қорытқанда, осы жоғарыда аталған жағдайлар Сұлтанмахмұт Торайғыровтан қалған бай мұраны жете танып, дұрыс бағалауға мүмкіндік бермей келген еді. Сол себепті, біз көбінесе, бұрын салынған сүрлеуден таймай, ұзақ жылдар бойы қалыптасып үлгірген кемістіктер мен қате түсініктерден арыла алмадық. Осыдан барып, сан жағынан қомақты көрінген ғылыми зерттеулері-

міздің сапасы жақсармай бәз қалпында қалып қойды. Ендігі міндет қазіргі бар мүмкіншілігімізді орынды пайдаланып, ақынның творчествосына әділ баға беруіміз қажет.

• • •

Соңғы кездегі деректерге қарағанда Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 28 октябрьде бұрынғы Омбы уезі, Шағырай болысы, Жантай ауылында (қазіргі Көкшетау облысы, Қызылту ауданында) дүниеге келген. Болашақ ақынның әкесі Шоқпыт (шын аты Әбубәкір) момын, кедей шаруа болған. Ол жоқшылықтың зардабынан, сонымен бірге ауыл арасында жалшылыққа жүруді ар көріп, Омбы төңірегіндегі жездесін, Шабардың баласы Қанапияны паналап келеді де көп жылдар бойы соның жылқысын бағады. Апа-жездесі тағы да сүйек жаңғыртпақ болып, Шоқпытқа Шаншар баласы Жабайдың Зүфнүн деген қызын айттырып, алып береді. Содан Сұлтанмахмұт, Бәшен деген екі ұл туады. Сөйтіп, Сұлтанмахмұт 6 жасқа шыққанға дейін бай нағашыларының ауылында өседі, бірақ үш жасында анасынан жетім қалып, әжесі Мұнтай бәйбішенің тәрбиесінде болады. Қайнында жүріп, шаруасын аз-кем жөндеп алған соң Шоқпыт өзінің туған жері — бұрынғы Семей губерниясы Кереку уезіндегі Баян тауына көшіп келеді. Міне осыдан былай қарай Сұлтанмахмұттың балалық шағы сұлу Баянның қойнауында өтеді.


Сырт қарағанда аңқау, момақан көрінгенмен, тумысында зерек, ұғымтал баланы әкесі қайтсе де оқытып, жұрт қатарына қосуды арман етеді. Әуелгі

кезде өз білгенін үйретіп қара танытса, кейін оны көп молдалардың алдын кезек-кезек көрсетіп, әйтеуір оқудан үзбейді. Ақыры Сұлтанмахмұт 13 жасқа шыққан кезінде Мұқан деген молдадан оқи бастайды. Ол қазақтың көне әдебиетін көп білетін, өзінің де аздап өлең шығаратын өнері бар адам екен. Мұқан молда бірде араб-парсы хикаялары мен қиссаларын қазақ тіліне аударатын болса, тағы бір сәтте өз төңірегіндегі таныстарының бірін мадақтап, екіншісін мысқылдап өлең шығаруды машық етеді. 13 жасар Сұлтанмахмұт та ұстазына еліктеп, құрбы-құрдастарына сықақ өлеңдер жаза бастайды, бірақ оның алғашқы тырнақ алдылары сақталмай жоғалып кеткен. Ауыл көлеміндегі құнарсыз оқу немесе дін схоластикасы жас шәкіртке ұзақ уақыт азық болуға жарамайды. Ол Баянға келіп, сонда медіресе ашқан Әбдірахман молданың үйінде жатып оқиды. Бірақ мұнда да ол білімге қана алмайды, қатал молда Сұлтанмахмұтты үйдегі қол балаға айналдырып, отын жарып, су тасудан көз аштырмайды. Оның үстіне Әбдірахман молда өлең жазу үлкен күнә деп санап, жаңа қанаттана бастаған жас ақынның бетін қайтарып, азды-көпті жазып келген өлеңдерін отқа өртетеді. Ақыр аяғында жас шәкірт молдасының қысымына шыдай алмай оқуын тастап кетіп қалады. Бірақ ол білім іздеуден танбайды. Рас, біраз уақыт Сұлтанмахмұт діни оқудың әсерімен құранды жаттап, қари болғысы келеді, аузында зікір, мойнында тұмар, қолында таспығы түспей жүреді. Дегенмен зерек жас дін торына ұзақ кіріптар болмайды, жаңа заманның лебі ескілікке өрттей

195451

тиіп, тың дүниенің сиқырлы есігін ашқандай болады. Осы қарсаңда Сұлтанмахмұттың бағына Троицкіден жаңа тәртіппен оқып келген Нұрғали Таушыбаевпен кездесіп, жасы 19-ға келіп ересек болып қалса да, одан құштарлана сабақ оқиды. Әліп-би, иманшарт немесе басқа да дін оқу кітаптарына мүлгуді, құрғақ жаттауды қойып, ыждағатты шәкірт ғылым пәндерін өтеді, география, тарихпен танысып, сабақтан бос кезінде ұстазы алдырып тұратын татарша газет-журналдарды емін-еркін оқиды. Осы күнге шекті діни оқудың шырмауында босқа адасып келгенін жақсы түсінеді де, одан ада-жуда тез безіп шығады. Жаңа оқуға бар ықыласымен беріледі де, тез арада өзінің көзі ашылып, көкірегі кеңі түскенін сезінгендей болады. Енді Сұлтанмахмұт ауыл арасының оқуын місе тұтпай, шаһарға барып, ғылым-білім дариясына шомсам екен деп арман етеді. Бір кезде молдасының айтуымен «күнә» санап, қойып кеткен ақындық өнеріне қайта оралады. Дұғалық пен тұмарды қастерлеген шәкірт енді сол молдалардың сұмдық қылықтарын әшкерелеуден тайынбайды.

Жас ақынның алғашқы қадамында не жазғанын тура айту қиын болса да, оның сол кездегі өмірі мен тілек-арманына сай қандай тақырыптарға бой ұрғанын тану шындықтан онша шалғай кете қоймас дейміз. Өйткені Сұлтанмахмұттың 1912 жылдар жазған, ешбір күдік туғызбайтын өлеңдері де біздің осы топшылауымызды дәлелдей алатын тәрізді. Өмір жолы ашылып, арман-тілек қолын бұлғап шақырғандай болғанмен Сұлтанмахмұттың алдында тұрған кедергілер



әлі де жеткілікті болатын: жақын маңдағы мектептердің жайы мәлім, олардан сусын қандырып, азық болар білім ала алмайсын, ал шаһарға баруға қол қысқа, қаражат аз. Дегенмен одан-бұдан амалдап сексен сомдай ақша тауып, қалашыларға селбесіп, Сұлтанмахмұт Омбы барады да, одан Троицкіге тартып отырады, өйткені сол бір жылдар қазақ жастары, көбінесе, оқуды Троицкі мен Уфа қалаларынан іздейтін еді. Талай қиыншылықтарды көріп, кездескен кедергілерден өтіп, Троицкідегі медресеге орналасады, бірақ жас талапкердің сорына көзі трахома болып ауырып, зарығып жүріп түскен оқуынан шығып қалады. Жығылған үстіне жұдырық дегендей осы кезде Сұлтанмахмұтқа жөтел пайда болады. Ол бар күшін салып, докторға қаранып көзін жазса да, бұл кезде қаражаты таусылады, елдегі әкесіне хат жазып көмек сұрауға тура келеді. Сөйтіп, 1912—1913 жылдың қысын оқумен сол Троицкіде өткізеді.

Аздап болса да білімі молайған сайын Сұлтанмахмұт әрі қарай оқып, тереңірек бойлай түсуді арман етеді, орысша да оқығысы келеді. Бірақ жасы 20-ға толып, ересек тартқан жігіттің орыс мектебіне кіруге мүмкіндігі болмайды. Ол, бір жағынан, жасы асып кетсе, сонымен бірге, жоғары класқа түсуге орысша білімі жетпейді. «Жазған құлда шаршау жоқ» дегендейін Сұлтанмахмұт қайтсе де оқымақ болып, қаражат табу үшін Троицкі маңындағы қазақ ауылдарына шығады да бала оқытады. Күзге қарай Троицкіге қайта оралады, бірақ оқуға түспей 1913—1914 жылдың қысына «Айқап» журналында хатшы бо-

лып қызмет атқарады. Алайда, неге екені белгісіз, мұнда көп тұрақтамай, тегі сол журналдың ұйымдастырушысы, әрі редакторы Мұқаметжан Сералинмен пікірі үйлеспеген болу керек, қызметінен босанады. Ақын сол кезде жазған хаттарында өзі де ашып айтпайды: «мен өз пікірімді дүниеге шығаруға кісі бетіне қарамадым. Мақмұт қай бір адамның көңіліне қарайтын адам? Сондықтан келісе алмадым». Тағы бірде өткенге өкініп «Айқапта» тұрған мұйнеттерде бүкіл ғаламға өзім не болғандай көтерілдім. Ойлап қарағанда, ақымақтық болмаса, көтерілетін не бар еді?» деп жазады. Қысқасы, М. Сералинмен қай мәселеде келісе алмағаны жөнінде анық мәлімет жоқ. Рас, кейбір әдебиет зерттеушілері мұның түп себебін ақынның журнал бетінде жарияланған бір өлеңіне байланысты «Айқап» пен «Қазақ» газеті арасында болған талас-тартыстан көргісі келеді. Қалайда Сұлтанмахмұт күрделі бір мәселеде редактормен келіспеген болу керек. Әйтсе де «Айқап» журналында болған аз уақыттың өзі ақын творчествосының ең бір жемісті кезеңі дей аламыз. Бірнеше өлеңдер мен мақалаларын жариялап, «Қамар сұлуды» жазғанынан басқа С. Торайғыров осы кезде «Тентектің жинаған шоқпары», «Тамшы» деген өлеңдер жинақтары мен қазақ әкімдерінің тұрмысынан алынған үш перделі пьесаны аяқтайды, бірақ оларының бәрі де дерексіз жоғалып кетеді.

Сөйтіп, 1914 жылдың жазында Сұлтанмахмұт өз еліне келіп қоғамдық жұмысқа араласпақ болады. Елдегі жастарды өнер-білімге тарту мақсатымен ол «Шоң серіктігі» атты мәдени ұйым

ашуға талаптанды, бірақ онысынан жөнді нәтиже шықпайды, қаржы жинай алмайды. Бұл кездегі әрекетін ақын былайша баяндайды: «1914 жылы жеті жолдаспен өзімді «қазақшылық» айнасында көру үшін бардым. (Шорман ауылына барғанын айтып отыр.— Ы. Д.). Жолдағы елде менің көлеңкемді сыртымнан есітіп, бадырайтып көрсетпеген ел жоқ, іздеп барған Садуақас барған жерден мені түссіз буа сөйледі. Мен ауыл оныкі һәм үміт болған соң, таза жауап қайырмай, ұтқызыңқырап отырдым. Бәлкім онан гөрі ылтипатсыз отырдым. Жанаспайтын ауыл екен деп елдегі жайшылық қалпымды бұзбадым. Білдім: ол ішінен менің бұл мінездерімнің жалғызын жақтырған жоқ, бояма қалыпта жылтырады. Жүрерде осы бойынша аттансам қалпе деп ойлар һәм боямаға алданбағанымызды білдірейін деп:

Шоң, Шорман едік,
Бір-бірімізге қорған едік.
Шоңның, Торайғырдың көк жапырақтары
Бұтағыңа келіп қонған едік.
Онымызға қарай сізде «кім келін,
Кім кетпеген ауыл едік». —
Деп бауырлығыңды білдірмей,
Арқаңның жауырлығын білдірдің.
Шоң, Шорманға бастамасаң да,
Ылтипағыңнан тастамағаныңа рахмет!—

«хош»,— деп қолын ұстап, амандасып жүре бердім. Жолдастарым: «құрметтеді» деп, былай шыққан соң мақтасып, сөйлескенде, менің жаным ауру, жайым жайсыз еді. Мұнан былай:

Малға басым имеске,
Рия тонын кимеске,
Кісінің құрметін сүймеске.

Өз ісіме тимеске,
Кісі тіліне ермеске,
«Қазақшылыққа» енбеске,
Аштан өлсем, адамға
Намысымды бермеске,
Май тамызса тілінен,
Еш адамға сенбеске,
Өз ақылымнан басқаға
..... көнбеске.
Кәміл уағда етілді...»¹⁾

Осы бір үзіндіде сол кездегі қазақ ауылының болмысын, Шорманның Садуақасы секілді басшы саналып келген адамдардың шын сиқын Сұлтанмахмұттың бұлжытпай анық танығаны көрініп-ақ тұр. Қалың бұқараны мәдениетке жеткізіп, ел қатарына қосу үшін қаншама күш пен жігер керек, оның үстіне әуелі Шормановтар тәрізді халқын әлдеқашан шен мен шекпенге сатып, ғасырлар бойы езіп-жаншып келген қорқаулардан құтылу шарт. Ақын «Шорман аулына бару бықсыған шаланы күлге көму секілді болды...» деп бай-шонжарлардың филантропиясынан мүлдем күдер үзсе де өз басы құр алақан қайтқан жоқ. Ең алдымен, ол «ел жақсылары қарасады, көмектеседі» деген қияли ойдан, бос сенімнен арылды, оның бер жағында, Садуақасқа жауап ретінде өзінің «Бір адамға» деп аталатын өйгілі өлеңін шығарып қайтты.

Ел ішінде тұрақтарлық еш нәрсе таба алмаған соң Сұлтанмахмұт тағы да Семей келіп оқу іздейді, қаражат жинау қамына кіріседі, ақынның өз сөзімен айтсақ «Семейде қорғалауға бұта тапқызбады». Сол кезде жазған бір хатында: «Қатонқарағайға кеткенім ызаға

¹⁾ Сұлтанмахмұт Торайғырұлының толық шығармалар жинары, Қызылорда, 1933, 16 бет.

шыдамай, ең шыны, күн көру үшін, қолымдағы қаражатым Семейде бір-ақ ай тұруға жарайтын болды. Семей қанша айтқанмен, қалалы, сынды жер ғой, арасында кем көрініп жүргенше, парықсыз қазақ арасына кетейін деп ойладым»² делінген.

Семейде не лаж етуге білмей дағдарып жүрген шағында Сұлтанмахмұт Өскемен уезінде тұратын Әбдікәрім Ережепұлы деген біреумен танысады да сол елде бала оқытуға келісіп, еріп кетеді. Бір жағы қымыз ішіп, таза ауада болып ден саулығымды жөндеймін бе деген үміт те жетектейді. Әбдікәрімнің өзі заман тілегіне түсінетін, көзі ашық, балаларын орысша оқытады екен. Сұлтанмахмұттың іздегені алдынан шыққандай боп көрінеді, сол школдың учителінен өзі орысша оқымақ болады, бірақ тағы да көзі ауырып, не оқуға, немесе оқытуға жарамай біраз уақыт бос жүреді. Көп ұзамай көзі тәуір болады, ел ішінде күтімі де түзеледі. Енді Сұлтанмахмұт өзі орысша үйреніп, әрі балаларды оқыта жүре, ақындық өнерін де ұмытпайды: қазақ тұрмысына арналған көлемді шығарма жазуға ойланады. Бұған бір жағы сол кезде «Қазақ» газеті бетінде жарияланған Мамановтардың романға тіккен бәйгесі де себепкер болады. Алайда, Әбдікәрім үйінде тұрған кезінде ақынның роман жазуға мүмкіндігі бола қоймайды. Өйткені Сұлтанмахмұт жалынды жас жүрегімен Әбдікәрімнің қызы Бағила сұлуды сүйеді. Қыз әкесі Бағиланы бұрын атастырған жеріне жедел ұзатып жібереді, Сұлтанмахмұт

²) Сонда, 17 бет.

таныс біреуге ілесіп Зайсанға кетеді. Сонда Мәуліт Шамсутдинов дегеннің үйінде екі ай шамасы жатқан кезінде «Әжібай болыс» (немесе «Кім жазықты?») деп аталатын көлемді де көрнекті шығармасын аяқтайды да, оның қолжазбасын «Қазақ» газетінің басқармасына бәйгіге жібереді, бірақ қолжазба үштікүйлі жоғалып кетеді, қазір біздің қолымызға келіп жеткені «Кім жазықтының» өркімнің көшіріп алғанынан үзінділер, толық нұсқасы сақталмаған.

Тұрмысының жайсыздығы, өрі Бағиланың күйігі, сарылып сарғайып қағаз жазу Сұлтанмахмұтқа ауыр тиеді, тағы да жөтелі күшейе түседі, қатты жүдейді.

Алайда өнер ізденуден әсте жалықпаған Сұлтанмахмұт қайғы-шердің қапасынан арылып, тағы да тіршілік қамына кіріседі, ел арасына шығып, қаржысын молайтып алғаннан кейін жаңа үмітпен оқу жолына аттанбақ болады. Бір танысы арқылы Қыдыр молдамен кездеседі де Сұлтанмахмұт бұл жолы бала оқытуға Тарбағатай тауындағы Терісайрық болысына шығып кетеді. Сол елдің белді адамы Құрбан қажының ауылында бір жыл шамасы тұрады.

Өз есебі бойынша едәуір қаражат жиналатындай көрінсе де іс жүзінде Сұлтанмахмұт оқуын жалғастыру үшін қалаға кете алмайды. Өйткені 1916 жылғы әйгілі оқиғаға байланысты Тарбағатайдағы елдер Қытайға қопарыла көше бастайды, Сұлтанмахмұт өзіне тиісті ақшасын түгел ала алмай, оның үстіне өз қара басының қамын ойлап августың бас кезінде Семейге келеді. Мұнда да көп тұрақтамайды, орыс тілін жөнді білмеуі тағы да кедергі жасап, семинарияға

түсе алмай, еліне барып та пана таппай, ақыры Томскіге жүріп кетеді.

1916—1917 жылдың қысын Сұлтанмахмұт Томскіде өткізеді: көп қиындықты басынан кешіріп, бір жағы сырқатының беті қайтпаса, сонан соң, жоқшылықтың да тақсіретін тартады. Февраль революциясынан кейін ол Томскіде отыра алмай март айының бас шенінде Семейге келеді де, сол кезде ғана құрылған қазақ арасында жұмыс істейтін облыстық комитетке мүше болады, сонда кіші хатшының қызметін атқарады. Демек, дүрмек үстінде жас ақын ұлтшылдар тобының ішінен бір-ақ шығады, «Алаш ұраны», «Таныстыру» секілді ұлтшылдық сарындағы шығармаларын жазады. Сұлтанмахмұт халық үшін қызмет атқарып жүрмін деп адасады, біраз уақыт алашордашылардың ықпалында болады. Күн-түн демей кеңседе қағаз басты боп жүріп, Сұлтанмахмұт сырқатын мүлдем асқындырып алады, қатты жүдейді де лажсыздан ел арасына қымыз ішуге шығады. Бірақ, елде де бойын бағып, тыныш жата алмайды, ауыл арасындағы сан алуан қиянат, жәбір-жапа, әділетсіздіктерге қарсы күреседі. Ден саулығына ешбір өзгеріс болмаған соң елде жата берудің бабын тағы таппай Сұлтанмахмұт октябрь айының қарсаңында қайтадан Семейге оралады, бір жағынан оқу оқып, сонымен қатар газет жұмысына араласады. Баяғы сырқаты меңдей бастайды. Дегенмен оқуға түсу ниетімен тағы да Томскі қаласына жүріп кетеді. Томскіге барғанда дәрігерлер оқу оқуға болмайтынын кесіп айтып, еліне қайтуға мәслихат береді. Тобықты арасына барып, қыс бойы қысыр сауғы-

зып, қымыз ішсе де меңдеп алған ауру бой бермейді. Әйтсе де, Сұлтанмахмұт елде жатып жазған өлеңдерін, мақала-хабарларын газетке үзбей жіберіп тұрады.

1918 жылдың апрелінде Сұлтанмахмұт Семейге қайтып келіп, тағы да дәрігерлерге көрінеді, енді аурудан айықпасына әбден көзі жеткен соң өз еліне, Баянтауына оралады. Сырқатына қарамастан ел арасындағы дау-жанжалға араласып, жарлы-жақыбайларға араша түсіп отырады. Сұлтанмахмұт ауылында жатып кітаптарды көп оқиды, өз бетімен білімін толықтыра түседі, орыс тілін еркін меңгермесе де орыстың классиктері, ой иесі данышпан адамдарының еңбектерін түсініп, құштарлана оқиды. Осы қарсаңда өзінің белгілі поэмаларын «Адасқан өмір» мен «Кедейді» жазады. Өзінің ұлтшылдарға ерген кезеңіне ақын сын көзімен қарап, қателескенін сезінеді, халық алдындағы зор борышымды ақтай алмадым ба деп торығады. Ауру да бір жағынан жегідей жеп, оның ойлағанын жедел орындауға тізгіндеп жібермейді. Сұлтанмахмұттың соңғы тілек-арманын, ақырғы күндерін бейнелейтін деректер өте аз сақталғандықтан, ақынның төңірегінде болған адамдардың естеліктері дер кезінде қағаз бетіне түсіп үлгірмей, жылдар өткен сайын жаңа детальдар жамалумен бірге қисынсыз жорамалдар туа бастағандықтан қазір шындық пен қиялдың шегі қайда екенін табудың өзі оңайға түспейді. Осыған орай ақын өмірі жөнінде сан алуан жорамалдар бар: біреулер оны ұлтшылдар ықпалынан мүлдем шықты, өзінің бұрынғы демократтық бағытына көшті, керек де-

сеңіз, марксизмді түсінуге жақындап қалды десе, екіншілер, жоқ, ол сол адасқаннан мол адасты, ақыры қайда саяларын біле алмай тоқырап қалды, есін жинап, қателерін тексеруге мүмкіндігі болмады деп кесіп айтады. Үшінші бір зерттеушілер Сұлтанмахмұт өмір сүрген кезеңнің күрделі екенін, оның басындағы трагедиялық жайды ескермей, ақынды бірыңғай мадақтаудан аса алмағанын көреміз. Әрине, осылардың бәрінде де бір жақтылық, үстірт қараудың салқыны бар, мұндай жағдайда ақынның шын бейнесін тани отыра, оның әдеби мұрасына әділ баға беру оңай емес. Дегенмен біз ақынның өмірі мен шығармаларын мұқият зерттеу арқылы шындыққа жетуге, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қазақ мәдениетінен алатын орнын әділ көрсетуге міндеттіміз.

1919 жылдың аяғында Сібірде Колчак үкіметі құлап, қызылдар Керекуге келіпті деген хабарды естігенде Сұлтанмахмұт ауру күйіне қарамастан, аласапыран кезең екенін де елемей 200 шақырым жердегі қалаға салт атпен барады. Онда қызыл әскердің командирі Жигеревке жолығып, жаңа орнаған өкіметті құттықтайды. Көп ұзамай Сұлтанмахмұт кеңес өкіметін, оның саясатын түсіндіруге ел ішіне шығады, сайлау ісіне араласады. Бірақ ақын сырқаты меңдеп төсек тартып жатып қалады, өзі ойлағандай халқына қызмет ете алмайды.

Ақыры, 1920 жылы 21 май күні Сұлтанмахмұт Торайғыров тіршілік дүниесімен біржола қош айтысады.







ТАЛИПТАРҒА *

(Шәкірттерге)

Миллеттің кел майданға, талиптары!
Дерті бар, дәрмені жоқ, ғарыптары!
Оқыған жастарының арқасында
Көз ашты көрші жұрттың халықтары.

Көрдің бе миллетінді ұйқы басқан?
Тебіренбей жер қозғалып, жарылса аспан.
Ойлайық бәріміз де миллет қамын,
Бірігіп, ынтымақтан еш қалмастан.

Миллетке бек зор үміт — шәкірт халқы,
Ат болса да, біздерде жоқ қой қалпы:
Жабыстық көрінгеннің етегіне
Бір бақас жаттап алып шала-шарпы.

Кейіміз пәнді оқу — арам дедік,
«Хашия»** жаттап, ұжмаққа барам дедік,
Бұрынғы тақыр талас қалпымызда
Атаның жолын қуып қалам дедік.

Кейіміз халық ұйқысын ашам дедік,
Ұмтылып ілгері аяқ басам дедік.

*) Талип (арабша) — шәкірт деген ұрымды білдіреді.

***) Хашия (арабша) — түсінік деген сөз. Бұл жерде кітап аты.

Ата тұрсын, бабаның жолы болсын,
Залалды жолдан безіп қашам дедік.

Дөңінен надандықтың асам дедік,
Миллетке раушан нұр шашам дедік.
Үйреніп әрбір түрлі өнер-ғылым,
Теңіздей дария болып тасам дедік.

Кейіміз сәлде, шапан кием дедік,
Сүзіліп басты төмен ием дедік.
Ақпейіл адалсынған сопы жан боп,
Сүйтіп-ақ підие* зекет** жиям дедік.

Кейіміз оны көріп, оған ердік,
Аздан соң оны тастап, бұған келдік.
Көңілді ешбіріне бой салғызбай,
Тоқтаусыз ортасында аттай желдік.

Кейіміз тиіп қашпа алаңғасар
Қылдай сөзді таудай ғып жұртқа шашар.
Жанды қиған кісі боп жылтыраймыз².
Кісіні мықтап сайлап үркіл қашар³.

Білеміз ынтымақсыз іс оңбайды,
Тартынып шу-шулеткен кісі оңбайды.
Бізде бар аққу, шортан, шаян қалпы⁴.
Біздің іс бүйтуменен еш оңбайды.

*) Підие (арабша) — өліктің басына азық, яки соның құнына шағын шығарған садақа.

**) Зекет (арабша) — ислам шариғаты бойынша мал санына берілетін садақа.

Миллеттің кел де бірік, ал жастары,
Қызмет қыл, өткір қылыш алмастары!
Бәріміз қуат қосып бірге тартсақ,
Анық қой надандықта қалмастары 5.

1912:



ОҚУДА МАҚСАТ НЕ!

Оқуда мақсат не: Медреседе жату ма,
Ескі нұсқа бақастарды татуға;
Қанша жыл Хашия мен Мантиқ * шайнап,
Керілдесіп шатуға.

Көп жатып «хатымкәрда» ** есімін алып,
Елге апарып сатуға?
Ә! Бұлай болса керек енді:
Сәлде, шапан киюге;
Мүрит *** болып ишанға бас июге,
Жас басымнан таулықты **** сопы болып,
Сол есіммен тоқты-торым жиюға.

Яки мақсат: молда атанып төрге отыру ма,
Ет, қымызға қарнын толтыруға;
Підие, зекет, пітірге ***** қапшық болып,
Миллетке микробтігі тие отыруға?

Бұлардың бар тапқаны көзін сату,
Кім өліп, кім жіткенін аңдып жату,

*) Мантиқ (арабша) — сөз, логика деген ұғымды білдіреді. бұл жерде кітап аты.

**) Хатымкәрда (арабша) — белгілі бір оқу орнын бітіруді айтады.

***) Мүрит (арабша) — пірге қол тапсырған адам.

****) Таулықты (арабша) — бір нәрсенің анық-қанығына жеткен кісі.

*****) Пітір (арабша) — ораза тұсында адам басына берілетін салмақ.

Білмесе де әлхамның ғибарасын*,
Жемтік көрсе молдамын деп тістей қату.

Яки мақсат: тілмаш боп жем табу ма,
Жылтыратып сары түйме шен тағуға;
Кеміре-кеміре жыртылған жырық дорба,
Басқалардан қалғанын сен қағуға?

Яки мақсат: өнер, білім алуға,
Алға қарай баруға.
Намыстанып қорланып,
Хұқықтан махрұм** қалмауға.

Миллет көзін ашуға
Терістіктен қашуға.
Заманаға көз салып,
Аяқты жөндеп басуға.

Жақсы тұқым шашуға,
Дария Нілдей тасуға.
Микроб болған наданның
Пітіжелерін*** басуға.

Өнер тұқымын егуге,
Жарыққа қарай келуге,
Пайда, зиян айырсақ,
Жүре бермей жегуге.

*) Әлхам (арабша) — құран аяты. Әлхамның ғибарасын білмеу, құран-ның қарасын тапымау.

**) Хұқық (арабша) — право, махрұм калу — құр қалу деген сөз.

***) Пітіне (арабша) — бұзықтық, бас бұзарлық.

Отанымызды сақтауға
Ақиқатты жақтауға,
Біз де басты көтерсек,
Қала бермей таптауда,
Рақат өмір жасауға,
Бәліш болмай асауға.

Кім дейсіз әр халықты тентіреткен:
Әуелгі үш түрлі оқу түпке жеткен,
Бұл үшеуі көзі батып көмілгенде,
Кейінгі жалғыз мақсат көкке жеткен.

Демейміз оқымады біздің халық,
Болса да, оқу — анық, мақсат — танық,
Болса егер ойларыңда соңғы мақсат²
Еш мұндай болмас еді артта қалық³,

1912.



АНАУ-МЫНАУ

Анау қырда татар тұр,
Басқалармен қатар тұр.
Мынау ойда қазақ тұр,
Қастарында азап тұр.

Ұйқысы көп, ояу аз
Бұл не деген ғажап тұр? ¹
Бұл ұйқысын ашпаса,
Надандықтан қашпаса ²,
Басқаларға мазақ тұр.

Мынау жерде хадим ^{*} тұр,
Қарқарада жаны тұр,
Ілініп-салынып әлі тұр,
Бірес күндік халі тұр.

Анау жерде жадиттер ^{**},
Одан біздер үміткер,
Олардан тәлім алмасаң,
Көрген күнің болар тар.

Мынау терде ишандар,
Аузы-басы қисаңдар.

^{*}) Хадим (арабша) — бұл жерде ескі оқу.
^{**}) Жадит (арабша) — жаңаша, төте оқу.

Ат-тоныңмен жүтады,
Аузына егер сыйсаңдар.
Миллет қайда, дін қайда?
Селкілдесең тым пайда
Тоқты-торым жисаңдар.

Орталықта молдалар
Алдыңа түсіп жорғалар,
Нашарларға жарып сап,
Бай алдында қорғалар.

Анау қырда жастар тұр,
Алға қарай бастап тұр.
Оян-дағы тез жүр деп,
Дамыл таппай қақсап тұр.

Аңдыған оны қастар тұр,
Көңілі соқыр мастар тұр.
Атайын деп толтырған,
Қойындарында тастар тұр.

Мұңайып солып қыздар тұр,
Арқаларында ызғар тұр.
Қызыл көзді қақпас шал,
Үсті-үстіне беріп мал,
Жүзі сары соғылған
Сорлы қызға ызбар тұр.

Жасты шіріткен шалы тұр,
Бір борандық малы тұр.
Аузын ашып әкел деп,
Болыс, билер тағы тұр.

Төр алдында мырзалар
Көп мақтаса ырзалар.
Миллет десе түксиіп,
Сайлау десе қызбалар.

Босағада нашарлар
Одан әркім қашарлар.
Көзін сатып телміріп,
Кәсіп қылмай жасарлар.
Бай несие берді деп,
Мені жақсы көрді деп,
Обь пен Нілдей тасарлар⁴,
Бір екі-үш ай өтпестен,
Жыл уағы жетпестен,
Борыш басын басарлар.

Ая^{*}, талип, шәкірттер⁵,
Дәрменсіз дертті кәріптер,
Міне, қалай миллетің
Тырысып өнер алып қал.
Ұйқысын аш, көңілін аш,
Алға қарай барып қал!

1912.



^{*}) Ая (арабша) — «ей» деген ұғымда қолданылады.



ҚАНДАЙ

Туғандар, жүрген қандай, жатқан қандай,
Жатқан сайын жамбасқа батқан қандай?
Ақ нұрды жарқыраған от деп ұғып,
Білмей жатып таспенен атқан қандай?

Тағы да жүрген қандай, тұрған қандай,
Көңілді заманаға бұрған қандай?
«Сақта» деп қозғалмастан жата беріп,
Шалшықтай күнге қызып құрыған қандай?

Ұмтылып ілгері аяқ басқан қандай,
Пән оқып, тараққиға * асқан қандай?
Басқалар жанын салып ұмтылғанда,
Басымыз шоршып түсіп, қашқан қандай?

Өнерге іші-тысы толған қандай,
Ішінде жаһалаттың ** солған қандай?
Жиырма жыл медреседе дауам етіп,
Қапшығы садақаның болған қандай?

Сәлдені оқшырайта киген қандай,
Сүзіліп басты төмен иген қандай?

*) Тараққи (арабша) — даму, ілгерілеу деген сөз.


**) Жаһалат (арабша) — надан деген ұғымды білдіреді.

Алатын тоқты-торым кеми ме деп¹,
«Батыл» * деп ақиқатқа тиген қандай?

Пітнені үсті-үстіне үйген қандай,
Миллеттен он тиынды сүйген қандай?
Қан қайнап бұл халдердің баршасына²
Дәрменсіз дертті болып күйген қандай?

1912.

*) «Батыл» (арабша) — өтірік,
жалған деген сөз.






АРАБШАДАН

Түзелсін көңілі әуліккен адам қайдан:
Әуесі судай толқыр аққан сайдан.
Қадір-құрмет, дәреже оңдылықта¹
Ойлайды: «соңғы мен», деп, бір құдайдан².

Нәпсіңді шұғылдандыр, жатпа босқа,
Ашуды қой, серік бол ақыл — досқа.
Егер де бетіменен қоя берсең,
Сені ол шұғылдандырып қылар шошқа³.

1912.



МАҒЫНАСЫЗ МЕШІТ

Мешіт көзге көркем, өзі биік
Тұрады жұмасына жұрт жиылып.
Ғибраттанып * борышымды өтейін деп ¹,
Мен бардым шаттықпенен көңілім сүйіп.
Қасіретті қара толқын қайғы керіп ²,
Қан қайнап өзер шықтым, ішім күйіп.

Білмеймін ол не нәрсе тұрған зарлап,
Қулардай құрт жинайтын халықты алдап.
Жұрт отыр ұйықтайын деп қалғып-шұлғып,
Түсінбей дауысты естіп айтқан сарнап.

Сарнады, маңырады, даңғырады.
Кейуақыт уата-уата саңғырады.
Анда-санда тартады қатты-қатты,
Көңілім сезбей, бастарым қаңғырады.

Жұрт отыр жуан созған дауысты аңдып,
Бір сөзді де ұға алмай текке қаңғып.
Қарға ма қарқылдаған, яки бұлбұл,
Біле алмай мен отырдым бұған таң ғып.


* Ғибрат (арабша) — үлгі-өнеге деген сөз.

Айттым деп ол ойлайды құдай сөзін,
Айтты ма, алдады ма жұрттың көзін,
Түсіндірмей, сырнайша құр әндет деп,
Құдай қашан сайлапты оның өзін?

Ішімнен мен ойладым: «Құдай,— дедім,
Міне миллет рухы былай,— дедім.
Сарнауға қанша уақыт ысырап болып,
Өмір қарға, өттің бе жылай»,— дедім³.

Бұл өмір һәмма ислам жерлерінде⁴,
Бегіректе* сахрадағы елдерінде.
Мәденимін деп жаңарған шаһарлардың
Қалған жоқ, асулы жүр белдерінде.

1912.



*) Бегіректе (татарша) — өсіресе, айрықша деген сөз.



ЖАРЛАУ

(жұртыма)

Құрметті қазақ байдың баласына,
Кіші іні, жасы үлкен ағасына.
Біз де сол жұрт не болса, боламыз деп,
Сахраның ұйықтай бердің даласында.
Миллетке жәрдем деген сөз айтылса,
Тығылдың көрден көрдің арасына.
Партия, дау-жанжалдың шеті шықса,
Мал тұрсын аямайды баласын да.
Ғылым, өнер, хұқықтан жұрдай болып,
Мәз болдың иттей үрген таласыңа.
Жөн мынау, теріс мынау дегендердің
Ұмтылдың тұра сала жағасына.
Боласың бір міні жоқ аппақ кісі,
Барлықты заманаға жабасың да.
Мінеки, құдай сүйген пейіліміздің
Аз берген жақсы құдай жазасына.
Серпілмей тағы біраз ұйықтай түссек,
Басқаның құл болармыз қаласына.

Тағы да қазақ байдың жастарына
Әулекі, ішпей болған мастарына.
Білім, өнер табуды керек қылмай,
Мәз болдың ырғақ-ырғақ басқаныңа.

Тимеді сол себептен жалғыз тамшы
Ғаламға еркіндік нұр тасқанында.
Қарасақ басқалардың жастарына
Өнер, ғылым толып тұр бастарында.
Өзіне от, жел, суды жалшы қылып,
Алланың сайран етер аспанында.

Тағы да қазақ байдың қыз баласы,
Ешкімнің сенде жоқ қой өш, жаласы,
Солдырып сені осынша көп зарлатқан,
Атаңның шалдан алған бес қарасы.
Айыпсыз ата-ананың сіз баласы,
Түбінде тамам жұрттың сіз анасы.
Езді ғой кәрі шандыр тілегіңді,
Басқаның хан болғанда қыз баласы.

Қазады бес жасыңнан атаң орды,
Қарайды малы көпке оңды-солды.
Таз болсын, тазша болсын кеттің жылап,
Жігерсіз мұнша неден болдың сорлы!
Теңің тап, кемге барма, қор болма деп,
Шарифат, заң көрсетті саған жолды.
Миллеттің түзелуі сіздерменен,
Бұзып шық, солмай жылап, қалың торды.
Ыңғаймен ұялғансып кете барсаң,
Өзіңе өз обалың сонда болды.

Атаның сіз көнбеңіз алдауына,
Сүйгенсіп қарағым деп арбауына.
Қор қылды, оқытпады, надан қылды,
Ол аз деп шалға сатты жалмауына.

Ғалымдар бізден-дағы шығып жатыр,
Шалдардың түсірмейтін қармауына.
Сіздерді бұзылған деп ешкім де айтпас,
Алғыстар, тең емеске бармауыңа.
Жейтұғын заман өтті сіздерді алдап,
Мәжүждей * иіндерін жұлып, жалмап.
Жаныңа жалмау тұрсын жақын бармас,
Қазақтан оқушылар шықса андап.
Мінеки, ойланыңыз бастың қамын,
Мүшеңді талатқанша қолдап, сандап.

Тағы да қазақ байдың шалдарына,
Алпыста қыз алатын салдарына.
Тапқызбай оқу, өнер ұрпағыңды,
Бақташы өгіз қылдың малдарыңа.
Бар пайдаң тез-тез асап жеп бітіру,
Бір табақ ет тартылса алдарыңа.
Мүритке надан сопы басыңды ұрдың,
Жастарды «әзірейіл» деп жандарыңа.
Жетсе де басың жерге еш сезбейсің,
Пышақтың қалай кіргенін сандарыңа.
Бұлдайсын жөнсіз жерге сақалыңды,
Сүйтіп-ақ жүре бермей жайларыңа.
«Жастардың, әттең дүние, ісін-ай»,— деп,
Күрілдеп қараясың қандарыңа.
Жатсаңдар ішің кеуіп ауыра ма,
Тек тұрсаң тілеулес боп алдарыңа?

* Мәжүж (арабша) — ислам діні бойынша ақыр заманда пайда болатын бұзық халық.

Ол заман не де болса өтті, кетті,
Біздерді мұндай пейіл тентіретті.
Өткендер қақсағанмен қайта келмес,
Көз ашып, сөз қосатын уақыт жетті.

Бұл күнде бастаушылар шықты бізден,
Солардың айрылмайық салған ізден.
Басшының соңынан ер, айтқанын қыл,
Тілейтін бар тілегім осы сізден.

1912.





МЫСАЛ

Бір жерде бір бас қосқан жиын, топыр,
Ішінде бір бишара көзі соқыр.
Алдар деп көзі бардың соңына ермей,
Жоқ болған жарға құлап байғұс соқыр.


1912.



БІР БАЛАНЫҢ ТІЛЕК БАТАСЫ

Оқыт бізді, әкетай,
Қам көңілім болсын жай.
Надандықтан құтқарып,
Қуанта көр, құдай-ай!
Көңіл менен көзді ашып
Уанта көр, құдай-ай!
Аяндардың пітінесін!
Суалта көр, құдай-ай!
Надандықта қор қылма,
Миллетке бізді сор қылма,
Микробтарды зор қылма,
Рақым айлап, құдай-ай!

1912.



АЛҒЫС

Жанымды жарқыратқан, ағаларым!
Көп тиді біз — ініңе паналарың.
Талпынып, таянды ғой төбем көкке,
Жоқ еді қозғаларлық шамаларым.
Бақ пен тақ, жақсылықтан нұр құйылып,
Өмірлі болсын бала-шағаларың!

Жаным, тәнім, тілегім — бәрі сізде,
Онан басқа еш нәрсе жоқ қой бізде.
Бір құдай тілегімді қабыл етіп,
Жақсылық нұр жауғызсын, жұртым, сізге.

1912..



АРЫСТАН МЕН ТЫШҚАН

Ұйықтапты бір арыстан ай далада
Тыныштық алу үшін сай-панада.
Үстіне арыстанның ойнақтапты,
Бір тышқан іннен шығып сол арада.

Тышқан жүр сейіл құрып, ойнақ салып,
Бір уақыт жүгіріпті басқа барып.
Арыстан өлтіруге айналыпты
Басын басқан тышқанды ұстап алып.

Жалынды сонда тышқан: «Өлтірме! — деп,
Ағатай, маған зиян келтірме,— деп.
Бір қайтар менен-дағы бір жақсылық,
Азат қыл, байқамадым, өлтірме»,— деп.

Арыстан күліп айтты: «Сорлы тышқан!
Не жақсылық қайтады сен байғұстан?
Дүниеде саған қалған күнім құрсын,
Күшің кем жұдырықтай шыпшық құстан.

Жатасын қорыққаныңнан қазып жерді,
Күлдірдің болмасты айтып мендей ерді.
Күлдіріп көңіл ашқан ақың үшін,
Азат қылдым», — деді де, қоя берді.

Бір күні арыстаным торға түсті,
Үзем деп, ақырып, тулап, салды күшті.
Оралып шырматылды, шықпастай боп ¹,
Басына құдай берді мұндай істі.

Күн қайда құтылатын торды бұзып,
Бақырып ызаланды жерді сүзіп,
Дауысын танып баяғы тышқан келіп,
Құтқарды торды қиып, тістеп үзіп.

1912.





ЕКІ ТЫШҚАН

(Е. Тоқалдан)

Даладан екі тышқан май тауыпты,
Шығынсыз екеуі де жай тауыпты.
Жанжалдасып бұл майды бөлісе алмай,
Маймылға бөлдіруге көңілі ауыпты¹.

Білдірді бұлар барып маймылға өзін,
Айтысты арадағы жанжал сөзін.
«Қош келдің, таразым бар, өлшейін,— деп,
Жоғалтуға ойлапты майдың көзін².

Өлшепті бір жағына майды салып,
Анжағы көтерілді босқа қалып.
Бос жағы мен май жағын теңгеруге
Маймыл тықты аузына майдан алып.


Ақырын жеп бітіріп майлы басын,
Безбеннің тегістепті екі басын.³
Безбеннің бірдейлігін көзбен көріп,
Тышқан кетті ағызып көздің жасын.

Сорлының жанжалдасқан майы қайда:
Бермейді ешбір уақыт жанжал пайда.

Өз ара қосылмаса ынтымағың,
Жем болдың көрінгенге әрбір жайда.
Ендігәрі бірліктен айрылмасқа,
Тышқандар ант етіпті бір кең сайда.

1912.





КӨК ӨГІЗ

Көк өгіз көзге толық, денесі мол,
Басқадан өзін өзі көріпті зор.
Табын тастап қосылды жылқыларға¹
Сиырмен бірге жүрсем болам деп қор.

Дос болып өгіз, жылқы көп күн өтті,
Бұларға бір ордалы қасқыр келті.
Жанынан жылқы күдер үзген кезде,
Көк өгіз қасындағы келіп жетті.

Күжілдеп аузын ашып мүйіз шайқап,
Жылқыға жолатпады бәрін жайқап.
Жымып тұрған жылқылар үркіп қашты,
Қасқырмен айналғанын оның байқап.²

Жылқы кетті, бәлеге өгіз қалды,
Өкіртіп тамам қасқыр ортаға алды.
Даладан бір топ мешке даусын естіп,
Дүркіреп олар-дағы келіп қалды.
Әр бірі сүзді, қуды қасқырларды
Әйтеуір көк өгізді айрып алды.

Әпендім, ой жіберсең бұл бір ақыл,³
Бұрынғы көриелерден қалған нақыл.

Жынысы басқа жылқылар тастап кетіп,
Бәледен өз жынысы құтқарды ақыр.
Көкке жетсе, өз жынысын қорламасқа,
Бек нықтап тәубе қылған өгіз батыр.

1912.





ДОСТЫМА ҰМЫТПАСТЫҚ ҮШІН ХАТ

(Көңілдегі махаббатым)

Шын достым шыбынымдай Шайбайжан,
Болғанда біріміз жан, біріміз тән.
Болса да қырық жыл қырғын ұмытпаспыз,
Сонда да, біраз сөздің реті бар.¹
Жібердім «Зарландымның» жеті бөлімін
Жазуға одан артық келмеді хал.
Көңілге қиял қадар ала көрме,
Болады достың суы — достына бал.
... Дәрі ...болып дарияға барғаным жоқ:
Әртүрлі себептермен уақытым тар,
Шалқыды шар тарапқа сорлы көңіл,
Қайткенде еридi деп іштегі қар.
Сандалып жөн таба алмай зарығады,
«Құдайым атыра ма,— деп біздерге тақ?»
Әрнешік халдарымның бәрі мәлім
Достыңа хал-хадарша жәрдемің сал.
«Дүние дос, махаббатсыз мал секілді»,—
Деген сөзін Абайдың есіңізге ал.

Жер шетінде жүрсең де ықлас сізде,
Үнемі бірге жүру болмас бізде.
Қайнасқан жүректегі махаббатты
Ойыңнан тастай көрме әрбір кезде.

Жеткізгей мұратыңа қадір ием!
Жанумен отқа түспей ойға күйем.
Жан достым, бір-екі ауыз назым жаздым,
Көргенде босасын деп жүйе-жүйең.

Жүргейсің хат жазысып, хабар алып,
Жоғарғы сөз мазмұнын қарап алып.
«Жуан етік қазақта жұмыс аз» деп,
Жүрмеңіз тіліңізді қадап алып.

Жақсы, жаман болса да қаның бірге,
Өлсең де, тірілсең де тәнің бірге.
«Әркімнің өз аузына қолы жуық»
Егер де өлшестіріп салсаң кірге.

Бұл сөзді қастамаймын жалғыз саған,
Мысалы қурап қалған қазақ сабан.
Өзімшіл, өзге үшін жәрдемі жоқ,²
Жақынын жат көретін жаудан жаман.

1912.



ТҮСІМДЕ КӨРГЕН БІР АЯНЫШ ХАЛ

Мен көрдім қызыл гүлді түсі кеткен,
Тәнінен әлсізденіп күші кеткен.
Мағлұм бір түйткіл болып көптен,
Сол түйткіл қазір оған келіп жеткен.



Толып тұрған кеуделері от пен жалын:
Есітіп тұра алмастай айтқан зарын.
Аңғарттым бір-екі ауыз сөз мазмұнын,
Білдіріп зарлаған соң маған халін,

Түскендей бастарына қалың тұман,
Тағдырда жазылған соң осы... план.
«Жазмыштан озмыш болмас» деген сөзге,
Болса да түседі екен сайып қыран.¹

Толтырған қанды жасқа екі көзін,
Аядым ішім еріп оның өзін.²
Бір-екі назымменен мен өтейін
Жанымның жан досты деп айтқан сөзін.

Келместей түндегі ұйқы, батпастай ас,
Тағдырға бас иген соң шын гауһар тас.³
Көп жазып кеңіліңді ауыртпайын
Сонда да достың сыры достына паш.

Қазақты намыс деген тентіреткен,
Партия, дау мен жанжал түпке жеткен:
Намыспенен жанына қайғы шашып,
Егінін орсын енді, қолдан еккен.

Түсер деп сізге қапа, көп жазбадым,
Сонда да, тіпті, босқа тек жазбадым.
Дәрмен жоқ іс өткен соң не шара бар,
Құр ойбай пайда бермес деп жазбадым.

1912





СОҚЫР АҒАШ


(Альбомнан)

Мен көрдім соқыр ағаш басын иген,
Жаһаннамға^{*} кетеді оған тиген.
Заһәр деп жас алманы дұспан тұтып,
Мисыздар ол ұймақ деп барып сүйген.¹

Үстіне малы менен жанын үйген,
Хор қызын аламын деп алтынды үйден.
Қу соқыр жемісі жоқ ағашқа еріп,
Дүние мен ақыреті бірдей күйген.

1913

*1/ Жаһаннам (арабша) — дөзик деген сөз.



ДОСТЫМА ХАТ

Уай, дүние, қайда біздің өткен күндер,
Қызықты сауық-сайран еткен күндер?
Сарғая сағынып хатың көргеннен соң,
Түсті ғой еске келіп кеткен күндер.

Бірге өстік кішкентайдан асық ойнап,
Жарысып, қозы қуып, салып ойнақ,—
Солардың бәрі көрген түс секілді,
Бажайлап осы күнде тұрсам ойлап.

Ұйықтамай түн бойынша бірге жүріп,
Жан бірге, дүние бөлек дәурен сүріп.
Алдыңғы тіршіліктің қамдары үшін,
Салды енді заман шіркін бізге бүлік.

Бірге оқып ең әуелі «әліп-биді»,
Қосылып әнге салып «жұм» мен «сиді»,
Көрсек те ащы-тұщы, жаман-жақсы,
Сол кезде екеумізге бірдей тиді.

Ойға кіріп шықты ма зиян-пайда!
Дариға, сол күндегі көңіл қайда?
Жауыз дүние тұрмысы түрткеннен соң,
Ал енді, айрылмасқа бар ма айла?

Досыңды осы күнде қапа бұған,
Бұл қапа ащы маған ішкен удан.
Көз жайнап, ішім қайнап, дәрменім жоқ,
Ол мұнша сорлы болып неге туған?

Надан бол: жаным тыныш болсын десең,
Доңыздай етім семіз толсын десең,²
Болмаса талаптанып, оқу оқы!
Қайғыда ақыл-ойым солсын десең.³

Бәлініп ақылым алты, ойым онға,
Қол сермеп, құр жүгіріп, әрбір жолға.
Надандықта қалсын деп жаным тыныш,
Редакция қызметін алдым қолға.

Жан достым, қатты сағынам анда-санда:
Жүзіңді көргендеймін бармасам да.
Елегізіп, өз-өзімнен қобалжимын,
Егер де хат кешігіп, салмасаң да.

Жан достым, хат жазып тұр ауық-ауық,
Менде жоқ рақат, қызық, ойын-сауық.
Бұл өзі қандай рақат, қандай қайғы:
Шешуін ал да түсін өзің тауып.

1913





ШЫҒАМЫН ТІРІ БОЛСАМ АДАМ БОЛЫП

Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп, надан болып.¹

Мен балаң жарық күнде сәуле қуған,
Алуға күнді барып белді буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толған айдай балқып туған.

Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес.
Тебем деп тірі болсам надандықты,
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес.

1913



ТҮСІМДЕ

Басында жаназаның қызғыш көрдім
Сырты — қой, іші — қасқыр бұзғыш көрдім.
Жұрт көзінше сүзіліп, түсін бұзып,
Тәсбиқ деп кез жарым тас тізгіш көрдім.

Бір жол сия дәру деп өзгіш көрдім,¹
Қиялменен жер-көкті кезгіш көрдім.
Алғысын ұжмақ, қарғысын дозақ қылып,
Көзінен көз айырса безгіш көрдім.

Және де бір тайпа аңды көрдім,
У да шу, айғай-ұйғай даңды көрдім.
Бірі іреп, бірі сойып, бірі тартып,
Әуліккен ынтымақсыз жанды көрдім.

Тағы да бір даулаған отты көрдім,²
Қап-қара қисабы жоқ топты көрдім.
Мас болған дау-жанжалмен әлгі аңдарға,
Ұсынған әр тараптан оқты көрдім.

Аңдардың мұнан ешбір хабары жоқ,
Көз салып жан-жағына бағары жоқ.³
Қыран көз қиядағы ақ сұңқарын
Қырғидай тым болмаса санары жоқ.


Бір уақыт анық көріп оттың шетін,
Қашарға бұлар қойды енді бетін.
Қашқанмен қарсы алдында жар мен су тұр,
Болды енді сорлылардың ісі шетін.

Білмейді тұрарын да, қашарын да,
Қайтсе аман еркіндікпен жасарын да.
Қарсақ көрсе қорқады жолбарыс деп,¹
Білмейді қалай қарай басарын да.

Және де түсінбейді айтқан сөзге,
Өзінше бұлардың да пікірі өзге.
Егер де отырықшы бола қалсақ,
Деп айтар «ұсталдық қой көрер көзге».

Аңдар тұр от пен судың арасында,
Сахраның әр жердегі даласында.
Әр нешік ғаріптердің ісі мүшкіл,
Я, рахман, өзің бір жөн табасың да.

1913



БҰЛАР КІМІ

Бұлар кім үсті-басын мұнар жапқан,
Жалқаулық бір-бірінде алты батпан.
Аяғын алға қарай бір баспайды,
Жолына құрылғандай алмас қақпан.

Өз ара жанжалдасып қанға батқан,
Ішінде түрлі пітіне толып жатқан.
Басқаны өз қарнынан ойламайды,
Мал берсе, ары түгіл жанын сатқан.

«А, құдай, бере көр!» деп тыныш жатқан,
Тағдырға барлық ісін үйіп артқан.
Өзі жатып құдайды жұмсамаса,
«Кәпір болдың» дейтұғын молда тапқан.

Жау болып бірін-бірі күнде шапқан,
Жасы, қарты — бәрі де бәле баққан.
Соқырға жан-тәнімен басын ұрып,
Көздісін көмір қылып отқа жаққан.

Ауруы оңалмастай түрі жаман,
Түсінтер бұларды айтып қандай адам.
Екенін дұрыс-бұрыс біле алмаймын,
Береді былай жауап біреу маған:

— «Көрінген сіздің көзге нашар жандар,
Болады жалқау, надан мұсылмандар.¹
Ұжмақтан ай мен күндей хорды күтіп,
Басқаға кең дүниені ұсынғандар.

Бұлардың түрік еді арғы заты,
Жиһанды тітіреткен салтанаты.
Бұл күнде азып-тозып күлкі болған,
Бұлар да сол түріктің жұрағаты».

1913





КӨҢІЛДІ КӨНДІРЕТІН ТАҒДЫР

Жас көңілім өз еркінше жүрмек еді,
Дүниеде солай өмір сүрмек еді.
Бір алладан басқаға бас имеген,
Қалпынша қара жерге кірмек еді.

Жас жүрек жалбақтауды сүймес еді,
Үстіне рия тонын кимес еді:
Бар ғалам бір жақ болса, өзі бір жақ
Көңілдің сол қалпына тимес еді.

Жақтаса, өз еркінше жақтар еді,
Мақтаса, өз еркінше мақтар еді.
Аспаннан төбесіне оқ жауса да,
Сертінше өділдігін сақтар еді.

Боқтаса, өз еркінше боқтар еді,
Тоқтаса, өз еркінше тоқтар еді.¹
Жақсылыққа, жәрдемге жанын беріп,
Жамандыққа мылтығын оқтар еді.

Көлгірліктің көзіне түртпек еді,
Хақ тамшысын көзіне сүртпек еді.²
Көңіл, жүрек осыған қол соғысып,
Денені сол ізімен жүртпек еді.

Көңіл, жүрек қарынға деді барып:
«Біз тұрмыз сондай-сондай ойға қалып»,
Қарын: — Жақсы, бұларың мақұл,— деді,
Сөздерін тыңдаған соң құлақ салып.

Бұл үшеу, жоғарғы ойға мөрін басты
Дос болып қол соғысты, құшақтасты.
«А, құдай! бұрынғымды кеше көр», деп
Тоба қып қарын сонда текті жасты.³

Бірақ бұл сөздерді айтқан уақытта:⁴
Қарын жақсы тоқ еді
Іші толған б... еді.
Тығыздалып керіліп тұрған соң,
Енді ашар деген ойы жоқ еді.

Бір уақыттар болғанда:⁵
Баяғы тойған тоқ кетті
Қарындағы б... кетті.
Қарын тастап тобасын
Таз қалпындай боп кетті.

.

.

Артынан іле-шала көңіл кетті,
Ал сонда десеңізші жүрек нетті?
Амалсыз айтқан сертін тағдыр бұзып,
Күні-түні азап шегіп зар еңрепті.

Бермесін бұл азапты тірі жанға:
Адамзат, пері, шайтан, хайуан, малға.
Жүрекке ол азапты көтергеннен,
Мың есе түсу артық «жаһаннамға»,

Ол азап батыр солай бір өзіңе,
Бит шаққандай білінбес жұрт көзіне.
Сырты ұрмақ болғанмен, іші дозақ
Түтінсіз жанғандар көп нан сөзіме!

1913





ЖАЗҒЫ ҚАЙҒЫ

Жаз жетіп, қарлар кетті, сулар ағып,
Күн де тұр жарқ-жұрқ етіп нұрын жағып.
Құлпырып, жүз құбылып жердің жүзі
Қуанбас жан-жануар бұған нағып.

Маужырап кеш болғанда жұлдыз, айы,
Мұнартып көкшіл тартқан қыр мен сайы.
Қой маңырап, түйе боздап, сиыр мөңіреп,
Жылқы кісінеп, ойнақтап құлын, тайы.

Сылдырлап қайнап аққан бұлақтары,
Секірген жағасында лақтары.
Үй тігіп, көк шалғынға желі қаққан,
Кешегі қайран қазақ тұрақтары.

Алыстан күліп-ойнап сағымдары,
Сулардың гүр-гүр етіп ағымдары.
Сыңсып тұрған шынарлар саясының
Мал-жанға қандай еді жағымдары!

Бетіне айғыз-айғыз салған шимай,
Жүрген жер талай шауып жылқы жинай.
Біріңді күзек, біріңді жайлау қылып,
Сонда да даурықтым ғой саған сыймай.

Қыс болса бір жағыңды қылып қорық,
Тақақтап, атқа мініп, жорытқан қорып,
Жазатайым аяқты енді бассам,
Тартқызды кісі құнын, қанын сорып!

Жағалап ауыл қонған көлдерім-ай,
Суында жүзіп ішкен төлдерім-ай!
Шарқ ұрып, шалқып қонған қайран қоныс,
Зар болып бір күнгіге шөлдедім-ай!

Жайқалған сыпсық қағып нуларым-ай²,
Қиқулап ән салатын құларым-ай!
Арқада малым өсіп, мырза атанып,
Күпілдеп, көкке шыққан буларым-ай!

Көлшімек, бықып жатқан томарым-ай,
Томарға жылжып барып қонарым-ай!
Суыңа тай жүздіріп ермек қылған,
Енді көзім жетпейді оңарыма-ай!

Жиылып, қала салып алмадым-ай,
Табам деп кең орынды қармадым-ай!
Қайда барсам «бытбылдық» бөденеге,
Жаңа өкіндім, амал не, аңдадым-ай!

.
.

«Ал құтыл, жау жетті» деп, қойдай үркіп,
Иең — мен, өлмей жүрмін әзер аштан.

Әндетіп қойшыларым қойын бағып,
«Иә, пірім-ай! кеттің дәурен әлде нағып?»


Қасиетті бабалардың зияраты,

• • • • •

Ал өнді, бізге келген заман қандай,
Заманға қарсы тұрар шамаң қандай?
Басқаның көк желке боп тепкісінде,
Талайсыз неден болдың, аһ, сор маңдай!³

1913





ҚЫМЫЗ

Алдияр аруағыңа, ет пен қымыз,
Сені ішкен мұратына жеткен, қымыз.¹
Мейілі доңыз болсын, қоңыз болсын,
Иеңнің түкірігін ем еткен қымыз.

Бас иіп айдыныңа ауыл-аймақ,
Қоясың қоғамыңды жіпсіз байлап.
Құдай иіп құлқынға түсе қалсаң,
Есілдей есіп шалқып ақақайлап.

Тізеден сегіз қарыс қара саба,
Жыбырлап айналаңда бала-шаға.
Дүниеде неше түрлі нығмет* бар гой
Сонда да сенің жөнің жеке-дара.

Көпірсең, ұжымақ иісі анадайдан
Кеудеңді жәрып кетер өлдеқайдан,
Екпінің еш нәрсеге жол бере ме,
Өзендей гүр-гүр етіп аққан сайдан?²

Адамның дүниедегі бәрі досың,
Сиқыр ма бұ не ғажап сенің осың?

*) Нығмет (арабша) — байлық, ризық мағынасында.

Ерінге бір-екі күн тимей жүрсең,
Келтірмей құрыстатып көңіл хошын.

Шалдардың піскен даусың есін алып,
Отыртпай үйлеріне түрткі салып.
Мейілің теп, мейілің ақыр, мейілің жекір,
Кек қылмас саған ешкім көңілі қалып.

Магнитің түстік жерден қонақ бұрып,
Әдейі сәлем үшін бұрыс жүріп,
Бай, кедей, жақсы, жаман, төре, қара
Жапырылып ыңғайыңа бәйік тұрып.

Әсіресе қажы, сопы, қожа, молда
Сарт та сұрт тасбықтарын алып қолға.³
Жаудыртып келгеннен-ақ баталарын,
А, құдай, оңда да оңда, аруақ қолда⁴.

Осылай зиярат қып жұрттың бәрі,
Аузыңнан шыққан сөзің болып дәрі,
«Мырзеке, ие солай!» деп бас изесе,
Тәштитіп танауыңды онан әрі.

Сапырсаң сары шараға құлаш керіп,
Жиылған мейманыңа құйып беріп.
Ата ұлын, ене қызын безіп тастап,
Кетпей ме екі ұдайда саған еріп.

Кәсіпсіз көзін сатқан сорлы кедей,
Қоя ма піспек аңдып тентіремей?
Атағыңды көтерер алғыс айтып,
Байғұсқа бір жұтқызсаң, «кет, шық» демей.

Шатып-бүт не қылсаң да сөзің дәмді,
Кісі жоқ бұ жиһанда сенен сәнді.
Қымызсыз маған салса, Аппатон бол,
Көрмессің сөзің тыңдар ешбір жанды.

Басыңнан қымыз кетсе, қызық кетер,
Сын-сиық, сәулетіңді бұзып кетер,
Кешегі бәйік болып отырған жұрт
Күдерін бүгін сенен үзіп кетер.

Арам тер болма, достым, төкке шауып,
Алғанша аузыңды бас қымыз тауып.
Қымыз тап та қ... бер, лапыр, ақыр⁵
Жерде сөзім қалар деп қылма қауіп.

Ей, қымыз, ыза қылдың қолға түспей,
Онда мен жүремін ғой күйіп-піспей,
Жүректегі қапамды атқызар ем,
Өлсем де жұртқа беріп, өзім ішпей.

1913





КЕШЕ ТҮНДЕГІ ТҮС, БҮГІНГІ ІС

Жіп-жиі көкте жұлдыз жымдасқандай,¹
Күлімдеп, айға қарап ымдасқандай,
Қорылдап, бас жақтарын бүркей түсіп,
Жер жүзі жатыр ұйықтап жын басқандай.

Түн жақтан қолын бұлғап Темірқазық,
Аймағым қалмасын деп жолдан жазып.²
Толықсып тобын жазбай түрленіп тұр,
Нұрсызы нұрлысынан алып азық.

Шолпансып ерте туып Есекқырған*
(Сартты да соған сеніп құдай ұрған).
«Таң жақын, адаспаспыз жүрейік»,— деп,
Талайдың басы айналып дымы құрған.

Ұмтылып ойға, қырға оқтай ағып,
Ай қарап ортасында тұрған бағып.
Аралап ақырындап маң-маң жүзер,
Ел-жұртым тұр дегендей әлде нағып.

Қарақшы жеті жұлдыз шеттеп жүріп,
Құр сырттан жылтырайды алдап күліп.

*) Есекқырған — жұлдыздың аты.

Төрт жұлдыз екі-екіден босағада
Соларды аңдығандай тұр үңіліп.

Айқайлап: «таң мынау»,— деп Шолпан туып,
Өзгеден алты Үркердің түсі суық.
Жаудырлап жарық жұлдыз, тұс-тұсынан,³
Нұр шашып бір-біріне тұрған жуық.

Қойғандай бір тәртіпте қолмен тізіп,
Жайраңдап жалт-жұлт етіп қандай қызық.
Жел қуып жапа шеккен сорлы бұлыт
Айға арыз айтпақ болды көзін сүзіп:

«Ардақты ай, алдыңа барсам,— деді —
Ортаға нақақтықты салсам,— деді.⁴
Үркер мен желден көрген қорлықты айтып,
Теңдікті сол арада алсам,— деді.⁵

Мұны естіп алты Үркердің түсі жаман,
Шақшиды сол арада бұлан-талан.
Бұлтты енді тоқтатпаса айыбы ашылар,
Алдыңғы оған қылған ісі жаман.

Ақырын манағы бұлт өрлей берді,
Қозғалтып қол-аяғын сермей берді.
Алдынан әкемдетіп Үркер қысып⁶,
Малтығып жүрген сайын терлей берді.

Мұңайып: «Үркер аға, қыспа,— деді,—
Мен сорлы аяқ-қолым қысқа,— деді,
Біз-дағы ай астында жүрген жан ғой,
Тең қылып өзіңменен ұста»,— деді.

Жіберді Үркер сонда ызғар төгіп:
«Ақымақ, кет, шық»,— деді ұрсып-сөгіп.
Әлдімен арпалысар әдді қайсы,⁷
Құлады жымдай болып жерге шөгіп.

Жатпады жерде тыныш тағы да аман,⁸
Суытты Үркер қатты онан жаман⁹.
Көк долы сатыр-сұтыр боран соғып,
Сары аяз быт-шыт қылды тарам-тарам.

Әр жерде әр қайсысын бір жел қуып,
Көз жасы көлдей болып бетін жуып.
Қыс алты ай, жаз алты ай деп айтушы еді,
Тұтас қыс болып кетті жазы суып¹⁰.

.
.
.

Енді бұлт жылай берді тауға барып:
«Суыққа амал тап,— деп,— панаңа алып,
«Сен-дағы жермен көрші емес пе едің,—
Зар жылап бауырым деп ұран салып.

Таласқан аспанменен заңғар таусың,¹¹
Көз жасы заттасыңның саған жаусын.
Үркер қысып, жел қуған біз сорлының
Ардақты ай алдына жеткіз дәусын!»

Мұны естіп әр жердегі биік таулар
Көз жасы бұлақ болып атқып саулар.

Түтінін шығаруға шарасы жоқ,
Ішінде зілзаланың* оты қаулар.

* Зілзала (арабша) — жер сілкіну.

Таулардың біреуі айтты: «Мынау ақыл,
Жылысып бір орынға келсек жақын.¹²
Жиылып тамам таулар басты қосып,
Бір ақыл айтқанымыз болар мақұл».

Орал мен Сібір тауы: — Жарар,— деді,
Бір пайда тамса мұнан тамар,— деді.
Міндетті мойындағы атқаралық,¹³
Бермесе ай алдында қалар,— деді.
«Айдың нұры әлемге тегіс» дейтін,¹⁴
Мейірін момындарға салар,— деді.

Сол жерде Самар суы сарылдады,
Кекиіп кейін шапшып арындады.
Тау қозғалар қиямет болған жоқ деп,
Аптығып атып ұрып дарылдады.

Айтты: «Қозғал, қиямет күні болсын,
Ғарасат майдан деген үні болсын.
Әйтеуір бұлттың қолын бір жеткізем,
Мейілі оған дейін тоқса тоқсын.

Кім отыр сөздерінді құлаққа асып,¹⁵
Құр бекер мақтанбашы лақап шашып.
Теңізді өртеймін деп сары шыбық,
Жұрт жиылған кезінде кеткен қашып».¹⁶

Бас тау айтты: «Кекшиме, Самар суы,
Оншама кекшиетін ненің буы.¹⁷
Қиямет мұнан артық қандай болар,
Мидан өтіп барады бұлттың шуы.

Жамылып күнбатыстың қара бұлтын,
Көрмейсін күншығыстың жара бұлтын.
Соқырдың сұрағаны көзі емес пе,
Қалайша бұлтияды маған ұртың?!

Қол шапты мына сөзге тамам ағаш,¹⁸
Қол шапқан әлде ағаш, әлде алаш.
Игілік реттелді деп тұрғанда,¹⁹
Бір батыр тағы шықты жап-жалаңаш.

Ол батыр тікенекті тастақ төбе,
Келді де шабаланды жерді тебе.
Көлденеңнен жабысты тауға барып,
Ыластап, ырабайсыз құсық төге.

Апырмай, мынау қалай батыр еді,
Әзелден батырлыққа жақын еді.
Самардың салқын сараң суын ішіп,
Өршеленіп, өшігіп еңтігеді.

Ішкенмен тастақ төбе шөпті болмас,
Құр сида тікенекке бақыт қонбас.
Жеке өрлеп тауы бір сай, тасы бір сай²⁰
Түбінде бұл қалыпта ешкім оңбас».

Дегендей жердің жүзін мұнар басты,
Бұлт келіп күңгірттеніп төкті жасты.
Сенген қойым сендер ғой, қарағым, деп,
Қош айтқандай болысты, амандасты.


Қырауытып ағаш, шөптер сілкіп басын,
Алаңдап айыра алмады дос пен қасын.

Сол кезде Үркер келіп көзге елестеп,
Оянсам ағып қапты көзден жасым.

Осылай мен орнымнан тұрдым шошып,
Үркер тағы а... осып-осып.²¹
Әркімдер тілегінше жори берсін,
Секілді еді осылай көрген жосық.

1913





БІР БАЛУАНҒА ҚАРАП

Жықсаң бәйге аласың алысқанда,¹
Қару қып, қайратың сап қарысқанда.
Жындылық шаппай бәйге бер деп сұрау,
Озсаң, бәйге кім бермес жарысқанда.

Тұрмысы бұл дүниенің күреспен тең,
Тәуекел, күреске түс, бар-дағы жең,
Дүниеде барлығыңды кім біледі,
Үйіңде ынжықтанып отырсаң сен!

Кім сені бұл дүниеде бар деп айтар,
Кім саған жықпай бәйге ал деп айтар?
Жықпасаң да күресіп талаптансаң,²
«Еті тірі, жаужүрек жан» деп айтар.

Жүрген көп; «жығылам» деп үйде бұғып,
Жел болмай, боран болмай бет алды ығып;
Қысқасы, оңдырмаған жасқаншақтық,—
Жасқанба, қылыш шапса, найза сұғып!³

1913

МІНЕ, АЛАҚАЙ!

Қараңғы тұман түнде еді,
Қара қазақ баласы.
Ай мен күн һәм жұлдыз жоқ,
Жым-жырт сахра даласы.
Дау мен жанжал, партия
Болған еді арасы.
Жасытып еді бұларды
Қараңғы түннің қарасы.
Жиырманшы ғасыр басында
Міне алланың панасы:
Бір жағынан ай туып,
Бір жағынан күн туып,
Жарық көрді алашы!
Шолпаннан үміт тағы да:
Біріксе елдің данасы;
Бұл үшеуі тізілсе,
Бейне қолдың саласы.
Көңіл менен көзді ашып,
Алға сүйреп барасы;
Бұл жарықтар барында,
Кім адасып қаласы?

1913





ШӘКІРТ ОЙЫ

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда кім болам?

Мұздаған елдің жүрегін
Жылытуға мен кірермін.¹

Еңбек, бейнет тарауы
Рахатқа сарқылар.


Қыздырып күннің қарауы
Надандық теңізі тартылар.

Орны отайып, көгерер,
Қызығын жайлап ел көрер.

Тұрмыс, тағдыр бірі де
Бұл мақсұттан бұра алмас.
Қаһарман Рүстем, Әли де
Бұрам деп жолда тұра алмас.

Сыланған жардың күлісі,²
Алдандырмас бірісі.

1913



ЕНДІГІ БЕТАЛЫС

Кірді ғой түстен кейін тентек ақылы
Сертімнің бұл өмірлік ең ақыры:
«Адам — құл өзін жеңіп ұстамаған»
Деген бір Сократтың бар нақылы.

Тұрмысты үмітім көп жеңем деген,
Жігермен жеңуіме сенем деген.¹
Ырқыма менің жүрер қай дүние,
Көнбесе өз ырқыма өзім денем?

Әрине, шыдар-ақпын өлуге мен,
Баспаспын жаман жолға көнуге мен.
Ақтармын оқып-жетіп адам атын,
Басқаға жоқ ықылас белуге мен.

Менде жоқ қажу деген, ашу деген.²
Тарығып болымсызға жасу деген.
Ісіне құрт-құмырысқа ілтипатсыз
Ойымда тек сол белден асу деген.

Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,³
Разымын не көрсем де осы жолда.
Шаршармын, адасармын, шалдығармын,
Бірақ, бір табармын деп көңілім сонда.

Достарым, оған шейін асықпаңдар,
Алдыңда өлі ататын жарық таң бар,
Тез уақыт жердің жүзі бір түрге енер,
Түбінде, замандастар, осымды аңғар.

1914





• • •

Іздедім, іздесем де таба алмадым,
Табам деп өзімді-өзім неге алдадым.
Адамның адам аты ақталмайды,
Бейнет қыл, бар білгенім соны аңғардым.

1918



ТҰРМЫСҚА

I

Өмірімнің өрлерін
Жазы шықпас қыс қылшы!
Жылы шырай бер десем,¹
Аждаһадай ысқыршы!
Құлдық ұрып жалынсам,
Арт жағыңа қыстыршы!
Алтын, күміс — асыл ма
Баға бермей, мыс қылшы!
Оңға қарай қол созсам,
Теріске жорып пысқыршы!
Нақақ мазлум* болсаң да,
Күншілікпен іс қылшы!
Бұлардың бәрі ойыншық
Тек аурудан тыс қылшы!

II

Тұрмыс, маған от шашып,
Бар дүниені лау қылшы!
Түйдектеп үйіп қайғыңды,

*) Мазлум (арабша) — жәбірленуші мағынасында.

Абылай аспас тау қылшы!
Таптырмастан емге дос,
Бар әлемді жау қылшы!
Көзіңнің құны бардай-ақ,
Аяқ бассам, ау құршы!
Бермек тұрсын өзіме,
Жала жасап дау қылшы!²
Сендір ай мен күніңді,
Тек денімді сау қылшы!

III

Ден сау болса, тағдырдың
Көкке ұшырам күлдерін.³
Жігермен талап өткенсоң,
Қоям ба екен сүлдерін.
Аждаһадай ақырып,
Алдымнан қарсы шапса да,
Естімеймін үндерін!
Серліп тастап түндерін,
Туғызамын күндерін!

IV


Ден сау болса, тұрмыстың
Маған салған құрығын
Бойлап алып кетермін!
Таудай үйген қайғысын
Ойнап алып кетермін!


V

Қаңқылдатып қаздарын
Шығарармын жаздарын!

Мен айтамын осылай.
Кім біледі ол тұрмыс
Нешелер көр қазғанын.¹
Қазса қазсын, көрермін
Келешектің жазғанын.
Тұрмысты салып көлденең,
А, дүние! халқымның,
Жөнге салсам азғанын!
тұрмысты салып көлденең,
Қарғытар Махмұт азбанын.

1914





ЖАҚСЫЛЫҚ КӨРСЕМ ӨЗІМНЕН

Жақсылық көрсем өзімнен,
Жамандық көрсем өзімнен.
Тағдыр қылды деулерді
Шығарамын сөзімнен.¹
Өзім қылдым деулерді
Таса қылман көзімнен.

Жазалы емес құдай да,
Күн мен жұлдыз һәм ай да.
Жұмақ күткіш наданның,
Орны дозақ әр қайда.
«Теңгерер соңыра» — деген сөз —
Тек жұбатқан бір айла.

1914



АЛЬБОМНАН

Жетуге құмар жоғары.
Қайдан жаман болады?
Талпыну бар, талап бар,
Бүйткен адам оңады.

Нәзік дауыс, әнге ұста,
Разы, шат тұрмысқа.
Жұғымды мұндай бала жоқ
Бұл маңайда, бұл тұста.

Асырауға көнеді,
Деп көңілім сенеді.
Қандай ұрық ексең де,
Сөзсіз жеміс береді.¹

Жаттығы жоқ адамға,
Именетін жаман ба?
Оқығанға кез келіп,
Түсінсе еді заманға.

• • • • •
• • • • •

1914

ЖАПЫРАҚТАР



Гүлдеген, біткен жапырақ,
Бұтақтары салбырап,
Уақыты еді жетілген
Көз тартарлық балбырап.
Лебіне де аз желдің
Ұялып бұққан қалтырап.

Өзіне бұрған ойыңды,
Балбыратып бойыңды,
«Иә, пірім-ау; бұлар не гажап?»
Деп бұрар ең мойныңды.
Маужыратып бойды алған
Әніне қостым ойымды.¹

Өсіп бәрі жеткендей,
Көңілді шат еткендей.
Шөптер де тұр балбырап,
Көрсек қайғы кеткендей.
Иісі бар аңқыған
Сарсығын жүрек тепкендей.

Жұмақты кіріп көргендей,
Сайран етіп жүргендей.
Басқаны жүрек ұмытып,

Дәуренді сонда сүргендей,
Жапырақтар да сыбдырлап,
Қарсы тұрған — төнгендей.
Құшақтасып айқасқан,
Жапырақтар басып жайнасқан.
Саласынан ағаштың
Шымырлап бұлақ қайнасқан.
Әрбір жапырақ астынан
Құрттар қоныс сайласқан.

Көңілдің қосып әніне,
Мәз болып жапырақ сәніне,
Тұр еді жаным балбырап,
Жылы жел тиіп тәніме;
Көзіме түсті қу жапырақ,
Ойладым мұның мәні не?

Көгеріп көгі ашылмай,²
Сарғайған түсі басылмай.
Тұрған жалғыз сорлыны
Көк жапырақтар жасырмай.
Сарғайса да бұл сорлы
Өзгеге тұр бас ұрмай.


Өзгелері бұралып,
Біріне-бірі оралып,
Жапырақтан күмбез жасап тұр.
Бас, аяғы құралып,
Араласпай бұларға,
Сары жапырақ тұр бозарып.

Азапқа тұрмыс салғандай,
Есі-дерті налғандай,

Көгөрет дейтін үміт жоқ,
Күрт түсіп қатып қалғандай.
Дірілдеп жерге қарап тұр,
Жалғаннан көзі талғандай.

1914





АЙТ

Жер жүзін көк шөп басып түрленгендей,
Қызарып бәйшешектер гүлденгендей.
Киініп қыз, келіншек жарқылдайды
Бір түрлі жаңа тұрмыс түрге енгендей.

Шаттықта өңі ашыңқы бала-шаға
Оларды есіркейді қамқор ана.
Жастар да өз бетімен қырындап жүр,
Бұраң бел жас сәулемді есіне ала.

Әр үйдің тілегенге есігі ашық
Шаттық бар, жамандық ой кеткен қашып.
Сойын қой, берген қымыз құрметіне
Байлар да кердеңдейді алшаң басып.

Аттанған қожа-молда тиын қуып,
Сәлдемен он бес құлаш белді буып.
Мұрт басқан, сүрме тартқан, тырнақ кескен,
Дәретпен жып-жылтыр қып бетті жуып.

Жалғыз-ақ дорба асынған кедей кәріп,¹
Аштықтан өңі кеткен беті де арып.
Өркімдер тиын-тебен беріп жатыр,
Дегенге: «Құтты болсын, айт шәріп!»^{*}

1914


^{*} Шәріп (арабша) — кәдірлі, қымбат деген мағынада.



БАҚЫТ


Бақыт — құс ұшып жүрген қолға түспес,
Билеуге оны ешкімнің күші жетпес.
Қолыңа құдай айдап бір қондырса,
Барам деп мен анаған ұшып кетпес.

1914



Сөзімен баға бермес бұл халыққа,
Ілiндiм он екiмде бұғалыққа.
Елiмнiң мен шын ұлы екенiме
Тағдырдың өзi берер куәлiктi.

1914



КЕШ

Желі бар бетке тиген жылы еспе,
Күн жылы, аспан жарық оңды кеште.
Қарасаң бұл уақытта кең далаға,¹
Әртүрлі қиял келіп түсер өске.

Сайраған көкте торғай есіңді алып,
Күн де жоқ өлдеқашан кеткен батып:
Көк шөпті қызыл, жасыл жапырақ басқан,
Артыңда қызыл шапақ нұры қалып.

Қарасаң бойыңды алып көңіл ашқан,
Бейне бір өзендей-ақ толып тасқан.
Толқып тұр кешкі соққан самал желге
Естіліп торғай үні көкте басқан.

Жай тауып құрт-құмырысқа әрбір шөптен,
Талмаулап қызыл шапақ қарап көктен.
Жылтырап сол уақытта жұлдыз шықты,
Аспанға шашу шашып меруерттен.


Бұдан соң қаран қалып көктің жүзі
Жасырынып нәрселердің бірден түрі.

• • • • •
• • • • •

Қойнына қараңғылық енген барып,
Жағалай айналаңның бәрі қауіп.²
Қарасаң қараңғы түн жан қорқарлық
Бұл күнде бола алмайтын жолды тауып.

1914





КЕШЕГІ КҮНДЕЙ ТҮСТІ БҮЛТ БАСҚАН

Кешегі күндей түсті бұлт басқан,
Еңсесі төмен түсіп әлі қашқан.
Булығып тамағына ызалы ойлар,
Көздері көрінбейді толған жастан.

Не ғажап: кеше толған, бүгін солған,
Басына ауыр дәулет қайғы қонған.
Тұрған жас көзде толып, саулап кетті,¹
«Ал, қош!» деп айырғанда қолды қолдан.

Елжіреп, еріп, жанып жүрек, өкпе,
Ауыздан бұрқыратар түтін көкке.
Ол жердің қылмыстарын, тұрмыстарын
Мың жылда келтіре алман сөйлеп елке.

Мен сонда жүріп кеттім аяқ санап,
Артымнан ол мұңайып қалды қарап.
Ілгері басқан аяқ кейін тартыл,
Бұ күнде менің көңлім әлеп-жалап.

1914



КӨШУ

Елжіреп қардың көңілі өкпек желге
Жер жібіп және тойып аққан селге.
Күн сайын күн күркіреп, көк дүркіреп,
«Көш» дейді қыстай сасып жатқан елге.

Ел сонда жемек болды көштің қамын
Керек деп келесі жыл және шабын;
Дөңгелекті ескі арыспен қора бөлген,¹
Қима быт-быт қарасам арба жағын.

Нашарлар көлік үшін жүріп қойған,
Кемітіп ақысына бір-бір қойдан.
Қазірде жұрттың бәрі ала сапыран,
Шықса да ұлан қыстай көшу ойдан.²

Қоймасын тастай салды көңмен жауып,
Жүк жеңіл болуының ебін тауып.
Бел жіп, үзік, ашамай салқам-салқам,
Су құяр арбасына ауық-ауық.

Қыстайғы малдың б... қора сасық,³
Қалпында тазартылмай қалды сасып.
Ілдебаймен «көш жүре түзелер»,— деп,
Қорадан көшті қазақ жабырласып.

Күн ыстық барлық сиыр арба салған,
Адасып бұзаулары кейін қалған.
Арбаның біріменен бірін соғып,
Сиырдың сәйгел-өнең алдын алған.⁴

Сиыр қайтіп соқласын: сәйгел күшті,
Қисайған қытыр қима аспанға ұшты.

.
.

Жас төлдер енесінің соңына ерген
Түбінде тобылғының қала бөрген.
Кейбірін көш жөнекей байы сабап,
Шаңқылдап қатындар да әрбір жердеп.

Ат, түйе кетті жылжып жайыменен,
Жүгіртіп балалар жүр тайыменен.
Үстінде арбалы аттың кейбір жаяу,
Жалғасқан кедейлер жүр байыменен.

Болғанда түйдек-түйдек жолдың шаңы,
Сарсытар құлағыңды арба маңы.
Ит ұлып, сиыр мөңіреп, бота боздап,
Қонғанда арба шиқ-шиқ айқай даңы.






«ШОҢ» СЕРІКТІГІН АШАРДАҒЫ ТІЛЕК

Баршаға мейрім салған, мейірбанды тәңірім,
Ісімізді өзің оңғарып, оңға бастыр!
Қазағыңды ақ, түзу жолға бастыр!
Әлемге шам-шырақ болған, пайғамбар,
Саған салауат айтып, жолыңды құдық,

Баташы бол,
Әулие, аруақ!
Жебе, қолда!
Қазақ қалмасын,
Қорқынышты жолда.
Құдай! Өзің білесің,
Ниетіміз ақ:
Берсейші бізге бақ!
Сенен сұрамай,
Кімнен сұраймыз
Қашан болса да,
Бір өзіңе жылаймыз!..

1914



**«ШОҢ» СЕРІКТІГІН АШАРДА
«ШОҢ» СЕРІКТІГІ ТУРАЛЫ
КӨПКЕ ІСТЕГЕН БАЯНДАМАНЫҢ БАСЫ:**

Мынау жол, Шоң баласы, адамдыққа!
Сіздерді бастамайды жамандыққа.
Кел, кіріс, көтеруге мұны тырыс,
Пайда жоқ, құрып қалғыр надандықта!

Кел, кіріс, көтеруге мұны тырыс,
Жұрт үлгі алатындай болсын бір іс!
Әрі аруақ, әрі құдай ырза емес,¹
Өзіңді өзің жарсаң, тауып кір іс...

1914



АРТЫ МЫНАДАЙ СӨЗБЕН ТЫНАДЫ:

Және де пайда болсын ұлтымызға,
Өрнек, үлгі болайық жұртымызға.
Жиылып үйден үйге мал сойғызып,
Не пайда құр тығудан ұртымызға?

Кіші іні, үлкен аға, осы сөзім
Абайлап, ақыл салып, ойлашы өзің.
Тартсам мен жарты тиын тамағыма,
Ырзамын олда-білде жоғалт көзім!

Құдайдан сұрағаным бірліктерің,
Бірліксіз түзетілмес тірліктерің.
Оллаһи, өнер емес, анық өлім
Күжірейген бір-біріңе іріліктерің.

Келіспес араңызға салқын қабақ,
Салқын болсаң, әркімге болдың тамақ!
Жел бергенге желіккен жел буазға,
Қанжығалы биеке үлкен сабақ.

Міне біз бір төбеге «Шоң» деп шықтық,
Адам болу планды қолдап шықтық.
«Е, тәңірім, ісімізді жөндей көр!» деп,
Шын көңіл көзімізден жасты сықтық.

Қол қойдық осыны айтып Шоңның жасы⁸,
Оралсын қайырымен істің басы;
Ерікпедік, немесе желікпедік;
Ойладық аз да болса, жұрт пайдасын.

1914





КҮНДЕЛІК ДӘПТЕРІНЕН

1914 жылы 7 жолдаспен Шорман ауылына өзімді қазақшылық айнасында көру үшін бардым. Жолдағы елде менің көлеңкемді сыртымнан естіп, бадырайтып көрсетпеген ел жоқ. Іздеп барған Садуақас барған жерден мені түссіз буа сөйледі.

Мен ауыл оныкі һәм үміт болған соң таза жауап¹ қайырмай, ұтқызыңқырап отырдым. Жанаспайтын ауыл екен деп елдегі жайшылық қалпымды бұзбадым. Бәлкім, онан кері ілтипатсыз отырдым. Білдім: ол ішінен менің бұл мінездерімнің жалғызын жақтырған жоқ.² Бояма қалыпта жылтырады.³ Жүрерде осы бойымша аттансам қалпе деп ойлар һәм боямаға алданбағанымызды білдірейін деп:

Шон, Шорман едік,
Бір-бірімізге қорған едік,
Шошын, Торайғырдың көк жапырақтары
Бұтағыңа келіп қонған едік,
Онымызға қарай сіз де:
«Кім келіп, кім кетпеген ауыл едік»
Деп, бауырлығыңды білдірмей.

Арқаның жауырлығын білдірдің.
Шоң, Шорманға бастымсың да,
Ілтипауыңаң тастамағаныңа рахмет —
«қош», — деп, қолым ұстап амандасып
жүре бердім.

Былай шыққан соң жолдастарым:
«Құрметтеді» деп мақтасып сөйлескенде,
менің жаным ауру, жайым жайсыз еді.
Мұнан былай:

Мадға басым кимеске,
Рия тонын кимеске,
Кісі құрметін сүймеске,
Өзі ісіме тимеске,
Кісі тіліне ермеске,
«Қазақшалыққа» енбеске,
Аштан өлесем адамға,
Намысымды бермеске,
Май тымаса тілінен
Еш адамға сенбеске,
Өзі ақылымнан баскаға
... көңбеске.[†]
Көміл уағда егілді — делім.

1914.





БІР АДАМҒА

Бір үйде жиюлы екен қазына мал,
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:
«Бұрынғы атамызға сыйға берген,
Біздерде мынадай бар, мынадай бар?..»

Ол рас, аталарың шенге алыпты,
Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты.
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,
Оқа, түйме, сылдырлақ теңге алыпты!

Суреттер және көрдім жүзі жарқын,
Ойладым: «Оңдырған-ау, баққан халқын».
Соншама құны толық бұлды түйме,
Артында қалдырмас па жақсы даққын?

Дедім мен: «Құтты болсын шекпеніңіз,
Артқыға қандай егін еккеніңіз?
Жусақ та денемізден кетер емес,
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз».

Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп:
«Қай момынның малы бар бұл аяқта?»
Демейінше болмады, қарап жай-ақ!

Отырдым, көрсем жекіл тастар ма деп,
Шал айтты: «Көріңіздер, жасқанба» деп,
Кесені қолыма алып қарай бердім:
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп.

1914





ТУҒАН ЕЛІМЕ

Үміт қып менен қарайсың
Көңіліңе медеу санайсың.
Балалыққа жарасам,
Аталыққа жарайсың.

Қайтейін, елім, қимаймын?!
Қия алмай жанды қинаймын.
Қимай қалсам ішінде,
Тағы тыншып сыймаймын.
Алты қырдан ассам да,
Сөздеріңді сыйлаймын.
Тек қалауым сіздерден
«Серіктікті» милаймын;
Сіздерге өкеп шашуға
Ілім-білім жинаймын.

1914



ДОСТЫМА

Бұлтты кетір ойыңнан,
Жазды шығар бойыңнан.
Ақылың болса айныма,
Өз жасаған тойыңнан.

Бәрі қызық мереке,
Ашуланба, ереке.
Өз қақпаңды аштың деп,
Кім қылады келеке?

Кімде жазық ойласаң,¹
Өкпелеймін қоймасаң!
Баяғы түрге бір келіп,
Мен разы ойнасаң.
Қапаға жоқ тіпті жөн,
Ақылың болса сөзге көн.

1914




МҰНЫҢ АТЫ ӨШ АЛУ

Өлеңім айт дегенде
шырылдаған,
Ісімнің бәрі түгел қырындаған.
Қолымда, қалай қылып
қорласам да,
Кешегі қызыл қаншық
ырылдаған.

Шақпасам, бит болмаймын,
Үрмесем, ит болмаймын.
Қасымаса бит те қоюшы еді,
Үндемесе ит те қоюшы еді.

Жаман жалданса ¹
Қалай жүрерін білмей,
Әкесінің басын жара жаздайды.
Әйелін көрсетем деп,
Абыройын шашып, ²
Артын аша жаздайды.

1914



СЫМБАТТЫ СҰЛУҒА

Сүйдірген сені маған қыли көзің,
Томардай кедір-бұдыр топас сөзің,
Құбыжық қорсылдаған мінездөрің,
Арман жоқ пида болсам саған өзім.

Сымбатты сұлу тамашам,
Шашыңнан жұлып сабасам!

Сүйдірген сені маған ешкі басың
Қол жумай обырланып жеген асың,
Қоя ма сүйдірмеске ықтиярға,
Ұйпалақ ит жүніндей желке шашың.

Сымбаты сұлу тамашам,
Кұсқым келер қарасам.

Сүйдірген сені маған шошақ мұрның
Кіші-гірім бір үйге ошақ мұрның,
Жіберіп анда-санда тартып алып,
Жылтылдатып тұратын қос ат мұрның.

Ойқы-шойқы беттерің,
Көмірден аппақ еттерің.

Сүйдірген сені маған көкшіл тісің
«Адыра қалғыр, ойбай» деп қылған ісің,
Салды балақ қарғамсық салпылдаған,¹
Біткен жоқ бұл әлемге сендей пішін.

Былжыраған жүрісің,
Жоғал әрмен құрысың!

Сүйдірген сені маған салтақ бөтің,
Кәрі саулық етіндеі төстек етің,
Қарағым, сыртың сұлу жапалақтай
Анауыңа келгенде, ойбай, бетім.²
Сасып кеткен маңайың,
Мұрнымды басып жабайың!

Сүйдірген сені маған кірлі мойның,
Арбадай қиратылған доғал ойның,
Ә, дүние, кіріп бойым жылытар ма едім³
Қаңтардың аязындай ыстық қойның.
Ызғар шығар қойныңнан,
Жанжал шығар ойныңнан!

Сүйдірген сені маған дудар шашың,
Қысты күнгі қыраудай қырбық қасың.
Кер тапал, кердеңдеген жас баласың,
Асса да 25-тен үйде жасың.
Арбаңдаған дәрескел,
Барлық ісің өрескел!

Сүйдірген сені маған қола жүзік,
Қолыңа саудырлатып қойған тізіп⁴,
Кісі алдында қасынып теріс қарап,
Битіңнің бытырлатып мойнын үзіп.
Нас басқандай бит басқан,
Міне, сұлу жұрт асқан!

Сүйдірген сені маған тырысқаның
Көрінгенмен бұрқылдап ұрысқаның.
Әкең бүгін өлгендей қабақ жауып,
Қонақ келсе қуарып құрысқаның.

Қалқам, жаным, қарағым!
Бетіңе келмес қарағым!

Сүйдірген сені маған өсектерің,
Өзім бірге салысқан төсектерің.
Инені ұстай білмес шеберлігің
Апырмай, мен бекерге өсектедім.

Міне сұлу, асылың,
Мойныңдағы масылың!

Сүйдірген сені маған майлы қалтаң,
Аузыңа теріс қарап салған мөлтаң.
«Бас» дегенге «құлақ» деп жауап беріп,
Аңырайып алаңдап жалтаң-жалтаң.

Ер жігітке бұ да сор,
Қосылсаң басың болар қор!

Сүйдірген сені маған теріс аяқ,
Бір-бірі саусағыңның жуан таяқ.
Өлі сүйек, өлексе өлімтік қып,
Күдайым саған берген аямай-ақ!

Мұндай жанды, күдайым,
Кез келтірме ылайым!





ҚЫЗ СҮЮ

Қыз десе әркім кетер қызуланып,
Көңілге өлдеқайдан от кеп жанып¹.
Ең арты аппақ қу бас шалдар-дағы
Қояды бір қиқаңдап құшырланып.

Дүниеде жан саясы қыз дейсің ғой,
Құмартып құлқың құрып іздейсің ғой.
Мылқау, кеше, таз, тазша болсаң-дағы
Қыз тимес деп күдерді үзбейсің ғой.

Қыз сондай сен іздеген сұлу болса,
Көргенде құмарланып кеудең толса²,
Алмас қылыш жүзіндей аударылып,
Көлеңкесі көңіліңе барып қонса³.

Бойы тік, сын-сымбаты түзік болса,
Саусағы сылдыраған жүзік болса⁴.
Екі беті үлбіреп, көзі жайнап,
Белдері тартқан сымдай нәзік болса.

Өн бойың қарағанда ду-ду өтсе,
Сыртың қысылып, тұншығып ішің күйсе.
Ал сонда асыла кетіп, бұраң етіп⁵,
Қайтер едің, жігітім, қолға тисе?

ГҮЛӘЙІМ

Қай қыз бар бұл қазақта теңге жеткен,
Бәрі де жылай-жылай кемге кеткен.
Бар еді Жарқын атты бір бай кісі¹
Мырзаке деген атқа қолы жеткен.

Әрине, бай кісіні жұрт мақтамақ,
Кісіні кедей сорлы кім жақтамақ?
Жеп кетер, ішіп кетер сұмдар жиылып,
Шуылдап байды мақтап ыржақтамақ².

Бай енді көтермес пе мұрнын көкке,
Етер ме көтердің деп оларға өкпе,
Аурусыз құр түлу деп, құр жетеліп³,
Байлықты байқатпас па төңірекке⁴.

Бар еді Жарқын байда 3—4 бала,
Оларға байлық тұрса, шірку қайда?
Гүләйім ұлдан үлкен жалғыз қызы
Ұқсайды көркемдігі туған айға.

Он беске Гүләйімнің келген жасы,
Жібектей үлбірейді маңдай шашы.
Ақ торғын екі беті құлпырған нұр
Алланың бір жаратқан тамашасы.



Алғандай екі көздің жауын бұрып,
Жымып езу тартып қойса күліп.
А, дүние, ойнар ма едім жиылғанда,
Бас қосып бозбалалар дәурен сүріп.

1914





Ләнет бұлты шатырлап,¹
Жай түсіп неге қатпаймын!
Жер жарылып сатырлап,
Түбіне неге батпаймын:
Ит, құсқа бас игізген,
Көкейімді күйгізген,
Дүниеден ләззат таппаймын.


Көрмегенді көріп бас,
Заһар болып ішкен ас.
Қапаланған көкілден²,
Төгіле-төгіле қанды жас.

Дүние бәрі у екен,
Мені алдайтын қу екен.
Өткізген өмірім бұл күнгі³,
Пайдасыз қызу ду екен.

Білімсіз талант тас екен,
Өмірің үшін қас екен.
Далақтап шапқан бай ұлы
Тоқтаса, көзі жас екен.

1014

124





Жаңғырып Алтай тауы саласынан,
Майысқан ағаш, шөптер арасынан.
Деді маған тырысып құтылмасаң,
Сахраның б...іздейсін даласынан.
Телміріп бар өмірінде жемтік жеген
Қарғаның жаман-ақсың баласынан.
Онан да талаптанып, қолың созып,
Алланың несібеңді ал панасынан.
Маңдай тер, жанды қинап жігер етіп,¹
Тұрмысты алып соқшы жағасынан.
Ұқпайды бұл сөзімді басқа кісі
Махмұттың Әбдікөрім ағасынан.

1914

ӨМІРІМНІҢ УӘДЕСІ

Оллаһи! Ант етемін алла атымен,
Орыс тілін білемін һәм хатымен,
История, география пәнді білмей,
Оллаһи, тірі болып жүрмөспін мен.

Келгенше осыларды отыз жасқа,
Иншалла бәрін түгел ұғам басқа.
Отыз жасқа келгенше ұға алмасам,
Жер жұтсын, мәз болмаймын ішер асқа.


Сенемін еңбек қылсам, бақыт жақын,
Келер жаз атақты алам деген «ақын»,
Жүректің қазынасы тазартылса,
Пайдасын көрер әлі-ақ ертең халқым.

Тұрмыстың оғы шыбындай,
Тезінен туар көңілімде әй¹.
Бір мағнауи * күш түртіп²,
Баққа ұмтылып тұр маңдай.

Үміттің көзі жарқырап,
Бұлағы ағар сарқырап.
Бұл бәйгеде Махмұттың
Азбаны келер арқырап.

1914

*) Мағнауи (пробшиа) — рухани күш.



Нешелер көз жасы төгілді,
Нешелер қабыргасы сөгілді.
Қанша аянбай талпынсақ да,
Ақырында, тағдырға төз шөгілді.

1914



Келді хатың мен шаршап¹
Отырғанда дамығып.
Хабарыңа бек ақсап,
Сүзіліп көзім талығып².

Сөзіңнен көріп өзіңді,
Қушақтай алдым қамығып.
Кім сүртті сонда көзімді,
Қамықпайын не ғылып.

Сөйлесіп гүлдей жайнады,
Булыққан көңілім тарығып.
Қапалы лебізің айдады,
Гүл самалға малынып.

Хатың болып бір айна,
Қарай қалдым аңырып.
Баяғы Махмұт жоқ қайда?
Өзімді қаппын жаңылып.

Сарғайған, түсі өзгерген,
Шаң басып, кеуіп қаңырып³.
«Кімсің?» — дейді кез келген,
Достына жалғыз танылып.

Айнадан көріп бұл түсті,
Кете жаздым жарылып:
Қуат бітті бір күшті,
Жеңілерлік тағдыр жалынып.

Мысал етіп бұл жөнге,
Көрсетейін мынаны:
Қуаты күшті вулкандар⁴
Сөнгендей біраз тұрады.

Өлусіреп, әлсіреп,
Түтіні кейде шығады.
Булыққан сайын қуатты
Бойына жиып нығады.

Ол қуатпен атылды,
Кім қарсылық қылады?
Бетін жапқан тау-тастар,
Быт-шыт болып сынады.

1914



АЛТЫ АЯҚ

Тұңғық, түпсіз ашулы,
Асау теңіз толқыған:
Бойымды топырақ басулы —
Жүре алмаймын, жол тұман!
Теңізден қайтіп өтермін,
Түссем, батып кетермін!

Алдымдағы өлімнен,
Міндім қайық көз жұмып,
Адастым қазір жөнімнен,
Қайығым да һәм сынық.
Айрылдым жөне күректен,
Тек жан шықпай жүректен.

Ызғарлы суық, үсті мұз,
Толқын тулап соғады.
Қатты көңіл, қайрымсыз —
Су қайыққа толады.
Енді өлмеген не қалды?
Қоясың қайда бұл жанды!

Талқандаймын тәніңді —
Деп қамалар су халқы.
Қия алмастан жанымды,
Жыладым сонда мен жалқы:



Ем іздеп дертті халыққа,
Жем болдым-ау балыққа!

Таудай толқын тағы кеп,
Үшты қайық аспанға.
Әзірейіл түр «болшы»,— деп,
Қайда барам қашқанда?
Жан таластым тұншығып,
Бір батып суға, бір шығып.

Міне сол уақытта:

Алтайдан бір тал, білмеймін,
Түсті неғып қолыма?
Көз қылды ма құдайым,
Ажалсыздың жолына.
Талдан ұстап қармалап,
Судан шықтым «аллалап».

Суық өткен, шаршаған,
Бола ма адам, болмай ма?
Соққы жеген қаншадан,
Дауасы яки қонбай ма?
Дауа тегін, ем тегін,
Қайтарт, алла, еңбегін.

1911



КҮҢГІРТ ТҮСПЕН ОЙҒА БАТЫП

Күңгірт түспен ойға батып,
Орындыққа отырған.
Жүрек қаны сыртқа атып,
Бет аузынан оқылған.

Бек мұңайып айтты көзі:
«Үмітсізбін» деген сөз.

Өқін тартқан ішіне,
Ызғарлы толқын ойлары.
Қарағың келмес түсіне,
Толқынға батқан бойлары.

«Шыныммен болдым саған қор», —
Деп көрінісі айтып тұр.

Болып қана сыртқа ашық,
Күлейін деп ойлайды.
Іштегі түтін кеп басып,
Онысына қоймайды.

Үмітті көңіл шегініп,
Жылатады егіліп.

Дәмеленіп үміт тосып,
Көңіл қайда депіргені?



Сағынып, ойлап, тулап шошып,
Жүрек қайда секірген?
Амалсыз қазір суыған,
Жылылық жоқ жуыған.

1911





ЕЙ, МАХАББАТ! ЕЙ, ДОСТЫҚ!

Ей, махаббат! Ей, достық!
Алдама, сендер жалғансың,
Құр мазақтап, мәз болып,
Бойды аулаққа салғансың!

Дүние рахат, достық бар,
Тұрмыста жоқ суық қар.
Дүниені жауыз дегендер
Бәрі жынды, ақмақтар.

Көрсө қызар, құмарпаз!
Байламап па еді бағыңды?
Адасасың сен, Махмұт,
Алданып құма сағымды.

Бес-он жылдар шыдашы,
Аларсың сонда тағыңды.
Сондай бола тұрып та²,
Шыдамай саған не қылды?

Тәубе, уәденді жаңылып,
Мінезің неге қағынды?
Сен алданып жүргенде,
Сындырар тұрмыс жағыңды.

1914

ДҮНИЕДЕГІ ҚЫЗЫҚТЫҢ

Дүниедегі қызықтың
Бәрі де арам мен үшін.
Дауасы жоқ бұзықпын,
Талпынбаймын ем үшін.
Туысқаным—қабір құшағы,
Қашан ол келіп құшады.

Ойланып һәм шарланбай,
Құтылған жоқ менен ой.
Ешбіреуін малданбай,
Сенді қатты тұла бой.
Болсам деген үміттің
Бәрінен бездім, ұмыттым.


Аямады еш уақыт,
Дүние маған ашуын.
Алыстады һәм бақыт
Тоқтатпастан қашуын.
Қаматпай жүрек тасқынын,
Босатсын дүние қашқынын.

Зылиқасын көрсө де,
Жүрек енді ашылмас.

От, жалындар еңсе де,
Махаббатқа бас ұрмас.
Дос іздедім, қамдандым,
Таба алмадым, айдандым.

1914





ЖАН ҚАЛҚАМ

Енді, әрине, мен бір шөп
Қозғалмаймын тіпті көп,
Қозғалмаймын демеймін,
Толқитын енді жерім жоқ.

Неге еспейсің желіңнен,
Аяймысың еріңнен.
Жан қозғарлық жар болсаң,
Кел құшақтат беліңнен.
Бұйырғанды көрерсің
Қимылдатқан еріңнен.

Қарадың неге, жан қалқам,
Күйдірейін дедің бе?
Етіп қалдың бір жалтаң,
Сүйдірейін дедің бе?

Өзегімді жандырдың
Идеямнан тандырдың.
Өмірлік көтпес қайғымды
Бір көз салып қалдырдың.

Қызықтырдың басыңа!
Бас имеуші едім ғаламға.

Неғып тарттың қасыңа
Тоңданбаушы өдім адамға.

Көлеңкеңді көрейін,
Құрбандықта өлейін;
Жандырдың өзің өрт салып,
Баспасаң қайтіп сөкпейін!

Бір қараумен ерітесің
Жүректің мұз тоңдарын².
Бір күлумен серлесің
Тағдырдың суық қолдарын³.

Көріп жүрсем күндеймін,
Көрмей жүрсем түндеймін.
Қимақ тұрсын, жат жаннан
Көлеңкеңді күндеймін.

Сені көріп тұрғанда,
Күн мен жұлдыз, ай да жоқ,
Жүрегім лепіріп жұлғанда,
Патша да, құдай да жоқ⁴.

Бәрі сенің бір өзің:
Күн, ай, жұлдыз — дәл көзің.
Мың қайтара тәу өтем,
Аузыңнан шықса бір сөзің.

Сен жоқ болсаң, қарағым,
Дүние жүзі маған кер.
Барлық талайым...⁵
Цифры жоқ, сенсіз ноль.

Сірә да жалғыз мен емес,
Сенсіз дүние кең емес.
Ауруым қатты өлемін,
Өзіңнен басқа ем емес.

Маған салсаң еңкейіп,
Қатайып кет, жасып кет,
Әрі барсаң теңкейіп¹⁾,
Өлексе боп сасып кет.

Айнымас менің сүйгенім,
Сенбес жанып күйгенім.
Бетіңнен сонда сүйгізсең,
Көз жасымды игенің.

Осындай сүйім көрмесең²⁾,
Қатын алма өмірде.
Өзің және көнбесең,
Жай отыр да.....³⁾

Осы сүю жолдаста
Болмаса, кеттің оңбасқа.
Екеуің де бірдей бол,
Болмадың ондай — жол баспа⁴⁾.





ГҮЛ

Балбырап шыққан жазғы гүл,
Көз тартқандай болады.
Кім біледі, сол түрде
Ер жетеді, толады;
Кім біледі, дән сорып,
Қандай мақұлық қонады;
Кім біледі, тола алмай,
Суық соғып тоңады¹;
Кім біледі, күрт түсіп,
Мәзгілінсіз солады.
Мұнық бәрін білмесең,
Өмірің қайдан оңады?

1914



Бұл памятым, ал еске:
Жүрегім сізден көшпеске,
Достық жібін шөшпеске,
Күннің нұры сөнгенше,
Махаббат оты өшпеске.

1915



ОРАМАЛҒА

Төрт ай түстім, жүгірдім,
Бұл орамал жолына.
Еріксіз міне түңілдім,
Түспеді ақыр қолыма.


Идеям бердім жолыңа,
Керікді қайдан сорыма.
Айтып өткен бұл бір сөз,
Кім жазықты оныма!

Аузым күйді шалқайдым,
Басым енді бұрылмас.
Жолдас болды күр қайғың,
Екінші болдым ұрынбас.
Өзіме өзім қожайын,
Енді неғып азайын!

Уақ-түйек ойларға
Алданып қалар мен емес.
Мендей Әли бойларға
Бүкіл сахра тең емес.
Танытамын елдерге,²
Күн астындағы жерлерге.

Бұл ойыма жетуге
Он жыл талап керек қой.
Ойымнан алыс кетуге
Қуғаным болсын айт пен той.
Мен тұрмыстың қылышы,
Тағдырдың буынар
тынысы³.

1213





МАҢАЙЫМНАН ӨРМЕН КЕТ

Маңайымнан өрмен кет,
Жанды қуыршақ арам ет.
Білдірместен астыртын
Алдап едің көз құртын,
Құр бояма қызыл бет.

Анадай тұрып қарасам,
Жанды ерітер жандайсың!
Жуып кетсем маңыңа
Екі аяқты малдайсың.
Сондай бола тұрып та
Өз-өзіңе қандайсың.

Бір көрмеге асылсың,
Көп көрмеге масылсың.
Тек ішіп-жеп жүн тартар
Сарттар мінген қашырсың.
Не сөйлерге тілік жоқ,
Не сөз ұғар білім жоқ,
Саған кімдер бас ұрсын!

Бірақ жазық қазақта:
Ұлы-қызы мазақта.

1915



Жүрегім тулап шабасың,
Жоқты қайдан табасың,
Уытын жайған сыртыңа
Оны қайтіп жабасың?

Өртедің десем, отың жоқ,
Баяғы гүл, құтың жоқ¹.
Келтірмейтін жігерге
Тағдырдан басқа сотың жоқ.

Дүниеде жоқ сүйгенің
Қасірет, қайғы үйгенің.
Көрініп тұрған нәрсе жоқ,
Не қылғаның күйгенің?

Не түсіңе енген жоқ,
Не қасыңа келген жоқ.
Емескіді өз көңіл²,
Бірақ әлі сенген жоқ³.

Емескіме, теңің жоқ,
Аузыңа татыр жемің жоқ.
Мықнан бірі жиһанның
Мұң ғып шағар жерің жоқ.


Басыңа тас тиген жоқ,
Көзің перде киген жоқ,
Қанша күйіп жансаң да,
Сүйгенің бой кген жоқ,

Өзім сүйем, кімде айып?
Күн өткізем мұңайып.
Ондай жарды дүниеден
Таба алмадым қол жайып.

Кім таныды өзіңді,
Кім білдірді сөзіңді?
Желе жортып, жел қуып,
Құр шәршатпа өзіңді.
Ашсаң — қалдық бөлеге,
Жұмып кір көрге көзіңді.
Тағдырыңа бойсұнып,
Салып көр енді төзімді.
Жібегің тұрсын, оларға
Ұстатпа кірлер, бөзіңді!

1915





МЕЙІРІМСІЗ АЖАЛ


Көңілге қайғы ү салып,
Көзден жасты барлатқан,
Жүрекке жара дақ салып,
Жанды ашытып зарлатқан
Уытың күшті, ажал-ай!

Догеніне жеткізбей,
Қайғыға ойын толтырған,
Ойдағысын өткізбей,
Бірді бірден айырган
Мейірімсіз, шіркін, ажал-ай!

Көңілін жастың мұқатып,
Қайғыға ойын толтырған,
Тамырына оқ атып,
Қызыл гүлді солдырған
Түсің суық, ажал-ай!

Бақытын жастың ашқызбай,
Қапыда алдың не түсті?
Көңілін жастың басқызбай,
Арманда алдың не түсті?
Талқаныңды айтшы, ажал-ай!

1915



ШАЛ АЛҒАН ҚЫЗҒА

Қазірде күлағымда ащы зарың
Және де көз алдымда саңырау шалың.
Саңырауға сасық сақал келемеж боп,
Қалада жүргеніңнің білем бәрін.

Көңілімде мұқыңды айтып ашынғаның,
Жоқ шығар тап сол жерде жасырғаның.
Өн бойың үзілгендей созылып кеп,
Ішінен пәуескенің асылғаның.

Ешкім жоқ мұқыңды айтар менен басқа,
Не өнді, құр жыладың жансыз тасқа¹,
Алдым деп төрт-бес қара мез болып жүр,
Сөнбес өрт сала салып қыршын жасқа.

Бұл қайғы мені оңдырмас қоймағанда,
Оңдырар сені қалай ойлағанда.
Тұрмыстың сайлап салған саңырау шалы
Басыңды қайтер дейсің жоймағанда.

1917

А. ДҮНИЕ

А, дүние, берсе қанат тәңірі маған!
Ерік алып, ұшып кетсем көкке таман,
Жер, күннің аймағынан үстін шығып,
Әлемге көз жіберсем сол арадан.

Бойымнан ірілік оты сонда сөніп,
Планет һәм жасаған елді көріп,
Тозаңдай басқа әлем қатарында
Айтар едім елеусіз жерді көріп.

Қандай мән бұл адамның өмірінде,
Дәм татқызар үміт не көңілінде?
Туысында еріксіз жердің құрты
Және еріксіз аһ ұрып сөнуінде.

Әлемге өмір шашқан күні мынау,
Жердегі көрінбеген сыры мынау,
Бар-жоғының тозаңдай елеңі жоқ,
Адам тұрсын, жерінің түрі мынау.

Неменеге мақтандық көкірек көріп,
Өзімізге сонша артық мағына беріп,
«Барша әлем жаралған адам үшін»,
Деп қалайша адасып жүрдік сеніп?

1917





ЖАС ЖҮРЕК

Жас жүрек, қайда сенің ыстық қаның,
Тәп мұндай мұздауыңның айтшы мәнін.
Тәтті үміттің қиялы сәуле беріп,
Ұйықтатпайтын толқынның жойдың бәрін.
Қызған темір жатқандай көкіректе
Сыймайтын мезгіл қайда төнге жаным?¹
Нанғыштық, құлай сенгіш, тәтті үміттен
Бұл күнде, айтшы, неге бет бұрғаның?
Жиіркеніп, көргің келмей өзіңді өзің,
Қамығып неге осынша құрыды әлің?

Әлде сенің жең жайлау жазың жоқ па,
Шалқар көл, қиқу салған қазың жоқ па?²
Жел жетпес, қолда қыран, алтын дабыл,
Қосқанды күтқармайтын тазың жоқ па?³

Әлде жорғаң тайпалтар көшке мініп,
Күміс тұрман көбікке көмілдіріп
Әлде алдыңнан келмей ме жел жетпесің
Ұлы топта ұрандап дүсір қылып?

Әлде жоқ па көк сауыт үске киер,
Әлде садақ тартқанда ақтан тиер?
Әлде найзаң желенті ту астында,

Алаш деп ұран шықса жауға тиері

Шаңқайған ақ ауыл мен елің жоқ па,
Исі аңқып, бетің сүйер желің жоқ па?

Ақ ордада сары шара, қара сабаң⁴,
Ақ бөйбіше сапырмай ма қымыз саған?
Жоқ па әлде басытқыға бағлан өті,
Қымызға қызғаннан соң соңыра таман?

Әлде алдында жүрмей ме сылаң қағып,
Даланың еркелері үкі тағып?
Табиғат өксімей ме әдемі үнмен,
Боз торғаймен қосылса әнге салып?

Сен сонда ұқпаймысың оның сөзін,
Көмір деп ойлайсың ба қара көзін?
Мағыналы сол қара көз бір жалт өтсе,
Жанданбауға өтерсің қалай төзім?

Жас жүрек айтты сонда: Сөзіме нан,
Сол себептен ішімде жылымас қан⁵.
Шындық, достық таппадым сандал қағып,
Өмір бойы алдандым тапқанымнан.

Бү күнге адасудан көз ашпадым⁶,
Не нәрсені көздесем тап баспадым.
Дүниеден басқа рақат тілемеймін,
Кеш, арым, мен білместің адасқанын!





САРЫАРҚАНЫҢ ЖАҢБЫРЫ

Көп уақыт жаңбыр көрмей құрап, күйіп,
Жоқ еді Сарыарқада көрер снық.
Шөлдеген сол қатарда жан-жануар —
Аузына тұра алмаған тілі сыйып,
Айналған Сарыарқамен қоштасуға,
Бір жаңбыр жібермесе құдай ніп.
Садақа неше беріп, жаңбыр сұрап,
Намазды неше оқыған жұрт жиылып,
Көп уақыт зарықтырып, ақырында,
Күнбатыстан қара бұлт жауды күйып,

Сіркірей, шүмектеп күн жалтылдаған,
Көк жерге құлағандай шартылдаған.
Кей уақыт жердің беті алпақ болды,
Жұмыртқадай бұршақпен сартылдаған,
Ыстық жерде өршитін жылан, шаан
Жан сақтауға ін таппай қалтылдаған.

Таулардан бейіл кеңіп, ағып бұлақ¹,
Кей үйлер талқан болып жатыр құлап.
Сонда кемпір от үріп, тұтата алмай,
Шалына төрде отырған айтты жылап:
«Тезек су, кешегіден сүт шикі тұр,
Тілек қылған ел ақмақ жаңбыр сұрап;

Арба астында қалшылдап нiрiлiп тiр
Кеше қырыққан жүнсiз қой, арық-тұрақ.
Бiр жағынан жалтылдап зәренi алып,
Күркiреуден мiне тiр тұнып құлақ.
Бiр үргенде жанатын тезек майдай,
Жаңбырдан маған артық ыстық шуақ!
Бұл мысалдың мәнiсiн ұға алсаң тез
Келген заман — бостандық, жаңбырмен тең.
Уақтыма тезек құрғақ болмады деп,
Кемпiрдей қашпа құдай рахметiнен,
Жаңбырдан соң көгерген Сарыарқадай
Бостандықтың күшiмен көгерсiн ел!
Дейсiңдер: «Тыныш кеттi, күнде сайлау»,
Кемпiрден жоғарғы айтқан қай жерiң кем?

1917





НЕГЕ ЖАСАЙМЫНІ

Сусыз, шетсіз шөлдерден
Тұманды, түпсіз көлдерден,
Адамдық көші өткенше!¹
Қасқыр мен қой дос болып,
Достықсыз өмір бос болып,
Шын өмірге жеткенше!
Іштен өсіп адамдық,
Сырттан түлеп жамандық,
Тазарып әбден кеткенше:
Талай шаштар ағарар,
Талай тәнді жер алар,
Талай буын қуарар,
Талай өмір сулар.

Жасамаймын: «Еңбектің
Жемісін көзбен көрем» деп,
Жасаймын: «Бір қолғабыс
Кейінгіге берем» деп.



..... ҒА

Естимін серілігіңді сіздің сырттан,
Ынтасын замандастар сіз деп күртқан.
«Халық айтса, қате айтпайды» деген сөзбен,
Танысқалы жазамын өстіп жұрттан.

Жас уақытта төндесін тисе тауып,
Жүрек сырын болмайды қолмен жауып.
Қараңғы жерде өсіп қайрат қылып,
Шыдауына менің тұр көңілім ауып!

Жар таңдап, бос деп өстіп сіздің басты,
Ұяттан жас жүректің толқыны асты.
Өткір, сергек дегенге көңілім ауып,
Еріксіз аударып тұр ықыласты.
Қуданың күдіретіне ғажап емес,
Егер де қосам десе екі жасты.

Жайдары жақсы адамда болмас жаттық,
Жас күнде алса жақсы көңіл шаттық.
Жайпаламы адамға хат жазбаймын,
Көпті көріп, көп жердің дәмін таттық.

Білмеймін қалай ауды көңілім сізге,
Сіз-дағы көңіліңізді білдір бізге.
«Жас-жастың тілеуі бір» деген сөз бар,
Ұзатпай аяқ бердік сөзімізге.

СОҒЫСТЫҢ КЕСІРІ

Неше қыршын жастардың
Кеудесінен оқ өтіп,
Ауыздарынан қан кетіп,
Ішіне тартылып көздері,
Ыңырану боп сөздері,
Шытынып көкшіл көздері.
Елестеп көзіне арманы,
Жетем деп ойға алғаны,
Елдегі қатын-баланың,
Әке, шеше, ағаның
Көрмей, жылап қалғаны.
Міне сондай заманда,
Жау әскері қалаңда;
Мал-мүлкіңнен күдер үзі
Ажары тәуір қатын-қыз
Зорлауы мен талонда¹.
Талай мылдар бүрқырар,
Саз балшықтай табанда.
Адам күші жетер ме,
Мұнан да өрі жаманға?
Сондайларды ұялмай²,
Қосармысың адамға?..
Больницаға барғанда,
Сай-сүйегің сырқырап;



Кейбіреулер қорқырар,¹
Кейбіреулер қырқырап,
Дәрігер пышақ салғанда:
Кейлер шыңғырып, шырқырап.
Кейінің ерні кезерер,
Ымдап жұтым су сұрап;
Өкпе тұсы — жан жерден,
Жан тұратын әр жерден,
Кейінің қаны бүрқырап.
Қайғыланып отырар,
Көзден жасы жылтырал...

1918



МҰҢДЫЛАРДЫҢ ЖОЛЫҚҚАНЫ

Жаралған қалай ғажәп мынау аспан,
Қаз бауыр ақ торғындай бұлт басқан!
Жалтырап гауһар тастай көкте жұлдыз
Қараған мұңдылардың көңілін ашқан.

Толқиды шөп бастары соққан желден?,
Ай-дағы нұрын шашты шығып белден.
Желменен еміс-еміс өстіледі,
Дауысы төбеттердің үрген өлден.

Төп-тегіс бұл уақытта ұйықтаған өл,
Бұл сорлы жапа-жалғыз астында бел.
Көңілге әрбір түрлі қиял салып,
Сүйеді бетінен көп ойнаған жел?

Қапалы, мәлдіреген кезде жасы,
Көз салып елді байқар сорлы басы.
Көзіне болар-болмас көрінеді,
Бүтжеңдеп қыз аңдыған ауыл жасы.

Өңі жоқ, тұрғандай-ақ жаңа дерттен,
Айрылған мұнша неғып сорлы өттен?
Зығырмен қайнап шыққан көзден жасы,
Бейне бір меруерт еді аққан беттен.

Осылай жалғыздықты дәрмен етіп,
Отыр еді әр түрлі ойға кетіп⁴,
Ығынан бір төбенің көрініс берді,
Айтысқан уәдесін о да жетіп.

Балбырап қызыл гүлдей отырған жас,
Көңілінде ой, тілеп аққан көзінде жас.
Бұл риза қылыш ұстап қарсы алуға,
Жолында түзуліктің кетсе де бас.

Түрегеп қадам басты қоңыр қаздай⁵,
Ұмытып көрген бейнет ала жаздай,
Жолығып бұл минутте не істеді:
Оқушы түсер өзі мен де жазбай.

1918



АҚ СӘУЛЕ

Назды, нәзік, ақ сәуле,
Көздің жасын мсөң-ау!
Елжіреп жас жүрегің,
Мендей болып күйсөң-ау!
Омырауы ашық ақ көйлек,
Етегі қысқа кисең-ау.
Еркелетіп, бұралтып,
Ерінге ерін тисең-ау.

.....
.....
Ақ тісінді ақситып,
Махаббатпен күлсең-ау.
Ақ торғынға оранып,
Тау ішіне кірсең-ау.
Арасында гүлдердің,
Қолтықтасып жүрсем-ау.

.....
.....
Арасынан тоғайдың,
Түрлі жеміс терсең-ау.
Мынаны қара, жаным,— деп,
Бұралып, күліп, келсең-ау.
Мойныма келіп асылып,
Жемісіңді бөрсөң-ау.
Жас баладай еркелеп,
Жалғыз маған сенсең-ау.



Қылығыңмен, назыңмен
Еркімді алып жеңсең-ау.
Қаз алатын қырандай,
Қайырылып мен де ілсем-ау.
Гүл, бәйшешек ішінде
Ісімді өзім білсем-ау.
Аққан бұлақ қасында,
Сәулелі күн басымда,
Бұлбұл сайрап қасымда,
Ырза болам өмірге,
Үстіп дәурен сүрсем-ау.

.....
.....
Бір томарға отырып,
Аяқты суға малсам-ау.
Майысқан ақ қолыңмен
Дөнеге су салсам-ау.
Кейде суды шашысып,
Кейде жабысып қалсам-ау.
Күлімдеп көзге көз түсіп,
Алдыма қысып алсам-ау.
Киім жапқан өлемнің
Ләззатына қансам-ау.

.....
.....
Үсте сәуле алтын күн,
Қоршаған тоғай нансаң-ау,
Сайраған бұлбұл бұтақта,
Құлақ құрыш қансаң-ау!
Нәше түрлі гүл иісі
Иіскеп мас боп қалсам-ау.
Көрілік келмей, жаз өтпей,
Сондай түрде қалсам-ау!

1919





ӨКЕЛШІ

Өкелші, күй арақты,
Көгерейін көңілді!

Қолдан шаттық жасауға
Арақ тәуір көрінді.
Көлеңкені қуайын,
Басып тұрған өңімді.
Ұмытайын миды улап,
Кәрілікті, өлімді.
Мұқтаждықты, ауруды,
Жол болмауды, көрімді.
Арақпенен сыйлайын
Шаттықсыз аз өмірді.
Шаттығым жоқ бәрі бір
Арақтан артық өнімді.
Іздеді шаттық бұл көңіл,—
Жете алмады, жеңілді.
Сүйенгенім осы арақ
Тарқатуға шерімді.


Біздің өмір бәрі бір:
Ірі мақсат қуа алмас,
Пайғамбар боп жнһанды
Жауыздықтан жуа алмас,
Не гекпий боп сыр ашып,

Анадан қайта туа алмас.
Өмір қысқа, бейнет көп,
Ойласа көңіл қуанбас.
Ертең өліп, жоғалу,
Ұмытуға біздер мас.

Білеміз бе, жолдастар!
Ертең қандай боларын?
Ектің талай өгінді,
Білесің бе орарын?
Кел жұтындар, кел көтер,
Жастық, қызық әлі өтер!
Арақты ішпей пәйда жоқ,
Жабығудан құр бекер!
Түбіне шөйін жұта сал!
Әнге шырқа, домбыра әлі
Бостандық бүгін сөйлеуге,
Жүрегінде нелер бар!
Қанады деме, құя бәр:
Арақ достым, арақ жан,
Білемісің алдыңда,
Қандай күйлер тосады!
Тұрмыс сәні зорлық қып,
Неменеге қосады.
Өзім — патша, өзім — хан,
Құя бәр, міне, босады!

1919





ОСЫ ДА ӘДІЛДІК ПЕІ

Дүниенің дөңгелегі айналады;
Кімі үстінде гүлдейтәп жайланады;¹
Кімі астында езілер саз балшықтай,
Білмеймін, түбі неге айналады?
«Үстегіде не қасиет, астағыда
Не жазық!» деп еріксіз ойланады².

— Үстегі сындырмаған шөптің басын,
Сонда да тамағы тоқ, кигені асыл;³
Жасаулы, әкинәттеулі пәлатада
Қызметкер даяр қылар керек асын.
Он жыл қызмет бір кедей қылып талпас
Қондырған бір жүзікке асыл тасын;
Бір кедей жылдық тамақ етер еді,
Өңдеген бояуына бет пен қасын,
Безенуге, ойынға мал шашумен
Өткізіп бара жатыр өмір жасын.

Қол жоқ онда жұмысқа, іске тиер,
Жұма сайын бір модалы киім кнер.
Сән-сауықтың бәрі де табылады:
Тек қайсысын көңілі оның сүйер.

Бір қонағы тұрады он мың таңге,
Номерлерге барысы одан кем бет

Бір түнгі бір әйелге шыққан шығынын
Түссө де кедей таппас 40 жыл терге.

Жолы бос жиһан көзсе тамашалап,
Алдында стол, биші қыз, қызыл арақ;
Портвейн, қарта ойыны күн-күн сайын,
Іш пысқан соң отыра алмай текке қарап.

Шалқасынан жатса да, құдай берер,
Шашса да кедейлік жоқ оған көрер.
Заводы, фабрика, жер жалынан *
Жыл сайын миллион-миллион доход келер.


Астағы жұмыс қылған қолы жаурып,
Жасынан терге жуылып, арқасы аурып.
Жер астының кендерін шығарам деп,
Жөтеледі, онда жоқ денге саулық.

1019

*1 Жер жалынан — жерді жалға беру
(арендаға беру) мағынасында.




СҮЛТАНМАХМУТТЫҢ КЕЙІН ТАБЫЛҒАН ӨЛЕҢДЕРІ



СЕКІЛДІ ӨМІР ҚЫСҚА, ЖАРТЫ ТҰТАМ

Секілді өмір қысқа, жарты тұтам,
Надандар деп ойлап жүр өмірді ұтам.
Аз өмірді ақындық жолға бердім,
Ләпес қып түкірген соң молда Мұқан.
Қаламды шын беріліп, алдым берік,
Өлде қандай бір күшке көңіл сеніп,
Бұрын жалғыз оқу еді іздегенім,
Енді оған өлең жазу болсын сөрік.
Бірдей ме сабақ берген барлық молда,
Ант берем, алуан түрлі деймін олла.
Денеден-ақ көрініп тұрған жоқ па,
Саусақтың алалығы біткен қолға,
Әкемнен «Әліп-биді» үйде оқыдым,
Үйреніп намаз сабақ жат тоқыдым,
Өлі молда алдында дәл екі жыл
Әртүрлі ескі кітапты бір шоқыдым.
Тортайдан екі жылдай сабақ алдым,
Ол байғұс аяған жоқ ойда барын.
Ғылымның орны бас пен көкіректе,
Бүйір шығып, қампия тоймас қарын.
Мұқаннан екінші жыл сабақ алам,
Ұйықтасам да көңілім оқуға алаң.
Ләпес қып өзі бастап, «ақын бол» деп,
Дұғасын ықыласпен берді маған.

Сондықтан бір мақсатым өлең жазу,
Охуменен бірге іздеп, қоса қазу.
Осы айыма өткен түн серт берілді,
Менде болмас бұл ойдан өмірде аз.



Мариян Асагар деген ағам қатып
16-17^с жаспен келді.



ҚАЙҚЫ ҚҰЙРЫҚ, ШҰБАР ҚЫЗ, ІСТІК МҰРЫН

Қайқы құйрық, шұбар қыз, істік мұрын,
Кім білсін, қандай екен ішкі сырын.
Әдепсіз, молда алдында тасыраят,
Біле алмай отыруды өнтөк қырын.
Бай қызы бұлғақтаған, ерке-шолжың
Күңге лайық кескін мен сыртқы формың.
«Бақ та қатын» деген бар, «сор да қатын»,
Тосып жүрген сені де бар бір сорлың.
Сабақты бірге оқып, болдық тақыс,
Отырған орын жақын, көңіл алыс.
Жібек, торғын жапқанмен көрініп тұр
Жүндеген түнедей боп, қара қайыс.
Паңсыңған, бай қызы боп мінез қандай,
Көрік, сымбат, білімі түгел жандай.
Кейде «ерке боламын» деп өуреленет,
Қара талыс қапшығын есіне алмай.
Сені де дүние үшін біреу алар,
Кім болса да екінші, сорға қалар.
Есі дұрыс жан болса сенен гөрі,
Деп айтпас «сеніменен бағым жанар».
Естісе, өкең азбан қырына алар,
Басыма арылмастай пәле салар.
Тамақтың құлы болған қызыл ауыз,
Аласысыз өшігер, иттей талар.

Естісе әркім мұны жаттап алар,
Алты бақан төлкенде өнге салар,
Өкесінің көз құны бардай іздеп,
Кім жазғанын боз азбан тінтіп табар.





ОРНЫМЫЗ МЕДРЕСЕ ОҚЫП ЖАТҚАН

Орнымыз медресе оқып жатқан,
Талайлар оқу оқып өнер тапқан.
«Аз-көп» деп, бергенінді молда сөз ғып,
Өуелден ресім жоқ ғылым сатқан.
Өнер ғой оқу деген теңдай атқан,
Оқу білсең орынды болар мақтан.
Білімге қарсы тұрар қандай күш бар,
Бас кер талай мырза кеуде қаққан.
Таусылмас ғылым теңіз шалқып жатқан,
Соңынан қалмас оның дәмін татқан.
Өмір бойы оқысаң бір таусылмай,
Қиындығы қинайды жанға батқан.
Шынында, ғылым артық мал мен бақтан,
Ғылым болса қара су тасып аққан.
«Оқу оқып не керек, мал таппай» деп
Қазақтың айтқан сөзі надандықтан.
Молда көп, молда деген атын сатқан,
Басалмай, өтірік соққан шарияттан.
Өзі хат білмесе де «оқуы» көп,
Бас айналған, мылжықнан діңкөң қатқан.



Қ...ҒА СӨЛЕМ

От бар-ау қара көзде жанып тұрған,
Сымбаты сұлу-ақ-ау барып тұрған.
Тін нық, жазық жаурын, орта бойлы,
Жіңішке бел қыналып, талып тұрған.
Көргеннің көз құмары ауып тұрған,
Ойы тілеп, көңілі шауып тұрған.
Өзіне деп жұлқыған жүрек күшін,
Сыртқа шашпай, ақылмен тауып тұрған.
Қарақаттай көзі бар, мөлдір біткен,
Жалтаңдап қарағанда жанар төккен.
Жан азығы болады жас жігітке,
Күлімдеп, қарағанда нұры сепкен.
Дөңгелек, қара торы, сұлу беті,
Кім білсін қоңыр ма, ақ па қандай еті,
Тұр-сымбатқа сай біткен ойы болса,
Не ойлап жүр, қайда екен, ерғы шеті.
Кірсіз тіс, жұқа ерін, сөзге епті,
Ақылмен біліп сөйлер әрбір текті.
Жасы мөнен денесі таласа өсіп,
Хұрмадай нәміл піскен көзім жетті.
Қара сұрмо тігілген қасы жайдай,
Жайдары, ашық мінез, сөзі балдай,
Әдепті әзіл сөзден алдырмайтын,
Ақылға сай, сәйраған сұрша таңдай.

Тік түскен көз арасы, пісте мұрын,
Сәніне көлтіріл тұр беттің түрін,
Сырты сұлу, басында ақылы бар,
Кім білсін, қандай екен ішкі сырын.
Кең маңдай, ми тұрарлық жұмыр басы,
Қара жібек секілді ұзын шашы.
Аналыққа жерасқан төстек неуде
Қатарласа тік біткен қос алмасы.
Жасынан оқу оқып, көлті білген,
Нескелі сөзі жоқ, әдеп көрген.
Сенен асып басқаны таңдамас ем,
Жүрегің мендік болып қолға тисең.





ЖАН ҚАЙДА ӘДІЛЕТТІ ІЗДЕЙТҰҒЫН

Жан қайда әділетті іздейтұғын,
Адамшылық атақты көздейтұғын.
Тірлік пен өлген күнді бірдей ойлап,
Ені жайдан күдерді үзбейтұғын.
Арамға азғырғанды сөзбейтұғын,
Арам ойдың қиялын көзбейтұғын.
Көріне шайтан келіп азғырса да,
Адамдық ар иманнан безбейтұғын.
Нашарды, момындарды өзбейтұғын,
Арамдық теңізінде жүзбейтұғын.
Айтылған уағаданы берік ұстап,
Айным, мылжық сөзді өзбейтұғын.
Бағалап «алтын», «күміс», «жез» дейтұғын,
Байлаулы соның сөзі — сөз дейтұғын,
Айтқаны, істегені ақтық жолы,
Күрулы елде әділ тез дейтұғын.
Ондай жан ойлаушы едік молда болар,
Төң басқан төрт аяғын жорға болар.
Көдей, бай, хажы, төре — бәрі бір бес,
Төңіздей әлем қанған орда болар.
Бұл күнде молда атаулы сорға болар,
Көдей, момын түсетін тор да болар.
Нашар болсаң шығармай жаназанды,
Малың болса, бүршіттей қолда болар .

Айнуды, азғындықты молда бастар,
Сөзі оңды, ісі жауыз, арам нәстар.
Басқаға «пәлен ет» деп бұйырғанын,
Өз басы өмірінде қылмай тастар.
Молданы ол секілді көрді көзім,
Бұзатын өзі айтқан бата сөзін.
Басқаға шариятты суша ағызып,
Өзі оны істемейтін соқыр сөзім.
Қыз да көп сырты сұлу, беті жақсы,
Бір көргенде дегендей «мінім тәпшым».
Албырт көңіл арман тып, ұмтылатын:
«Қолың жетсе аянбай, ұстап бақшы».
Қыз жайын кім біледі жақындаспай,
Ой түкпірін ақтарып, сырын ашпай.
Ішінде ит өлігі жатқан қыз көп,
Көрге бірге түсетін бетін ашпай.
Соның бірі Халима молда қызы,
Бетке шықпай көмілген жүрек сызы.
Бай таңдамай, мал таңдап, неке бұзған,
Бұйырмай баталығы, дәмі-тұзы.
Азғырған өлде өкесі құлқын үшін,
Өлде өзі, кім тінтіпті оның ішін.
Халколладан Жақыпты артық көріп,
Сүйгені тақ қаламын қандай пішін.
Қара сұр адам еді, тапал бойлы,
Мал жанды, баққа құмар, арам ойлы.
Не керік, не сымбат жоқ, қара көмең,
Не сүйді, қыздың көзі неге тойды!
Өлде оны жастық па екен қуалаған,
Қолға түскен пұшпақты ұқалаған!
Немесе, сайқал Жақып обін тауып,
Қаңғыртып қыздың басын дуалаған.

Қыз ғой деп ойлаушы едік көріп сырттан,
Шықты ғой қатын болып елді күртқан.
Мысықша көп көзіңше көзін жұмып,
Түн болса, тышқан аулап, түнде жортқан.
Қайғырма ондай қызға кетсе-дағы,
Қатынсыз күнің солай өтсе-дағы.
«Мәңсінбеді» деген сөз еттен өтіп,
Намыс қозғап, сүйекке жетсе-дағы.
Табылар тағы сондай қара қатын,
Сүйіскен махаббаты одан жақын.
Сырты сенде, ішінде басқа жатса,
Сол емес па нағыз сор кесапатың.





БІР АДАМ КӨП ЖАСАДЫ ЖЕР БЕТІНДЕ

Бір адам көп жасады жер бетінде,
Мекендеп жақсы жайды ел шетінде.
Зорлықшып, арам ойлы, ұры болды,
Құралған арамдықтан дәулеті де.
Нашарды зар жылатқан жалғызын жеп,
Тірлікте ойламаған «көлемін» деп.
Жалғанды жалпағынан басып өтті,
«Жазғанын көрге бара көремін» деп.
Сол сорлы ауырып жатыр өлейін деп,
Қимдайтын аманатын берейін деп.
Тауысып ап желдей ескен аз өмірді,
Қойнына суық көрдік енейін деп.
Өлді ол мезгілінде ажал жетті,
Өлшеулі дүниеден демі бітті.
Оранып үш қары боз басқа түн жоқ,
Сақтанбай тірлігінде көрге жетті,
Жатты ол қараңғыда зәресі ұшып,
Тірлікте молда айтқаны еске түсіп.
Дейтуғын: «имансызға періштелер
Көрсетер көр азабын тәнді қысып».
Қозғалып, шамасы жоқ тұратындай,
Созылды қараңғылық тақ атырмай.
«Қайда жүр періштесі сұрайтуғын,
Кешікті-ау, бұлар қайда, деп жапырмай!»

Сонымен өлденеше жылдар өтті,
Тән шіріп, толырақ боп, тозып бітті.
Шыбын жан айналсоқтап, сасық көрде
«Періште келеді» деп, босқа күтті.
Ал енді молда қайда, сөзі қайда,
Беретін ұжмақ, дозақ аяу жайда?
Білмеймін анығын да, танығын да
Бас қатты шешемін деп, жоқты ойда.





БАЛАЛЫҚ КҮН

Балалық сенен артық күнім бар ма,
Бала күнде бойымда мінім бар ма?
Бәріне жетем деймін, алам деймін,
Жас қиялда тоқталып, тыным бар ма?
Балаға тең көрінер бай мен кедей,
Сүйеді жақсы, жаман, надан демей.
Күнә, сұмдық дегенді ол білмейді,
Айырмасыз ер, әйел бәрі бірдей.
Жақын-алыс деп білмес алалауды,
Аққа жауып жаланы қаралауды.
Өмір, өлім не нәрсе ұжмақ, дозақ,
Білмейді бақ күндеу мен табалауды.
Қайғы, қызық не нәрсе, дәмін білмес,
Байлық, бақыт дегенді көзіне ілмес.
Жақсы, жаман сөздердің парқын айырып,
Не десең де таңданып, құлақ түрмес.
Шіркін-ай, балалық күн, өтесің-ау,
Артыңа қайырылмай-ақ кетесің-ау.
Жігіттікті көрілік қуып жетіп,
Ажал-дағы, көшікпей жетесің-ау.
Қызықты, тәтті өмір, бітесің-ау,
Алдыңан ажал тосып, күтесің-ау!
Туғанда қызықтаған жаңа жанды,
Тумағандай бір күні өтесің-ау.



БАЙЛЫҚ

Байлық-ай, сенің ызаң өтті-ау маған,
Не қылдым өшігерлік, жаным, саған?
Мені көрсен жирендің, теріс қарап,
Әкеңнің мәнде құны бардан жаман.
Өлі жаспын, не қылдым өшігетін?
Ойың жоқ, мені есіркеп, өсіретін.
Көдейлікті жіберіп аяқ, қолды
байлаттың ерік бермей көсілетін.
Сен келсең бар қныным шешілетін,
Сен жоқта аяқ-қолым көсілетін,
Сенің досың байлардай болып, мәнде
Күн бар ма көңіл өсіп, өсіретін.
Келмесең зарлайтуғын мәнде хал жоқ,
Баяғы бір кү көдей қолда мал жоқ.
Өмір бойы бейнеттен арылмаған,
Тұрмыстың көк шолағы, жалда-жал жоқ.
Бәрібір сонда-дағы өмір сүрем,
Қалқақтап көп ішінде мен де жүрем.
Артықтығы: тамақ мол, киімі бар,
Бай көрген дүниені мен де көрем.
Ол маған ұстауға емес, көруге бар,
Байлар үшін жаралған қазына мал.
Адам ұлын алалап, бірдей қылмай,
Нағыз жауыз — байлық сен, пейілі тәр.

КЕДЕЙЛІК




Кедейлік, сен жөксүрүм, түсің сууқ,
Іздемес сені адам көрөк қылып,
Амал жоқ, ықтиярсыз құл қыласың,
Маған салса қасыма келме жуық,
Жанды жөп сен гой мені арытатың,
Күнің жоқ ат пен асқа жарытатың,
Жыртықтан жылтылдаған жас денемді,
Күнге қақтал, өзге қарытатың,
Жарытпай кнер киім, ішер асқа,
Сөктіріп малы барлау надан, насқа,
Жас көңілді қайғымен уландырып,
Сенсің гой толтыратың көзді жасқа,
Қинайтын жан алғыштай жанды сенсің,
Түсі суық жыланмен бірдей теңсің,
Маған салса кедейлік аты өшкірді,
Дер едім, тұрмастай ғып жерге камсін,
Бірақ сен өлмейсің гой, жаның берік,
Құтқарсаң бар өлемді шыны өліп,
Өлмесең де өлтірем өсе келе,
Жүрмеспін молдас болып саған еріп,
Талайды осы күні-ақ жүрмін көріп,
Жалқауды қақталарсың аттай мініп,
Талаптының маңына жолдамайсың,
Талаптанып қууға өзімде ерік.




ЖЫЛЫ КЕШ

Жазғы кеш, жарық айлы, қоңыр самал,
Рахат таза ауасын жұтқанда бәл.
Сұлу жұлдыз жымымдап шақырғандай
Кәрікті нұр сәулеме көзіңді сал.
Алтын ай толықсыған сар дөңгелек,
Нұр сепкен жер жүзіне аспанды өрлеп.
Жұлдыздар да тұрған жоқ босқа қарап,
Ай сәулесін күшейтеді көтермелеп.
Көк ауа, мөлдір аспан бейне жібек,
Көргеннің көңілі өсер, ойы түлеп.
Ай бауыры, көк орайдың қойнында
Сырласар сыбырменен сүйген жүрек.
Оранып гүл-шешекке жұпар иіс,
Жайқалған жапырағы жасыл бүліш.
Күшақтап қалқатайды орман көзсең,
Бақыт табар, жаның да болар тыш.
Ол жерің су жағасы болса мүйіс,
Тоқталса демалыс боп ұзақ жүріс.
Аспаннан ай сәулесі тіктеп түскен,
Басталса ақ тамақтан тәтті сүйіс.
Сол түннің кетпес еді суреті естен,
Ондай сүйген махаббат болмас өшкен.
Қартайып көр аузыңда тұрсаң-дағы,
«Ау, дарыға» дегізің, ойға түскен.



ТӨРЕ КӨРСЕ ЖАЛАҢ БАС ШҮЛГЫП, БИЛЕП

Төре көрсө жалаң бас шүлгүп, билеп,
Бәйік боп, өулнедей ізін сүймөк.
Елге келсе, өтірін мақтанатып:
«Қорқайын ба, ұлыққа айттым сүйдеп».



ҚАНДАЙ БАСШЫ

Қазаққа басшымыз дер шляпалар,
Очки сап, портфель ұстап жүрген жандар.
Істеген он тындық еңбегі жоқ,
Бос мылжың, даурықпада қанша мән бар!

Өзі үшін бір қалаға барып келсе,
Керек-жарақ нәрсесін алып келсе.
Одан артық басшыны қазақ таппас,
Шығынын он өсе ғып салып келсе.

Газет-журнал басшыны мадақтаса,
Өтірік-ақ оған кір жолатпаса,
Көрінген мінін-дағы бетке айта алмай,
Аңшының итіндей боп алақтаса.



КӨҢІЛІМ, НЕГЕ ЖАСИСЫҢ!

Көңілім, неге жасисың!
Мным, неге ашисың?
Ой түбіне жете алмай,
Жүректі тырнап қасисың.

Көзім, неге таласың?
Үмітсіз қарап барасың.
Түтінің жоқ, отың жоқ,
Түншығып кеудем жанасың.

Иығым неге басырқы?
Түсім неге қашырқы?
Өзімнен-өзім салбырап,
Етек-жоқым шашырқы.

Жау таларан ойыңды,
Көтермейсің бойыңды.
Тұрмыстың ұзын құрығы
Бұрды ма түсіп мойыңды.

Бейхабар жатыр ата-анам,
Көре алмай көзім қала ма?
Барғаның сәлем дегейсің,
Қаралы болған анама.

Он тоғызда жасыма,
Қасірет түсті басыма.
Көре алмай қалсаң арманда,
Уайымдал бізді жасыма.





Ж.

Қарақат нәздің сөулесі,
Жүректі түртіп тұлзатат,
Мен сол ойдың өурәсі
Түйінін таппай ұлатат.
«Сөулешім» деген бір сөзің,
Есімнен кетпес өмірде,
Серт қылдым берік мен өзім,
Өшпестей жазып көңілге.
Қосылған жүрек, тілек бір,
Дегені бірақ бола алмас,
«Болдырмақ!» десең өзің біл,
Оқсыз жаным тына алмас.
Еркінді бердім өзіңе,
Бұйдалы басым бұрылмас.
Көрінбесең көзіме,
Сабырсыз жүрек тұра алмас.
Аз ашылған сөзден де,
Түрі бар істің оқалмас.
Бар жиһанды көзсем де,
Сенсіз бақыт қона алмас.
Сенемін, сен де мендейсің,
Тек қана тағдыр айырар,
Басқаға көңіл бөлмейсің,
Мен үшін ғана қайғырар.

Топас күш — тасқын, біз жаңқа,
Сең соқса достар айрылар.
Бар қайғым осы, жан қалқа,
Топанды күш жоң қайырап.
Жетпесе жүрек сертіне,
Жас көңіл жасып майрылар.
Бұғау салса еркіне,
Ажал көп жанды жай қылар.
Бәрі де қолдың қысқасы,
Бір күнді мойынға алмауым,
Тағдырдың шебер ұстасы,
Көрдім мен жоқ қып қарғауым,
Талапты жас жүректі
Дүние қоймас алдауым.
Бермесе тәңірі тілекті,
Істесін мейлі жалмауым.



БАЛАЛЫҚ ЖАСЫМ ӨТЕСІҢ

Балалық жасым өтесің,
Жігіттікке жетесің,
Орта таудан аса алмай,
Бір шұқырға тығылып,
Шыбын ұшып көтесің.



ӨМІРДІ ҮЗІП АЛУЫ

Өмірді үзіп алуы,
Қараңғы көрге салуы,
Мың жасасаң да көңілде,
Сөзсіз, арман қалуы.



ҚОЖЕКЕ, КЕЛДІҢІЗ БЕ КӨҢІЛІМ СҮРАҢІ

Қожеке, келдіңіз бе көңілім сұрай?
Менің адам болуым екі талай.
Көп болса бір жұмалық өмірім бар,
Байқашы, мына менің шамам қалай?
Дерт күшті, тамағымнан жүрмейді асым,
Жастыққа, жетел қысып, тіндей басым.
Тағдырдың кездестім ғой көрмесіме,
Талапты жмырма сегіз деген жасым.



ҚАРАҒАЯ ДА ҚАЙҒЫРЫП

Қарағая да қайғырып,
Суылдайды заманға,
Иесінен айрылып,
Кездескен бәрік қамалға.
Ақ қайық да дірілдеп,
Әлденені күткендей.
Қайғылы үнмен күбірлеп,
Сөйлейді тіл біткендей.
Дауылға өлсіз қара ағаш,
Күдәрін үзбес өмірден.
Бұтасыз түбі жалаңаш,
Тас топыраққа көмілген.
Шоғырлы біткен сом төрек,
Жыл сайын қажып, кемиді.
Қуарып қызыл гүл шешек,
Өлімге өзін тәлімді.
Жаңа өспірім жас шілік,
Жер тұтасы болады.
Бақытты тұрмыс — тіршілік
Бір кезде соған қонады.



АҒАЙЫННЫҢ АЗҒАНДЫҒЫ

Өмірде неше түрлі уды іштім,
Неше түрлі азапқа, жаным, түстің,
Ағайынның ішінен ала шықса,
Жау ішінде бар ма екен сонан күштің.

Күңдейді, бәлен дейді көре алмайды,
Мен кірген қауымға олар ене алмайды.
Ертең жаны шығатын шұбар жылан,
Соңыма жылдан артық ере алмайды.

Қара көңіл адалға сене алмайды,
Ақты қара қашан да жеңе алмайды.
Өмір бойы тілеген бір тілегін,
Махмұт бүгін жауына бере алмайды.

Бұл жолда көрек емес жанды өяу,
Ол онша ұзақ емес түр той тауу,
Ұлы кеуде мшқынып жан берсе де,
Шынашақта қозғалған қанды қой-ау.

Мен соған сөзсіз әлі-ақ жетем деймін,
Шын досыммен қосылып көтем деймін.
Өткен күнді тек қана өңгіме қыл,
Қалған күнде бақытпен өтем деймін.

Ол ойым кешікпей-ақ болуы анық,
Көзім жетті сәулесі күннен жарық.
Шын өмір, шын әділдік сол күнде орнап,
Мен секілді қуанар миллион талық.

Сол кезде сөйлесерміз қаймықтастан,
Көз жыпықтап өт жүрек шайлықтастан.
Өткен күнгі сүрхне сұр жыланды,
Сөз қылып тоғарармыз талай дастан.

Кейінгі жас балалар оқып көрер,
Көйде жылап, кей кезде сақ-сақ нүлөр.
Кім адам, кім айуандық істегенін,
Кімнің дос, кімнің қасын анық білер.

Сонда олар сын көзімен әділ қарар,
Ел жауы кім екенін дәлдеп табар.
Сол жаудың ұрым-бұтақ тұқынына,
Аямай әділет заң балта шабар.

Арманым сол өмірді көрсем екен,
Соған дейін адам боп жүрсем екен.
Өмір бойы тілеген осы тілек,
Сарқайтып сағындырмай келсең өкен.

С А С Т А Н Д А Қ А Т А М А С





ЖАЛЫНУ

Қыздырманың қызыл тіл,
Түбіне жетер соны біл,
Бұл алғашқы ауыр жыл,
Еңбек істе, адал қыл.

Тау басында тұрғанда,
Жарға қарай құлатпа.
Дұшпан өрті жанғанда
Жалынға мені сұлатпа.

Жаны ашыған аялды
Мен білемін ұялтпа,
Ертең-ақ өлге жаярды,
Маңайға жақын жуытпа.

Аштан өлсең, өкетай,
Арамға мені қинама.
Сұрасаң қайыр, шешетай,
Мен үшін жемтік жинама.

Мен білемін арамның
Көмбейдегі қалтқысын.
Ісі болар наданның
Ойламасаң артқысын.

Бүгін берген қос бие,
Мінуте берген жорғасы
Сол үшін отқа мен күйе,
Кімге айтармын «қорғашы».

Оқымаған ақ көңіл,
Бар адамға сенесің,
Қазулы терең ордн біл,
Құласа балаң өлетің.

Қандай жақын маған ол,
Жал-жап беріп күтерлік.
Нәткен жомарт, нәткен мол,
Жауына жәрдем өтерлік.

Ол тәтті тіл алдайтын,
Өлтіруге дұшпаның.
Еліккен аман қалмайтын,
Білмей жерді күшқаның.

Олай болса, аяғай,
Балаңды бекер қинама.
Балаң десең, шешетай,
Маңыма құзғын жинама.





ЖАРҚЫНБАЙ

Жарқынбай дәулетімен «қадірлі» адам,
Болса да көрдей соқыр, нағыз надан,
Мал мақтатпай қоя ма өтірік-ең.
Ақыл, ойсыз болса да малдан жаман,
Мал бітті, мал секілді сасық жанта,
Өр көкірек өзімшіл топас паңға.
Көдей болса жүн көрер адам емес,
Жамандығын мал жапты амал бар ма.
«Төгілді малдан сұра!» дегені рас,
Бұл күнде малы жоққа бақыт қонбас.
Бай болсаң әркім сыйлап «жақсын» дейді,
Болсаң да қандай надан, қандай топас.
Соның бірі Жарқынбай мынау жүрген,
Не ақыл, не білім жоқ оқып жүрген.
Бұл күнде адамды емес, малды сыйлап,
Әркім-ақ орын береді оған төрден.
Былыр ол «би болсам» деп арман етті,
Сойыс қыл, елге шауып, ақша төкті,
Берудің арқасында беделді бол,
Би болды, жез знакке қолы жетті.
Сары жез сатып алды малын шайшып,
Сол үшін мақтанады мықын басып.
Төбетке тағып қойған қарғыдай қыл,
Ол «шөнік» тастемейді мойнына өсыл.
Ол қарғы білім бермес таққанменен,

Надан білгіш бола ма мақтанменен,
Мастан шалуып, тұлпардан бәйге ала ма,
Қадірлеп асыл жабу жапқанменен,
Бәйде бар оқып жүрген бір ер бала,
Жасы келіп қалса да ақылы шала.
Бәй баласын «қасман» деп кім айтады,
Деген ғой «басы итінің бәрі қара»,
Баланың киімі оңды, тамағы тоқ,
Мәгежін елі сүйек, бір былжыр...
Он жыл үзбей қысы-жазы оқыса да,
Әлі күнге ол көше хат білген жоқ,
Он жылдай оқытаны қара кітап,
Бәріпті әжесіне молда сыйлап,
«Көрің қадір», «Көсік бас», «Бақырғаның»
Көшірмесі мыл жеп, жанын қинап,
Он жылда оқы кітап бір бітпеді,
«Қасметті» деді бәй, құрметтеді,
Талған адам тұрыпты бір сипеса,
Лелесі қара молда құр көтпеді,
Бұл кітапсыз босанбасқа қатындар да
«Мыңда бір дауа, дейді мартуларға»
Бір жапырақ тұмары бойды сақтар,
Ауырсақ ішірткі ал, қапыл қалма,
Бісмілде айтпай, дәретсіз жеңін барма,
Молдадан артық білер ақыл бар ма,
Соғып кетсе киесі оңдырмайды,
Біле тұра жаныңа қасың бар ма,
Бұл кітаптан жыл-шайтан қашып кетер,
Жаны шошып, зирәсі ұшып, сасып кетер,
Артына қайрылуға шама келмей,
Қап тауының басынан асып кетер,
Осындай кітабы бар бәйды көрдім,

Түс секілді өнімде жайды көрдім,
Даулеті, қасиеті, шекі де бар,
Тұл-туғал төрт құбласы сайды көрдім.
Орысша оқығанды «кәпір» дейді,
Иманы жоқ, сауаптан тақыр дейді.
Ғылым туып қолға алып шықса біреу,
Бұзық келді, болды-ау заман ақыр дейді,
Кім мақтаса соны дос, жақын дейді,
Надандар неден сөзін ақыл дейді.
Молданың өтірік айтқан шарғатын,
Құдай сөзі айтқаның мақұл дейді.
Білімді, оқығанды күндеп бағар,
Өтірік, өсек пенен жала жабар.
Өзінің түйедей мінін көзі көрмей,
Біреудің түймедейін тінтіп табар.
Мен білемін деп ойлап адасады,
Білімдіге өштесіп таласады.
Мал болса арманым жоқ, жетілдім деп,
Қит етсе малдың басын санасады.
Жарқынбайдың жайы осы ел мақтаған,
Әрі бай, әрі би деп жұрт мақтаған.
Ішіп көтер, жеп көтер сұндар жылып,
Маз болып, байды мақтап ыржақтаған.
Бай сонда көтермес пе мұрнын көкке,
Етер ме көтердің деп оларға өкпе.
Аурусыз «як-түпан» деп құр жетелілі
Паңдықты байқатпас па төңірекке.
Бар еді Жарқынбайда үш-төрт бала,
Оларға байлық тұрса шірнеу қайда.
Күләйме ұлдан үлкен жалғыз қызы,
Ұқсайды көркемдігі туған айға.
Он сегіз Күләйменің келген жасы,

Жібектей үлбіретен маңдай шашы,
Мүлтігесіз тұла бойы бір міні жоқ,
Алланың шын жаратқан тамашасы,
Жанарын көрген көздің алар бұрып,
Азырақ езу тартып қойса күліп,
Қызғалдақ пісіп толған шілдедегі,
Жер гүлі, қызыл нұрлы шашып ұрып,
Көргеннің өсі көтер қарап тұрып,
Тәні еріп, ойы маз боп, дымы құрып,
Оңаша көзі келіп қалған жерде,
Сөз түспес аузына құдай ұрып,
Тартпаған әжесіне мінез-көрік,
Құрбыны қорламайды пақсып жеріп,
Ақыл, ой, мінез, көрік түгел келген,
Шын сұлу, сымбатты-ау ерге серік,
Шешеге де тартпаған бір мінезі,
Күлімдеп күн сәулелі жарқын жүзі,
Көптен түскен қауһардай көзді ұлтқан
Қол жетпес күнсұлудың нағыз өзі,
Күләймәні әжесі малға сатқан,
Құдай деп, құда болып бата айтқан,
Әрі малды көбейту көп үстіне,
Әрі би боламын деп, қарғыс атқан,
Бергені бір хажының бай баласы,
Мал, басқа түгел толған айналасы,
Құда боп күйрық-бауыр жегеннен соң,
Басылған бақ күндестік, тай-таласы,
Күйеуі Күләймәнің теңі емес,
Тең түгіл, түзу қарар адам да емес,
Сұлудың сырты бүтін, іші түтін,
Мұқаннан басқа бұл сырды адам білмес,
Мұқан мен Күләймәнің сыры тату,

Жүрек сүйің, басталған құп ұнату,
Ұзақ түн, оңашада сырласқанда,
Болатын неше түрлі ойға бату,
Күйеуі мал тәлеген малдың бірі,
Ақ үрпің балапандай көрсен түрі,
Не сымбат, не көркі мен мінезі жоқ,
Ақылсыз шошқа мінез, сөзі ірі,
Ақылсыз ой, талыс аяқ, сасық қолтық,
Мәтежін, шартық бұқа, бойы қортық,
Буаз қатын секілді шартығанда,
Айран күйіп байлаған бір жан торсық,
Оқу жоқ, көз орны бар, кеуде соқыр,
Көргенді, естігенді ми жоқ тоқыр,
Көзі көк, жірпігі ақ, түсі серы,
Алапес, өне бойы өшкі қотыр,
Мінезі сондай жаман, ісі содыр,
Сондықтан, әркім оны дейді шодыр,
Күлдіме қосақталса бұл есекте,
Арам өлген бір ақху қарға шоқыр,
Мұқан кімі Замандасы мақым жүрген,
Сыр ашып тар төсекте ойнап күлген,
Бір-бірі қара көздің қатын оқып,
Жүректің не айтарын оймен білген,
Мұқанның бар айыбы — малы кедей,
Әке бар, туысқан жоқ, шеше өгей,
Ақыл-зайың, түр сымбат тұтас келген,
Сөзге ұста, ақын жігіт сұрша көмей,
Оқыған, білім алған жасынан ол,
Бар адам болмаса да дәулеті мол,
Жігіттің бұл күндегі Абылайы,
Не керек, бақ байлайтын бір қысқа қол,
Талабы, бар ынтасы зор оқымақ,

Үлгілі үлкен городтан білім алмақ,
Мұқанның жаным жейтін ауыр қайғы,
Қаптырған Күләймеге тұрмыс қармақ,
Сондықтан оның ойы оң бес бөлшек,
Қайғымен күйік тартқан сүйген жүрек,
Зарыққан Күләймені көрген сайық,
Дертіне ем таба алмай көңілі жүдеп,
Осы жаз қыз алуға күйеу келмақ,
Мал алған бастасына ақе бермек,
«Қыздың байы бес байтала» деген рәс,
Сорлы қыз, ақе салса, малша көнбөк,
Ол солай болатыны, сөзсіз рәс,
Топастар ойын етпей көңілі тынбас,
Сұлуды тұрмыс торы шырмал алған,
Үдем деп Мұқандағы қарсы тұрмас,
Тұрғанмен қолдан түк те желері жоқ,
Жан қыяу, іс боп шығып, өнері жоқ,
Қараңғы ел, қара теңіз тасып жатқан,
Шыпшық боп өртеймін деп өлері жоқ,
Құралсыз жауға шабу кімнің ісі,
Көз жетсе келмесіне оған күші,
Түпсіз теңіз түбіне тартып кетер,
Аылқау күш, дәл теңіздей елдің іші,
Келбеттің жері жазық, шөбі шалғым,
Түгінен майы шығап семіз малдың,
Тасқудың мұз бұлағы ағып жатад,
Сылдырап табанында биік жердың,
Сол жердің оң жақтағы жағасына,
Тас өткел мұз бұлақтың арасына,
Жылжып көп жұрт жаңартқан

Жарқынбай бай

Той қылды ұзататын баласына.


Іргесі мөлдір тымық өзен,
Күні жоқ күндіз-түні дамыл тапқан.
Сылдыры сыңсып жарға қоштасқандай,
Шын тыңдап, зерттеген жан ойға батқан.
Бір сұлу суға келді шолпы таққан,
Басында таза шапан бетін жапқан.
Төгіліп қара наркес көздің жасы,
Өзенге үнін қосып, мұңын шаққан.
Ыстық жас мұз бұлаққа тырс-тырс тамған,
Ағызған көздің жасын іштегі арман.
Жүректің қызыл қаны құртша қайнап,
Шыдамай қызуына дене жанған.
Шарпылып қайғы өртіне тұла бойы,
Мұз балақ сөндірет деп келген ойы.
Бата оқыр, ас бергеннен аты суық,
Көрінді әкесінің қылған тойы.
Күйеу мен құда келген кеше кешке,
Той қылған опыр-топыр бүгін түсте.
Жеген тоқ, ішкен мас боп, шалқып жатыр,
Сұлудың мұңын алған кім бар еске.
Сұлудай қайғы жұтқан Мұқан жалғыз,
Мәз-мәйрам, сауық құрған жеңге, балдыз.
Жасырын жар астымен қызға келді,
Кезді аңдып жар жағасы болған жансыз.
Келді ол ақырғы рет амандаса,
Сұлуға көңіл айтып мауқын баса.
Ажал кеп әкеткелі төніп отыр,
Сүйгенін дейтін көзден қылман таса.
Егілді Күләйменің көзден жасы,
Жанына келген кезде жан жолдасы,
Құшақтап сүйген жарым сен деді ол,
«Бұл сырға куә болсын судың басы».

Мұқан да шын жүректің төкті жасын,
Аялап алақанмен қыздың басын,
«Кетсең де жүрек бірге, қайғы ортақ,
Тілегім: маңдайыңнан жарылғасын».
Қыз айтты: «жарылғайтын күні қайда?»,
Жақсылық көрем, деген түк жоқ ойда,
Құдайдың-ақ ажалы қазір жетіп,
Бата оқыр болар ма еді осы тойда.
Сонда мен көп өліктің бірімін ғой,
Сүйгеннің аузындағы жырымын ғой.
Бұл күнде аруақ та бір, мен де бірмін,
Тек қана сырт көргенде тірімін ғой.
Жарылқап не береді құдай маған,
Жақсы боп, қайта тумас анау жаман.
Менің барлық тілегім жалғыз сенсің,
Бақытты өмір бергей де тәңірім саған.
Мен өлік, менде жан жоқ бұдан былай,
Тағдырда солай жазған көрі құдай.
Кінәні маған қойма, заманға қой,
Жүрерміз амандықты сырттан сұрай.
Елде егер жүрсең келмей, ұмытпассың,
Сүйгенге сырттан кір сөз жуытпассың.
Тұлыпқа мөңіреген сиырдай боп,
Көрүмен сүйген жарың мауық бассын».
Ағытқан барлық сырын сұлу жылап,
Қалжырап, әлі бітіп кетті құлап.
Талықсып, ес жинауға шамасы жоқ,
Тұрмыстың оғы тиіп жатыр сұлап.
Оңаша жардың асты көлеңкелі,
Тарылған қайғы алқымдап қыздың демі.
Қоңыр сая, самалды ысытқандай,
Жалынды көкіректен шыққан лебі.

Мұқанның құр сүлдері отыр шыдап,
Бойы еріп, жүрек жұлқып, аттай тулап.
Бұлдырап екі көзі қарауытты,
Сұлудың зарлы сөзі жанын улап.
Бір кезде есін жиды, көзін ашып,
Жанарлы қара көздің оты жасып.
Қоштасып Мұқанменен үйге қайтты,
Дірілдеп, әлсіз аяқ шалыс басып.
Той бітті, кеш те жетті қол ұстатар,
Кәде көп, ырымы бар, шаш сипатар.
Болғанда түн ортасы қызды қамап,
Сыпылдап сөйлеп отыр жас қатындар.
— Еркежан, жерің жайлы, күйеуің тең,
Дүние, мал-мүліктен болмайсың кем.
Әлдекімнің баласы секілденіп,
Айтқанға көнбегенің осының нең?
Күйеуің келеді деп тосып отыр,
Басылды кісі аяғы опыр-топыр,
Бәлсініп бүгін бармай қойғанменен,
Ертең-ақ Күйек молда некеңді оқыр.
— Көрмеймін қашан үйден кеткенімше,
Қолына ноқталанып жеткенімше,
Жүрегім шын елжіреп, жаным сүймес,
Жек көрер өмір бітіп, өткенімше,
Тілімді алмады деп сөкпе, жеңеше,
Болайын мен разы өле-өлгенше.
Сол кезде қайтер едің, жеңгетайым,
Маған деген бұл пәле саған төнсе.
Ақырғы осы түнім үйде жатар,
Қайғылыға кешікпей таң бар ма атар?
Тас түскен жеріне ауыр деген бар ғой,
Демеймін менің қайғым саған батар.


Деді де теріс қарап қалды жатып,
Жанына жоламады жеңге батып.
Қалтып түн күзеткен қотыр күйеу,
Жаңа ғана қисайды, таң да атып.
Ат жеккен пәуескеге байлар таңдап,
Құндыздай жылтыр қара жүнін парлап.
Асылып екі әйелдің иығына,
Танысқан Күләйме қыз елге зарлап.
Зарлы үн естігеннің ойын шарлап,
Тұңғыық, мәні терең ұқсаң барлап.
Өмірден түңілгенін ашып айтты,
Малқұмар топастардың ісін қарғап:
«Жапанда бір гүл едім жеке біткен,
Қызықты дүниеден өмір күткен.
Он сегіз жасқа жаңа келгенімде,
Басымнан жастық дәурен желдей өткен.
Адасқан, теңін таппай мен бір жалғыз,
Құр дене қимылдаған жүрек жансыз.
Шілдеде мұздай болып қатқан көңіл,
Сүйе алмас жүректегі ыстық қансыз».
Қыз сөзі тіксіндірді жұрттың көбін,
Суытты кейбірінің жылы көңлін.
Арбаға мінгізсе де дауысы естілді,
Астына түскенінше Сары дөңнің.





ДІН

Дін деген — өтірікке нану деген,
Көңілге өнбес қиял алу деген.
Қиямет күн ғарасат майданына
Өлген адам тіріліп бару деген.
Хор қызын жиырма бестен алу деген,
Мәңгілік, өлмей-жітпей қалу деген,
Өлмейтін, қартаймайтын жайға апарып,
Пендесін басқа күйге салу деген.
Дозақта күнәлілер жану деген,
«Кәпірді» зор азапқа салу деген.
Мұсылманнан басқаның бәрі иттей боп,
Өшпес от, бітпес бейнетте қалу деген.



Бұл — молданың өтірігіне сену деген,
Жетегіне соқырдың еру деген.
Алдамшының алдаған сөзіне еріп,
Қолда барын сыпырып беру деген.

Өлген адам тіріліп келу деген,
Қартаймай, өлмей тірі жүру деген,
Жақындық жоқ, ұйқы мен тамағы жоқ,
Мәңгілік ұзақ өмір сүру деген;
Жұмаққа қазақ қана кіру деген,
Ол сырды қожамолда білу деген —

Ежелгі надандықтың кесірі ғой,
Ғылымға бой ұсынбай іру деген.
Миға кірмес өтірік сөз емес пе,
Мұның бәрі — бос мылжың үру деген.





САРЫБАС

Жалаң бас, жалаң аяқ, жыртық дамбал
Кір көйлек, қомыт күпі, шидем шалбар.
Сары үрпек, көгілжім көз, өңі жүдеу,
Қу мойын, аш қабырға аңғал-саңғал.

Жарық қол, қара табан, жалақ ерін,
Толтырған кеудесіне қайғы-шерін.
Жеті атасы құлдықта күн өткізген,
Кірме деп кемітетін ата-тегін.

Ата-анасы қартайып, жасы жеткен.
Кедейлік жас күнінен тентіреткен.
Кірсіз киім, дәмді асты арман қылып,
Қайғылы жоқшылықпен күні өткен.

Азамат үш ағасы сақа бойдақ,
Енбектің қазанында піскен қайнап.
Атасына басылған нәлет таңба,
Бұлардың да сендей ғып басын жоймақ.

Шүкібай шал әкесі, заты Керей.
Адал қара бітпеген тұлдыр кедей.
Сарыбасын оқытуға былтыр берген,
Жалшы боп пайда тапсын бұл да демей.

Бұл іске тұра алды ма байлар күлмей,
Кекесін, өткір зілді тілі тимей:
«Артында жоқ көсеумен қамшылайды,
Ақымақ әуре деген әлін білмей».

Ондай сөз Шүкібайды налытпайды,
Үйреншікті кедейлік қажытпайды.
Сарыбасымды оқытам, адам қылам,
Деген ой барған сайын шалықтайды.

Малға кедей, көңлі бай, зарықпады,
Сөзі семіз, мінезін арытпады.
Бар еңбегін Сарыбастың оқуы үшін
Ант қылды соған арнап сарыққалы.

Сарыбасқа өткір зейін дарытқаны,
Бір-ақ жылдың ішінде анықталды.
Қойшының көк шолағы жүйрік шығып,
Шабысты барған сайын дамытқаны.

Жақсы оқып, зиректігін танытқаны,
Жолдас түгіл молданы ақыртқаны.
Піскен бас, көбік өкпе бай баласын
Таң қылды, сөйлесе естен жаңылтқаны.

«Кедейдің ақылы жоқ мәңгі» деген,
Растыққа бай сөзін дарытпады.
«Малға бас, бай баласы кеше» деген
Асанның мақал сөзін анықтады.





Оқу

Бүгіндегі жастарға оқу міндет,
Тек қана оқуменен өнер білмек,
Өнер-білім, адалдық, ар-намысты
Жоятын надандық қой емсіз індет.

Бар қиынды тек қана ғылым жеңбек,
Оқыса басқа елдердей қатарға енбек.
Білімге ел боп аңсап құмарланса,
Жетілмек аз-ақ жылда жоғары өрлеп.

Көрші елдер өнерсізді қорлап күлмек,
Оқу мен бірлік болса, көзіне ілмек.
Қараңғы Қарынбайдай надан болсаң,
Байлығыңа иелік бермес күндеп.

Өнерлі ел бар мұқтажын жерден ембек.
Өнермен техникалы жұмсап еңбек.
«А, құдай, өзі берден» түк шықпайды,
Талаптанып, талпынсаң сонда бермек.

Алдыңғы ел малға емес, жерге сенбек,
Бар мұқтажы адамның жерден өнбек.
Басқаға малайлыққа жеккен күшті
Жұмсасаң өзің үшін шындап терлеп.

Өнерге сай боп келсін бірлік, ерлік,
Сонда ғана аларсың сен де теңдік.
Надандықтан екенін білесіз бе,
Көрінгенге болғаның семіз жемдік.

Ел болуға алдымен білім тірек,
Бір сөзді, бір ауызды намыс керек,
Жалғыз ғана оқумен теңелмейсің,
Алты ауыз азғын болсаң қоян жүрек.

Қажырлы ел жаннан арын артық көрмек,
Өнерге ұмтылатын аңсап-шөлдеп.
Қорғайды елін, жерін қаныменен,
Болмайды жаннан қорқып басын имек.

Наданды әркім жейді нандай илеп,
Жыртқыш ілген үйректей тірі жүндеп.
Өгей бала секілді тесік өкпе
Жалғанда теңдік көрмей жаны күймек.

«Ел» дейтін адал басшы әзір сирек.
Көпшілігі табансыз, қорқақ, күйрек.
Елі үшін құрбанға шалса разы
Кім бар еді ту ұстаған елін сүйреп?!

Төре көрсе жалаң бас шұлғып, билеп,
Бәйік боп әулиедей ізін сүймек.
Елге келсе, өтірік мақтанатын:
«Қорқайын ба, ұлыққа айттым сөйдеп».

Ел үшін еңбек етсең, халқың сүймек,
«Біз үшін отқа, суға түсіп жүр» деп.
Ер өлсе де, еңбегін ел өшірмес,
Неше мың жыл әтсе де тарих білмек!



КҮНШІЛ АҚ КІРПІК



Алты жастан оқып ең, ақ кірпігім,
Не айтар ең, сұраса егер: «не бітірдің?»
«Пәленшелер молдадан оқып жүр» деп,
Жел ауыз боп мақтаған сөзбен жүрдің.

Бақасқа жаның құмар білмесең де,
Мың сөздің бірін дұрыс үрмесең де.
Оқу малды таңдамас, зейін таңдар,
Оздым ғой қуып жетіп күндесең де.


Көзің көк, кірпігің ақ, шашың сары,
Сары шөлмек — азайыпты беттің қаны.
Күндіз білсе, ұмытып түнде онысын,
Мұнша кеңе болғаны не қылғаны?!


Шұбарлы жылқың бар ғой семіртетін,
Ішпей-жемей мас қылып еліртетін.
Айдаса жау, ысқырса желдікі ол,
Сүйегін аң мен құсқа кеміртетін.

Сені де жұрт сыртыңнан «молда» дейді,
«Кеудеде иман, дәулеті қолда» дейді.
Қажы барған әкесі Харамайын
«Аталы бай, тұқымы орда» дейді.

Молда атанған жақсы ғой, оқу болса,
Баста зейін, кеудеде тоқу болса.
«Молда» деп, «оқыды» деп кім айтады,
Былырғыны қайталап шоқу болса.

Меніңше, сендей кеше молда болмас,
Тар кеуде, шымшық басқа оқу қонбас.
Берген перне бұзады — сол үшін ғой,
Дәл сені шын мақтаса, молда оңбас.






Тұмағымның құлағын
Жұлып алдың — не түсті?
Үсиді-ау енді құлағым,
Міне суық жел есті.
Не деп айтам апама,
Біліп қойса бұл істі?



Шықай менен Шағала,
Қойың кетті бағана.
Тепең-тепең етесің,
Қойыңа қашан жетесің?



ЖҰМБАҚ

Қара дария жердің жүзін алып жатқан
Қаз бен қу суын ішпей қанып жатқан.
Суына тек тұмсығы тиіп кетсе,
Саңқылдап жер жүзіне сөз таратқан.




Ақ сәуле күміс жүзді, құндыз қабақ,
Сен гүлсің иіс шашқан жарып сабақ.
Болғанда көзің — жақұт, етің — торғын,
Қасың — ай, шашың — жібек, мамық тамақ.

Көзің — нұр, сөзің — алма, аузың — алтын,
Самород, қоспасы жоқ нағыз балқын.
Шомылған сұңқар бойың нақ гауһардай,
Бұрқырап нұр төгілсін, маған талпын?

Бір сенсің дүние көрген көзім нұры,
Жарқырап жаным тартар, көңілім гүлі!
Егілген ер көңілім қол сермейді,
Тартса да аспаннан көп жұмақ хоры.

Жан сәуле, кеуде күйген, жүрек жалын!
Кеудем от, жүрегімнің байқа халін?!
Дауасы ауыр дерттің — жалғыз сенсің,
Қолың бер, кетсін қайғы, сөнсін жалын!



НАМАЗ

Күнбатысқа үңіліп,
Қол қусырып, бүгіліп.
Созғыла, сопы, денеңді
Бір тұрып, бір жығылып.

Аузыңды жылдам күбірлет,
Ұзаққа созып көбірек.
«Үлкен ғалым молда екен» —
Десін надан төңірек.



ЖҰМАҚ

Кең сарай — ұғуынша жұрттың жұмақ,
Бар мұсылман жиналып сонда тұрмақ,
Ұйқы жоқ, ас ішу жоқ, махаббат жоқ,
Не қылған «қызық тірлік» біткен қурап!

Кім көрді? Жұмақ қайда? Ешкім білмес,
Дерексізге дембе боп көңлім сенбес.
Жиырма бес хордың қызын бір еркектің
Алуы өң түгілі түске де енбес.
Тіпті рас болса да рахат жоқ,
Бас қатырар ұрыспен өңкей күндес.



ДОЗАҚ

«Дозақ деген абақты бейнесінде» —
Солай деген молданың сөзі есімде,
Өнерлі барлық ұлтты сонда салса,
Қазақты іздеп бүлінем мен несіне?!




ОРАЗА

Молдеке, сізге бір арыз,
Ораза деген не парыз?
Ауырмай астан қалғанда,
Өтейтінің қай қарыз?

Аш жүр деп алла аяса,
Жарылқар еді кедейді.
Көпке бірдей қараса,
Жақсы, жаман демейді.

Күнәдан адам қорықса,
Кісі ақысын жемейді.
Біреу жалшы, біреу бай,
Қай кезде, кім теңейді?



ҰЛТ

«Кәпір» бар, «мұсылман» бар — барлығы адам.
Оларды алалайтын қандай надан!
Өнер, білім, өділет кім қолдаса,
Қай ұлт болсын — бәрі бір бауыр маған.



АРМАНЫМ

Барлық адам баласы
Өзіндей көрсе өзгені —
Озбырлық өшіп қарасы,
Өзімшілдік өлгені.

Кедей, жалшы, қарттың да
Бірдей болса арасы —
Шын әділет таптың да,
Теңеліп қолдың саласы.

Әлемдегі ғаламат
Игілікке арналса,
Өнері ортақ азамат
Еңбекте ғана арланса.


Оқу-білім өркеймек,
Елге егіп пайдасын.
Ел жетіліп көркеймек,
Өнер қанат жайғасын.

Әлемдегі терең сыр
Ғылыммен ғана ашылмақ,
Асау, тағы ой мен қыр
Керекке жарап бас ұрмақ.

Сондай елді көре алмай,
Ақын Абай зарыққан.
Соңынан елі ере алмай,
Қайғыда жүдеп қамыққан.

Біз көрерміз, үміт бар,
Тией бер осы халыққа.
Озбырлық күш ғұрыптар
Жасай бермес тарихта.





ИТАРШЫҒА

Көрсетсін қарашекпен екен ісін,
Қиналып жан аямай жеккен күшін,
Шекпенге жұрт айтқаны қандай алғыс,
Көрсетіп көз алдыма ашсын түсін.
Сонан соң маймыл тұрсын кім десе де,
Ықтияр, итаршының өзі білсін.

ҚОС ҮЙ

Сырлы үй сегіз қанат қоса тіккен,
Жинапты қазынаны биік жүктен.
Ең арты кесе, аяқ та алтын-күміс,
Таңғалдым: мұнша байлық қалай біткен!



Бір келген жолаушыға қиыр шеттен,
Көрсетіп қазынасын мақтан еткен.
Жиналған бір орынға топас күшпен —
Момынның жасы шығар сығып төккен.

Байлыққа азулылар күшпен жеткен,
Аямай байлық үшін арын төккен.
Кедейдің маңдай тері, табан ақы,
Бақ емес, қыдыр емес дарып біткен.

Құралған ондай байлық арам дерттен
Бейнетсіз рахат болып түскен тектен.
Әлсіздің адал малын тартып алып,
Дейді екен: «құдай бізге нәсіп еткен».

Не үшін кім берді екен шенді шекпен,
Қандайлық қызметі үшін халыққа еткен?
Еңбегін момын елдің күшпен талап,
У үшін алған шығар елге сепкен.

Байлық пен дүниені қылған мақтан,
Сол үшін падишаға елді сатқан.
Бар байлығы жинаған көздің жасы,
Еңбекпен бір малы жоқ терлеп тапқан.

Кемдік жоқ онда енді мал мен бақтан,
Толықсып төрт құбыла шалқып жатқан.
Неғұрлы бақ пен дәулет артқан сайын,
Соғұрлы уландыра елді шаққан.

Сары жез — ит қарғысын шен деп таққан,
Ел сатқан, пара берген — сөйтіп жаққан.
Қозғалып дүлей дауыл топандатса,
Болмассың жаңқа құрлы қалқып аққан.



Қызы бар жалғыз үйде жеке жатқан,
Он сомдық ылғи алтын шолпы таққан.
Білімсіз көп наданның бірі бұ да,
Несі артық бояп қойған қуыршақтан?

Қыздың да күтушісі бір талай жан,
Көркі жоқ көрген кісі қалатын таң.
Күтінген күнге тимей бояма бет,
Тәкаппар, доғал сөзді, мінезі паң.

Сол қыздан басқа ұл жоқ тұқым болар,
Ие жоқ бақ-дәулетін ұстап тұрар.
Десе де қанша балам — қыз-жолаушы,
Қашан кетер, кім білсін, қайда қонар.

Ерке қыз неше жылдай бай таңдады,
Омбы, Семей арасын сайқалдады.
Көңіл сүйіп кездескен кейбір жастар,
Азулы атасына айта алмады.

«Аламын, құшамын» деп қызыққан көп,
Шал өлсе малына ие болалық деп.
Мал менен жасау болса болды оларға,
Білім менен саналы ой неге керек!

Сол қызға өткен жылы Асыл келді,
Қазақтан «зор оқыған» масыл келді.
«Бүкіл қазақ тағдыры өз қолымда»,—
Деп еді, қыз да көніп басын берді.


Қыз қандай, жігіт қандай теңін тапқан,
Дәріптеп қалың елге қылған мақтан.
Бұлардың бар жұмысы — түске дейін
Ақ үйде құшақтасып ұйықтап жатқан.

Бесінде ұйқы қанып тұрар зорға.
Таранып, күнде жаңа киер торқа.
Қолынан іс боп өнер еш нәрсе жоқ,
Сөзбенен барлық тағдыр осы қолда.

Бұл-дағы бір масыл ғой кедей сорға,
Тек қана байлар үшін жайлы жорға.
Құлқынның құлы болып ардан безген,
«Халқым» деген басшының ісі сол ма?!

Сондайлық «зор» күйеуге қолын артып,
Қақпас шал мақтанады тасып-шалқып.
Сорпаға шығарлары солар болса,
Мен оны құяр едім итке қалқып.





ПАРТИЯШЫҒА

Бай едің өз алдыңа шаруа баққан,
Шалықтап, шалқып сөйлеп, шалқақ қаққан.
Ойладың осы малдың арқасында
Мен-дағы атансам деп бір жез таққан.



Сол сағат келді саған мың пұт өсек.
Ал жауды үсті-үстіне кесек-кесек!
Жайлықта жеркенетін жексұр шалды
Амалсыз қабыл алдың көрпе төсеп.

Келгендер бәрі бірдей мақтай келді,
Мал-жанын салмақшы боп жақтай келді.
Қымыз ішіп, етіңді жеп болғанша,
Іш пікірін ішіне сақтай келді.

Сөзге нанып «ел бәрі мендік» дедің.
«Бәлемді аузына ұрып жеңдік» дедің.
Біреуі ат сұрады, біреуі ақша,
Бәрін бердің: «Бір жолға көндік» дедің.



ЖҮРЕК

Туламашы, жүрегім,
Барасың тулап кіміңе?
Тар тағдырдың тасқыны
Су толтырған ініңе.

Дүниенің тұрмысынан өтіл жүрек,
Менен кетіп, азаптан құтыл жүрек.



МҰҚЫШҚА

Жарқыным, мұның қай екпін,
Шыдамадың дәйекпен.
Отыз бес жыл май алған,
Жатуға жайлап таянған
Бір қу мақлұқ таңдапсың,
Шорманский паектен.

Өзіңдей жүйрік «тұлпардан»,
Өзіңдей қыран «сұңқардан»,
Қолың жетіп тұрғанда,
Не себепті қол тарттың?
Казанский вагонге
Он пұт семіз ет арттың.



Түспейді жазсам жазу қара тасқа
Ауырлық түсті биыл біздің басқа.
Биенің құлындай жарасушы ем,
Айрылдым мен әкемнен жеті жаста.

Не жаздым жеті жаста жылатқандай,
Көз жасты дария етіп бұлатқандай.
Мейілі бұл жылаудан өлсем-дағы
Кімім бар басым сүйеп уатқандай!



ҚҰЛАҒЫМ БІТЕЛГЕН ЖОҚ

Құлағым бітелген жоқ, естиді ашық,
Түлкіден шешен сөзі кетті асып.
Белгілі жарамсақтық жарапазан
Қазаққа пайдалы істен мүлдем қашық.

Қозғалса ел намысы судай тасып,
Шешенің жақсы ат алмақ соны басып.
«Темірді қызғанда соқ» деген қайда,
Бұл неге қалтырайды қаны қашып?!

Қалың ел оянғанда көзін ашып,
Азаттық, теңдік үшін ұрандасып.
Бас тартқан дер кезінде басшылықтан
Жігерсіз, қайраты жоқ неткен жасық?!



Қызық қандай адамды қыздыратын,
Қайғы қандай қаныңды бұздыратын.
Қанды кек, намысты өштік неден тумақ,
Жібiтпей жүрегіңді мұз қылатын.

Ер бар ма елі үшін жан қиятын
Басшы бар ма етегіне ел сиятын.
Жанның бәрі өз ісін мақұлдайды,
Адам қайда сезетін ар-ұятын.



БІРЕУ БАЙ, БІРЕУ ЖАРЛЫ

Біреу бай, біреу төре, біреу жарлы,
Көбі зарлап төгіп жүр жас пен қанды.
Атаңды жау шапқанда бірге шауып,
Борсықтар семіріп жүр көміп арды.

Қайдан табам халықтың шын баласын,
Суын сүзіп, ақтарсам тау, даласын?!
Көкті кезіп ұшсаң да бір таба алмай,
Арманда боп әзірге сандаласың.


Ондай адам болған ғой, болар тағы,
Өмірлік барлық ісі — елдің қамы.
Ер еңбегі жалпыға бірдей ортақ,
Жарқ етер әлі-ақ бір күн бақыт таңы.



АСЫЛ СӨЗ

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең,
Жат тоқып ал көңілге.

Сөз мәнісін білмесең,
Өлең оқып не керек?
Не айтқанын сезбесең,
Жарапазан не беред.



Барлық ісім қырын қарап,
Жалғыз қалдым қасқыр қамап.
Маңым толған бір дүлей жан,
Дос таппадым бәрін сынап.

Менің досым әлі алыста,
Кіре алмадым зор сайысқа.
Мен де ортақпын жүрегіммен,
Солар жеңсін сол сайыста.

ШЫНЫ ОСЫ


Адам сәні барлық шақта
Аброй, бірлік ынтымақта.
Шында ғана тұрақтылық,
Күйе жұқпас көңіл аққа.

Менде ағайын, жақын жоқ па,
Зая қылар барды жоққа.
Қылдан тайса қылтың етіп,
Нысана ғып байлар оққа.

Көңілденсе көзге мақтап,
Жамандайтын сырттан мықтап.
Өзі мықты, өзі білгіш,
Қолдағанын қалмақ сақтап.

Ашуланса пәле жаппақ,
Аузын алсаң, алмақ ақтап.
Көпірме сөз көсіледі,
Іркілмей-ақ бойға шақтап.

Болыссызға кінә тақпақ,
Бар мініңді іздеп таппақ.
Жақынына опасыз жан
Кенелтпекші кімді жақтап.




Туысқанға өтпейді кек,
Кінәласса болғаны тек.
Ағайын боп бал жаласпақ,
«Түбі бірге түтпейді» деп.

Мұндай жақын кімге қымбат,
Кімге адамдық опа қылмақ.
Бұзылмалы сабындай-ақ,
Толқымалы болса сынап.

Өзіме өзім қойдым сұрақ,
Жауабымда шыннан шырақ.
Адал жолдас, жаны туыс,
Маңымда жоқ, бәрі жырақ.





М....ҒА

Жұмыр бас, дөңгелек бет, орта бойлы,
Толық шеке сыпаттар терең ойды.
Тік иық, шын бұраң бел, қардай еті,
Сұлу сымбат көркіне көңілім тойды.

Кең біткен, жазық келген ақша маңдай,
Иілген қара сүрме қасы қандай!
Қарақаттай мөлдіреп күлім көзі,
Қараса жанар төгіп жаққан шамдай.

Ақша бет төмпесіндеу, алқызыл түс,
Меруерт көз шағылған тізулі тіс.
Ақ бұғағы аққудың жемсауындай.
Жаратқан жаратылыс тамаша іс.

Маңдайдан тіктеп түскен пісте мұрын,
Оймақтай қызыл сырлы жұқа ерін.
Ақ мамық, қызыл шие, қара нәркес —
Үш түрмен келтіріп тұр беттің нұрын.

Жібектей майда қара шашы ұзын,
Түр мен сымбат еріткен жүрек сырын.
Оқу, білім, ақыл мен әсем тұлға
Бірдей келген көрдім мен қазақ қызын.



Аққудай үлбіреген сұңғақ мойын,
Ақ анар, жұпар иіс, мамық қойын.
Мінезді, сөзге епті, әңгіме ұста,
Өмірдің қыздыратын жастық тойын.

Сүйріктей ақ білекті шебер саусақ,
Ақ шаңқан балапандай тұрған жусап.
Жаратылыс мақтаны — сұлу қызды
Көрген сайын құмарың артар сусап.

Ақ уыз — дене көркі, тік қос алма,
Магниттей тартқызған көрген жанға.
Әзірге көргенмен де, көптің бірі,
Мендік боп, мені сүйсең арман бар ма!



Дәл осы көзім көрген қыздың жайы
Жігіттің жібек арқан еркетайы.
Күлімдеп қара көзден сәуле түссе,
Секілді жер құлпыртқан көкек айы.



Бұл жазған мақтау емес, жаным саған,
Он есе артық көріндің одан маған.
«Өмірде бар қызықты бірге көрсек»
Дейтұғын көңілімде бар бір арман.

Сол ойды көрсетпекпін бетін ашып,
Әдепті сүю жеңіл, кетті асып.
Өзімсініп өзгеден қызғанамын,
Ала бұртқан жастықпен көңілім тасып.

Осыған не айтар екен сүйген сәулем?
Мендей о да сүйер деп көңілім сенген.
Еркіңді басқа біреу билеп кетсе,
Болам да қарттың бірі көңлі сөнген.

Шын айтқан ақ жүректен ағытпа сөз.
Ой талғап, жүрек таңдал, танытқан кез.
Жас көңіл асығады жай тапқанша,
Жетсе екен мендік болған қуаныш тез.



● ● ● П О Э М А Л А Р Ы





АДАСҚАН ӨМІР

Сезімнің сыртқа шықпас түсі бар ма?
Оны жасырар адамның күші бар ма?
Біреу күй, біреу пішін, біреу сөзбен
Көрсетпейтін жүректің іші бар ма?!

Мен бала

Мен сәби мейрімді ана құшағында,²
Ақ мамасын сүйемін, құшамын да:
Алтын ана жек көрер шамасы жоқ;
Былғанам ба, мейлі құсамын ба.

Мен ұжмақ періштесі, көңілім таза,
Қандай нәрсе білмеймін; бәле, қаза³,
Еркімнің ұйғарғанын істеуіме,
Ұғынбаймын ешкімнен бар деп жаза.

Қастық деген не нәрсе: көрінген дос;
Қайғы деген не нәрсе: көңілім хош;
Алдау, күндеу, айла не, мен білмеймін,
Жүрегімде түкпір жоқ сүюден бос.

Мен білмеймін: жалыну, жағынуды,
Ресім, ұлық, құдай деп табынуды.
Өз еркімнің қылығы өзіме жөн,
Айтшы маған не нәрсе жаңылуды? ⁴

Кәпір жоқ, мұсылман жоқ, мал мен адам —
Бәрі де айырмасыз бауыр маған.
Пайда, зиян, ұят не, — мен білмеймін
Менің үшін сөз һәм жоқ деген жаман.

Менде жоқ: мынау орыс, мынау қазақ,
Не мақтау, не кемсіту, қорлау, мазақ.
Бай, кедей, сау, кем-кетік бәрі бір бәс
Не нәрсе айтшы: кәрілік, ауру, азап?

Мен білмеймін: не нәрсе өлім деген,
Қорқу деген, көму деген, көрің деген.
Тамағыма пышақ таяп тұрған жан да
Күлуден басқа жауап алмас менен.

Күн сайын жазғытұрым шыққан гүлдей,
Жақсы түрге кіремін өзім білмей,
Сондықтан көңілім шат, жүзім нұрлы,
Күліп сәуле шашамын жазғы күндей.

Жас тәнім ажарланып күннен-күнге,
Бәйшөшектей құлпырар түрден-түрге.
Талпынам асыққандай жігіттікке,
Ұқсайтын жүзім гүлге, шаш сүмбілге.

Жас тән мен сезім, білім қабат өсіп,
Барамын кәмілдікке таман көшіп.

Өңім тұрсын, түсіме елестемес:
Бір күн топырақ болам деп, үнім өшіп.

Сыртым сондай, ішім бос жамандықтан,
Мен періште ұрмақтан жаңа шыққан.
Сондықтан әркімге де мен сүйкімді,
Күнәсіз екенімді бір көрсе ұққан.

Ақтайтындай дүниеге келісімді,
Асыққандай беруге жемісімді.
Күн сайын өсіп барам, толып барам,
Ақтасаң, дүние, осы сенісімді.⁵

Мен, сыйлар деп дүние, келдім міне!
«Бір жас» деп есігіңнен ендім міне!
Мен азатпын, мен ақпын, мен өсемін,
Не қылсаң да басымды бердім міне!

Кім біледі қоярсың еркімді алып,
Кім біледі қоярсың көркімді алып,
Кім біледі бұл ерік, бұл көріктің —
Жоғалғанын білмеспін қайда қалып.

Әлде дерсің: «пәлен бар, көрмесем де,
Соған табын, солайша және нанып,
Соны қылып, сондайдан тыйылмасаң,
Миллион-миллион жыл қинар отқа жағып»

Әлде дерсің: «Ұлық бар, ел тұрпы бар,
Жазалысың, қоймасаң оны танып».
Әлде дерсің: «Царь, құдай, алтын деген,
Соны сүй, соған табын, шұлғы барып»⁶.

Әлде дерсің: «Қап салып тілену бар,
Алтынның қызметінен қалсаң арып».
Әлде дерсің: «Құтылмас кедейлік бар,
Маңдай термен болмайтын асқа жарып».

Әлде дерсің: «Мейрімсіз ғашығың бар,
Түкіруге қорланар күйсең жанып».
Әлде дерсің: «Достық бар сау кезіңде,
Қараңды да көрмейтін болсаң кәріп».

Әлде дерсің: «Ауру бар қинайтуғын,
Тынышың кетіп, тамағың, ұйқың қалып».
Әлде дерсің: «Бәле бар кем-қор қылып,
Елден ет жиғызатын дорба салып».

Әлде дерсің: «Кәрілік бар тәнің тозып,
Қуартар, әлсіз қылар көркіңді алып».
Әлде дерсің: «Құтқармас қараңғы көр,
Топырақ болып, ұйықтарсың сонда барып».

Миллион жыл, миллионымен өтсе-дағы,
Тұруды бір білмессің ұйқың қанып,
Сен ұмыт, сен деген бір саңырау көр,
Бар-жоғыңды артқылар қылмас парық».

Мен жігіт

Мен жігіт, он бес — отыз арасында,
Бұл жаста көп: бересі-аласым да.
Алдымда толған мақсат, толған таңдау,
Алайын мынасын ба, анасын ба?

Жазғы гүлдей түрленіп толған түсім,
Көзім нұрлы, ақ меруерт — бүтін тісім.
Шашым қара сұмбілдей, бойым түзу,
Сәуле шашып тұрады жастық пішін.

Жалыны бойға сыймай сырттан көрініп,
Күн сайын тұрады артып қайрат, күшім.
Әр үміттің қиялы сәулеленіп,
Түн бойы ұйқы бермес, толқып ішім.
Жүрегім жұлқынады әлдеқайда:

Сақтауға күші келмей іштегісін
Лепіріп, бақ іздейді, жар іздейді! —
Ол ғашық көрмесе де жардың түсін.
Тәніме жаным сыймас іздеп кімді?
Кеудем қызып құриды әбден мысым.
Іздеймін, түсін әлі бір көргем жоқ,
Қандай түрде, қай жерде білемісің?
«Басқа бақыт табылмас» деп ұқпаймын,
Соны табу: ең менің керек ісім.

Бір табармын басқа бар қандай бақыт,
Таңдаймын, салыстырып, әрбір ісін.
Ұқпаймын қол жетпейтін бақыт бар деп,
Дүние жаралғандай бір мен үшін?
Үміттімін, алдар деп және ұқпаймын,
Қайғы алған жоқ жүректің бір бұрышын.

Сол түрде тұратындай мәңгі өмірім
Бақыттан бақыт таңдар жас көңілім.
Жетпеймін деп білмеймін еш біріне,
Мен үшін жоқ секілді кәрілік, өлім.

«Асығыс жоқ, мен әлі жетем» деймін,—
«Дәл бүгін жетпедім деу бекер» деймін.
«Сондай бақыт табуға мен әуелі —
Сондай бейнет һәм еңбек етем» деймін.

Еңбек қып мен іздейтін бақыт қандай?
Бүгін мен ұйықтағам жоқ таңдай-таңдай:
Бай болу, әкім болу, алғыс, атақ —
Ойланылды бәрі де бірі қалмай.

Ғашық болу, ақ ерке сұлу тауып,
Еріп тұрған «бір мен» деп, жүрегі ауып.
Жанына жаным қосып өмір сүріп,
Айды күндей өткізу құрып сауық...⁸



Ең басында көрінді байлық оңды:
Басқасына даярлар байлық жолды.
Әкімшілік, сұлу жар, алғыс, атақ —
Бәрі сатылар, тек байлық болса болды.

Жоқ, әкім болу неге ақы беріп,
Бермеген күні кетсе халық жеріп.
Ақыл иесі, жан иесі бола тұра,
Жансыздың арқасымен күтім көріп.

Крыловтың баснядағы есегіндей,
Үстімде алтын болғанды қылып желік.
«Данышпан ел көркейтер ерім осы»,—
Деп таңдап қоймаған соң халық сеніп.
Қандай байлық шыдайды тойғызуға,

Анау топты тімтінген күнде келіп,
Кісі деп, ақылды айтпас, есек демей,
Жүргенді құр байлықпен қатарға еніп.
«Ит едім, байлық мені кісі қыл» деп,
Адамның несі адам болған жерік?
Мен адам болғандықтан өзі қызығып,
Бақыт, дәулет жүрмеген соң соңыма еріп
Несі бақыт: сүймейтін бір сұлуды
Сатып алып, өзімді жүрсем теліп.
«Құшақта, сүй!» деп зорлау, көріп отырып
Ататындай көздерін берілсе ерік.
Несі бақыт: сол байлық қылмаған соң,
Сұлу бір сүйетіндей жүрегі еріп.

Байлықпен медресе, школ салсам,
Нашарларды оқытып, алғыс алсам;
«Жақсы» деген атағым жұртқа шығар,
Жиһан кезсем, кәрілікте әжіге барсам.³

Жоқ, байымас бұл күнде адал еңбек:
Біреу байыса, біреулер кедейленбек.
Кімде-кім тез байыса қолына ағып,
Кім кедей болса, соның малы келмек.

Несі бақыт: алдап ап, тартып алып,
Өз малын қайта өзіне қайтып бермек.
Көз жасы, бейшараның маңдай тері,
Жиылып, байытпай-ақ қойсын мені.
Мал біте ме адамды малдай қылмай,
Малдан басқа көрмейтін дәнеңені.

Бейне бір жаралғандай мал жимаққа,
Адалдықтан, ардан без, дамыл таппа.

Мал сен үшін жаралмай, сен мал үшін
Құл болмаған бай бар ма осы күнде?¹⁰
Малды жиып, мақсатын ұмытпаққа.

Өгіздей ен маяда шөпке тойып,
Тамақ көп деп қайғының бәрін жойып.
Артық жеп, артық семіріп, бақыт сол деп,
Жүрейін бе басқа ойдың бәрін қойып?

Несі қызық байлықтың, несі бақыт?!
Байлықпен алмаған соң бақыт сатып.
Бақыт тауып беретін істі қумай,
Неге мен өткізейін оған уақыт?

Өйткені мен қалмаспын аштан өліп,
Суыр да жүр ін қазып, күнін көріп.
Қарын тоққа қанағат қылатұғын,
Мен емес, тәнім тірі, жаным өлік.
Ірі мақсат болмаса, ұсақ іске
Неге мен алданайын уақыт бөліп.

Мұны ойлап, байлық жақтан көңілім безді,
Онан бақыт таппасын жүрек сезді.
«Әкімшілік бақыт» деп жұрт айтады,
Осы қалай екен деп ойым кезді.



Адам тобын еркіме жүргізуге,
Бәріне әкімдігім білгізуге.
Мені өзіңдей сүйгізіп бәріне де
Бір мен үшін жылатып, күлгізуге.

Мақсаты бір-біріне қайшы топты —
Бауыр ғып, тату өмір сүргізуге,
Зорлаусыз әр ойдағы сонша жанға,
Не бұйрық қылсам соны сүйгізуге.

Бүйтуге әкім болсам келе ме әлім?
Ешбір әл бүйте алмасы көптен мәлім:¹¹
Басқадан өзін артық сүймейтұғын,
Еш біреу жоқ, байқасам жанның бәрін.

Әрбір жан дүниеге өзін кіндік
Қылмақшы, табылар ма мұнан бірлік?
Үміт ету ақымақтық менің үшін,¹²
Еркін құрбан қылар деп, бәрі бірігіп,

Әркімнің өз аузына қолы жақын,
Бар законнен өзіне еркі мақұл,
Бәрінің де келеді «Мен» болғысы,
«Оны күшпен жеңем» деу бола ма ақыл?

«Күн көзіндей баршаға бұл ортақ жан —
Пайда алу керек мұның ақылынан:
Ел пайдасын табуға өзгемізден
Артығырақ ақылы, зейіні бар»,—

Деп билеткен ел бар ма кемеңгерге?
Түрме бар, дар ағаш бар ондай ерге,
Өмірдің бұл түрінде ешбір әкім
Мүмкін емес әділдік қылуға елге.
Себебі: тастап әкім бола алмайды,
Байлар мен молдалардың сөзін жерге
Күшті таптың ыңғайын қылмасқа жоқ
Мүбәда әкім болсам егер мен де.

Бір сағат та қыла ма мені әкім,
Болыса бастасам мен күші кемге?
Әкім деген — күштіге шоқпар деген.
Зорлығын істегенде күшсіздерге...

Байлардың көңілін тауып, басты пұл ғып
Дінге, әдетке, басымды иіп, шұлғып.
Бір-екі тасы болған надандардың
Түкке тұрмас қыртылын тыңдап, мүлгіп...
Бұлай болса әкімдік билеу болмай,—
Азат басты беру ғой қолдан құл ғып.

Кімде түйме көп болса тілін алып,
Оларға пальто әперіп, галош салып,
Ісің түзу болса да ол шытынса,
Кешу сұрап, алдына шұлғып барып,
Не айтса да «таптыңыз, құп, тақсырлап»,
Біліміне тұрғансып, мейрің қанып,
Кекесе, сөксе-дағы саңрау болып,
Ішіңнен тұрсаң-дағы ызаланып.
Өз көңліңнің қалауын бір қыла алмай,
Закон не айтады деп тұра қалып,
Әкім болсам осындай қорлықтардың
Басыма келетіні айдан анық.

Мұны ойлап, әкімдіктен көңілім суып,
Өмірде болман дедім оған жуық,
«Кетсем енді қайтеді, деп ойладым,—
«Даңқ, атақ алатұғын істі қуып».
Атымды дүние таныр, шежіре ұмытпас,
Атақты істер қалса менен туып».

Алдымда сансыз әскер басып иіп,
Көкпеңбек қару асынып, темір киіп.
Көркімен көз тартатын талай шаһар,
Бір әмір беруіммен болса күйік¹³,
Қолда ту, аста тұлпар, үстім шенді,
Тұрмайды омырауыма медаль сыйып.
Солайша Шыңғыс хан мен Бонапарттай,
Атағым жұрт көзінде болса биік.

Қанды көзім болсын-ақ қанға тоймас¹⁴,
Болса егер, тоймастықпен басын жоймас
Бұл іспен бүгін менің жолым болса,
Күні ертең басым жолда қалмай қоймас!

Мұндай бақыт баянсыз, көшпеске жоқ
Бұл істен бақытсыздық өспеске жоқ.
Найзаның күшіменен жанған бақыт
Бір кезде найза ұшында өшпеске жоқ

Көп күндер көпті істеді, көпті істемек
Адамзаттың ақылы күнде үстемек.
Ақылдың өскен сайын айтатыны:
«Жоқ құлдық, жоқ төрелік, жоқ күштемек»

Тағы да көпті істеуге күндер өтпек,
Папа мен ферғауыннан қадір кетпек.
Өзі үшін тап өзінен басқа құдай,
Жоғына әр адамның көзі жетпек.
Кешегі ізін сүйген Николайды
Бүгін бәрі жиылып басқа теппек.
Кеше бәрі түнеген әулиенің
Бүгін кеп төбесіне дәрет етпек.

Вильгельм кеше айтты деп отқа түссе,
Бүгін оны қуалап, тентіретпек.
Ертең биттей сықпай ма халық мені,
Қышытсам бүгін сорып қанын елтеп.
Кім қарсы тұра алады бұл ағынға?
Өмір түрі барады солай беттеп...
Соқырлығы, кімде-кім болса солдат:
Жыртқыш қылар аздырып, оларды алдап,
Жыртқыштығы емес пе, «төре айтты» деп,
Көрген жерде бір-бірін қанға малмақ.
Адамдыққа сия ма кісі өлтіріп,
Батыр деген ат тауып, медаль алмақ,
Солдаттықтан не пайда солар үшін.
Бейнет көрмек, не өлмек, шаруа қалмақ.
Кәрі әкесі, шешесі күн көре алмас,
Жас бала, жас қатыны үйде зарлап,
Керек-жарақ бәрі де қымбаттанар
Соғыстың шығындарын елге салмақ.
Мұқтаждық халдерінен пайда алуға,
Бір жақтан сәудегерлер салар қармақ.
Соғыс болса, жауғандай көктен алтын,
Капиталист, байларға әдейі арнап.
Бас көтерер еркегі соғыста боп,
Шаруа істелмей, кедейлер мұқтажданбақ.
Көктен жауып тұрғаннан оңай жолмен
Байларға сол мұқтаждың малы бармақ.
Дүниеде сонша зиян болар ма еді¹⁵,
Бар кедей солдаттықтан безсе қарғап.
Тоқтаса не жалданып, не алданып,
«Айт!» десе ит секілді барып жармақ.
Шын дұспаны «солдат бол» деген кісі,
Екенін алыс емес білуге андап¹⁶.

Жаралмаған екенін қырмақ үшін,
Әкімнің не айтқанын қылмақ үшін,
Ақыл, ой, адамдықтан мүлде безіп,
Баскесер машина боп тұрмақ үшін,
Байлар мен үкіметке шоқпар болып,
Жүргенін өз-өздерін ұрмақ үшін,
Ұғуы алыс емес солдаттардың,
Екенін менің-дағы сезеді ішім.
Солдат шығу болып жүр халық жаққа
Бұл-дағы бергендігі бір белгісін.
Мұны ойлап әскерліктен көңлім суып,
Тағы да болман дедім оған жуық¹⁷.
«Кетсем енді қайтеді,— деп ойладым,—
Жұрт алғыс айтатұғын істі қуып».



Сыр тапсам дүниеден ашылмаған,
Әлі адамға білініп, шашылмаған,
Тапқан сырым көркейтсе адам өмірін,
Алғыс айтып, кім имес басын маған.
Зерттесе де адамға білмейтін ғып,
Дүние ешбір сырын жасырмаған.
Дауа тапсам: дене ауру көрмес болса,
Қартайып, тозбай, адам өлмес болса,
Қиынды оңай қылар жолын тапсам,
Жұмыстан адам бейнет көрмес болса.
Керегін жер анадан оңай алып,
«Аш қалам» деп көңілін бөлмес болса¹⁸.
Күн бұрын келтірмейтін жолын тапсам,
Шаруаны түрлі апаттар жеңбес болса.
Мисалы, мал қыратын түрлі аурудан¹⁹

Себеп тапсам, еш зиян келмес болса.
Суық, ыстық, сусыздық құрбанына
Ешқандай жан иесін бермес болса ²⁰.
Ашылмаған сыр тауып менің де атым
Эдиссон, Луи Пастерға теңдес болса.
Бірақ бүгін ғылымның тапқандары
Пайдасын көрсеткен жоқ кедейге әлі,
Азусыз қасқырларға азу болып,
Қой халін ауырлатты онан әрі.
Бұрын көл болса, енді теңіз болды
Өнердің арқасында адам қаны.
Бұл қалыпта ғылымды пайдалы деп,
Алғыс айтып тұрған жоқ жанның бәрі.

Бұл қалыпта бере алмас ғылым пайда,
Бере алмаса қарғыс бар, алғыс қайда?
Сен, міне доктор болдың терең оқып,
Нашарға пайда етуге осы жайда.
Біраздан соң білесің кедей оңбас ²¹
Оларға бұл жайында емің қонбас,
Орын, тамақ, киімі жақсы болмай,
Құр дәрімен оларды жазып болмас.

Өзі кедей «тап» дедің, тапсын қайдан?
Жұмыс сұрап жүргенде анау байдан.
Бұлай болса алатын жалуния *...
Кедейге көпшілікке тиген пайдаң.
Өртүрлі оқу жұртың бізге мәлім ²²
Еңбекші салар, асырар қинап жанын,
Пайдасын чиновниктер, байлар көрер,
Жылда кедей ол үшін тартса да алым.

* Жалуния (орысша) — еңбекақы.

Таң қаламын: кедейге оқы дейді,
Оқуға келтірместік қылып халін.
Атақты чиновниктің баласынан,
Аз көрдім стипендия артылғанын.
Бұлай болса сондағы үйретуші,
Сорысқан боп табылар кедей қанын.

Пайда етуге агроном болсаң тағы
Бұл ісің кедейге сор, байдың бағы,
Құр сенің ғылымыңмен түзеле ме
Саймансыз кедейлердің шаруа жағы!
Сен «тап» деген сайманды қайдан табар?
Денсаулығы сорлының сенген малы.
Бұлай болса құр текке жалуния алып,
Оларға масыл болып өттің-дағы.



Бұл күнгі бақытсыздық дүние толған²³,
Нақақ қан, нақақ көз жас дария болған.
Нақақ өмір еркімен ер жете алмай,
Жеміссіз құмға түскен гүлдей солған²⁴.

Ғылым жоқтан дүниені бұлар жайлап,
Отыр ма адамзаттың соры қайнап?
Жер-анада жететін тамақ жоқтан
Отыр ма адам бірін-бірі шайнап?
Не жерден тамақ тауып алатындай
Ғылым жоқтық отыр ма бақты байлап?

Жоқ, жерде тамақ та бар жететұғын,
Ғылым да бар алатын оны сайлап.

Жер сараң, адам надан болғандығы:
Тіпті емес бақсыздыққа тұрған айдап,
Ә, жоқтығы жақындық-әділдіктің
Адамды сорлы қылған бақсыз байлап.

Сондықтан адам біткен ертең әлі
Бас иіп, әділдікке келер бәрі.
Надсонның айтқанындай: «Жауыз жолмен
Жүре алмай дымы құрыр онан әрі,
Талған күш, ауырған жан, қиналған тән,
Дертіне жақындықты етер дәрі»,
Әділдік қызметкері болғандарға
Алғысты күнде айтар баршалары²⁵.

Ендеше мен жабысам негізгі іске:
Әділдікте бар негіз, бақ та, күш те,
Қарғаймын әділдіктен басқа жолды,
Өңім тұрсын, кірмесін түнде түске.

Ғайсаны адам аузы қарғай алмас,
Өзі өлсе де ауыздан аты қалмас.
Неғұрлым ай мен күндер өткен сайын.
Ғайса тірі, алғыс жоқ оған бармас.

Қолыма сол Ғайсаның туын алсам,
«Әділдік! Жақындық!» деп айғай салсам.
Атым тірі қалмай ма өлгенмен де,
Ісім сөнбес, мен сөніп, көрге барсам.

Адамды күн көрістің өзі қосып,
Жақындату әне тұр алдан тосып.
Сондықтан, әділдікті — жақындықты
Кім жатырқап, бой тартар «жат» деп,
шошып.

Сол уақытты тездетуге қылмақ қызмет —
Бақ іздеген адамға парыз — міндет,
Жоғалсын бұл «сенікі, менікілік»,
Осы ғой адамзатты қырған індет.

Бар адам жерден тамақ алмақ үшін,
Жиылып бірге күшін салмақ үшін,
Бірі еңбек қып, бірі оны жатып жемей,
Теп-тегіс бұл жұмысқа бармақ үшін.
Кәрі демей, жас демей, күшсіз демей,
Олжадан бірдей пайда алмақ үшін,
Әкіммін, әулиемін, әскермін деп,
Бір-бірін жейтін сылтау қалмақ үшін²⁶,
Әділдік, ұлт деген сөз, дін деген сөз
Залымның²⁷ жем болмауға²⁸ қармағы үшін.
Істелер мұнан былай менің ісім:
Жұмсалсын сол ниетке барлық күшім!
Мен ғашықпын көруге әділдікті,
Тегіс қылып көркейген өмір түсін²⁹,
Ол өмірде бірді-бір алдау болмас,
Жағынып, арды ақшаға жалдау болмас.
Ешкімнен достық таппай, қастық көріп.
Бар адамды сайтан деп, қарғау болмас.
Қара күштен жеңіліп, қайғы басып,
Өлгісі кеп, өмірден зарлау болмас.
Адамдағы жан, қуат, тапқыш, талант
Гүл шашпай, жеміс бермей қалмау болмас.
Әркімнің қандай іске таланты бар
Өмірін, күшін соған салмау болмас.
Жаратылыстан керегін әрбір адам,
Еңбегімен алуға бармау болмас.
Әкіммін, құдайшылмын, әскермін деп,

Еңбексіз еңбекшіні жалмау болмас³⁰,
Көре-біле ақыңды жегізбесең,
Бай сені қызметіне алмау болмас,
Аштан өлу, не байға арзан тұру
Амалсыз бірін соның таңдау болмас.
Не кәрілік, не бір апат келген күні
Көшеде қайыршы боп сарнау болмас.
Бір тілім нан алуға байды мақтап,
Жалынып, тұс-тұсынан аңдау болмас.
Дене азыққа тоюдан жан ержетер,
Өмірді бұл күнгідей аңдау болмас.
Жан ержетіп, дүниенің сырын табар,
«Өмірде мақсат жоқ» деп барлау болмас³¹.
Таудай үміт һәм талап орындалар,
Еш еңбек бұл күнгідей жанбау болмас.
Жұмысқа кем көзбенен қарау болмас,
Жұмыс қылу қорлық деп санау болмас.
Жұмысшылық құлға хас, біз мырза деп,
Еңбекшінің еккенін талау болмас,
Мен аз деймін көруге осы өмірді,
Келіңдер, бақ іздеуші, болсаң жолдас.

Ойласам дүниеде қанша жан бар:
Адам бар, ағаш бар, мал мен аң бар,
Жанды, жансыз нәрсенің бәрі-дағы
Әр себептің жемісі байқасаңдар.

Мал болмақ, маймыл болмақ, адам болмақ,
Қасқыр болмақ, құс болып, ұшып қонбақ —
Сол болғандар болмаған өздігінен,
Болғызған еріксіз бір себеп қолдап.

Адамға бұл себептің көбі мәлім,
Біледі салған сайын мидың әлін.
Себебін біле-біле бір кездерде
Жаратуға бек мүмкін қолдан бәрін.

Себепті жарата алар адам қолдан,
(Жері осы хайуандардан артық болған).
Себепті жарата алу арқасында,
Адамзат еңбегінен егін орған.
Ормаса, өнер, ғылым қайдан шықты
Бұл күнгі тіршілікке болған қорған.

Себебін білгендіктен буды көлік
Қылып адам отыр ғой пайда көріп.
Аспанда құстай ұшып, суда жүзіп,
Өмірі бұрынғыдан тапты көрік.

Себеп жеміс: әділдік, адалдықта³²,
Себеп жеміс: залымдық, арамдықта.
Бұлай болса, бек мүмкін адамзатты
Әділ қып, үйір қылмау жамандыққа.

«Тумыстағы мінезді ешкім жеңбес,
Адамды әділ қылу қолдан келмес,
Түзесе жаратылыс өзі түзер»,
Деген сөзге, сондықтан, көңілім сенбес.
«Себебін жаратса да, адам адал
Бола алмайды» деген сөз құлаққа енбес.
Себеп жоқ адам ұлы жаратпайтын
Және де еш нәрсе жоқ себепке ермес.

Келіңдер, сол себепті жаратуға!
Жаратып ап, өмірге таратуға!

Адам ұлы дүниеге жіберілген
Себепті бағындырып қаратуға.

Мен тоқтадым

Адамда өмір бар ма қуанатын,
Жазғы шөп күз түскенше қуаратын,
Құрт түсіп кейбіріне көк кезінде,
Мезгілсіз гүл шаша алмай суалатын.
Кейіне күн, кейіне сусын жетпей,
Жемісі тумай қояр туа алатын,
Өмірді ой жіберіп ойлау деген —
Нәрсе ғой бал орнына у алатын.
Жар сүю, жұрт мақтарлық атақ табу —
Аз күннің аз ермегі уанатын.
Екеуінің бірі жоқ әлі менде
Кәрілік келсе, шамам не қуа алатын?

Не қазам кеп, қалармын ертең өліп,
Қартаймай, жас өлгенді жүрмін көріп.
Қолға түскен ләззатпен пайдаланып,
Аз өмірде жүрген жөн көңіл бөліп».—

Деп тұрмын аздан бері, мұнан былай
Басқа ой болса, көрермін тағы құдай.
Туысында еріксіз жер құрттары
Жерге кірмей қоймайды жылай-жылай.

Білемін, әлі күнге адам надан:
Көзі жетпес болуға ертең аман,

Қартаймай жанның көбі көрге кірер
Надандық білінбей ме осы арадан?
Аз өмірде көргені бейнет-қайғы.
Болған соң түзелместей мінез жаман.

Жан иесі жегелі бірін-бірі
Өлмеу үшін ауызын ашқан заман.
Дүние — өзен, ағысын кім тоқтатар?
Ағып кете баратын мен бір салам.
Дүниедегі бар қызық күштінікі —
Екенін жасағандық айтты маған.
«Әділдік», «ар», «адамдық» деген сөздер,
Күшсіздерді алдауға қылған амал.
Қуанбаймын дегенде: «Өзім білмей,
Әйтеуір, бір мақсатқа таман барам».
Анықталған кезінде қуанармын,
Кішіліктен көре алмай тұрса адам.
Көрінгелі жаралдым өлмек үшін,
Көңілдің тілегінен бермек үшін,
Айтпаймын: «құдай мені жаратты» деп,
Ойыншық қып сынуға ермегі үшін³³.
Туыстағы көңілдің тілектерін
Жаралған жоқ шығармын жеңбек үшін.
Туыстағы тілекті қаулыменен
Қуатым жоқ «жеңем» деп сенбек үшін.

Егер бақ бергісі кеп маған аллам
Мен болсам сопыларша соқыр нанған...
Мешітте құлшылық қып өтер едім,
Түкірер ем ләззатқа, беріп жалған.
Түпкілікті шын бақыт табу үшін
Құранмен күңренер ем мешіт ішін,

Масатыдай құлпырған жаз кезінде,
Көрмей-ақ қояр едім жаздың түсін.
Ақ ауыл, айдын көлден көзді жұмып,
Құйқылжытса, естімей бұлбұл құсын.
Ақ ерке, алтын сәуле көлбеңдесе,
Міз бақпауға жетер ед және күшім.
Сыры терең көк жүзі, ай мен күнде
Болса да қарамас ем, қандай пішін.

Тілден зікір, көңілден пікір түспей,
«Өл» десе өлер едім тамақ ішпей.
Ұжмақта бұл дүниені еске алар ем,
Түнде көрініп, қорқытқан жаман түстей.

Қанымды жүз бұзатын жамандармен,
Кісі етіне жеріген арамдармен
Күн үшін жебелеп дос болмас едім,
Ішімнен атқым келген адамдармен.

Өлер ем, жол бермес ем қара күшке,
Түзуді жықпас үшін теріс іске.
Дер едім: ол дүниеде орным даяр,
Кірсе де бүгін келіп істік ішке.

Бейшараны шын досқа санар едім,
Ол үшін оқ астына барар едім.
Бай жағы жүз мың болса, кедей жалғыз,
Қорықпай-ақ жалғыз жақта қалар едім.
Жағынбаққа ешкімді мақтамас ем,
Арымды таптатпас ем, таптамас ем³⁴,
Айтар ем мінділердің мінін бетке

Кек тұтар деп, қипақтап, сақтамас ем.
Уәдеде тұрудан танбас едім³⁵,
Алтын берсе «бұрыл» деп, алмас едім,
Өтірік, алдау, шағым болған жерге
Мойныма арқан салса бармас едім.
Не ұлық, не бай кісі сөгіп тұрса³⁶,
Естімеген кісі боп қалмас едім.
Біреудің көзге қылған артықтығын
Білмегенсіп, ішімнен жанбас едім.
Шындығын сезе тұра күншілікпен
Мін іздеп, арсыздыққа салмас едім.
Жақыным, жұрттың бетін аударуға
Қара боран салса егер, нанбас едім...

Жоқ, табуға бермеді үйтіп бақыт,
Мешітте бір құдайға жылап жатып.
Сор, бақты, дәнеңені ескермейтін,
Тым болмаса баянсыз бала оқыт.

Жеткізетін жолы деп, оқу бақтың
Соқыр наныс жоғалды, бәле таптым.
Дүниені жасап-оқып білген сайын
Жолы алыстап барады бақыт жақтың³⁷.

Бұл жолмен жүре берсем өмір өтіп³⁸,
Сан соғып, айтатыным: «құры қаппын,
Идеалист болғансып, әуреленіп,
Жар сүйген қызығынан жастық шақтың».
«Жердегі торғай артық, әуедегі
Тырнадан» деген сөзі рас қарттың.
Аз өмірден әліңше пайдаланбай³⁹,
Көкке қарау ісі екен ақымақтың.

Жастықтың тілегенін ақыл жеңу
Болмайды, законы емес табиғаттың.

Жастықтың сезімді ыстық жүрегімен,
Жаратылыста берілген тілегімен,
Бұл күнгеше күрестім, не өндірдім?
Мен жығар ем, жан жықса білегімен⁴⁰.

Өмір аз әлде болса күресуге,
Мақсат жоқ мақсат үшін сіресуге.
Ажал кеп аз қызықтан құр қалдырар,
Көпті аз деп мен жүргенде тіресуде.

«Бейнеттенем, жасаймын ұрпақ үшін»
Деп қанағат қылуға жетпес күшім.
Өзім көрге кеткен соң пайдасы не?
Ұжмақ қып, жіберсе де жиһан ішін.
«Өз етігің тар болса дүниенің
Кеңдігінен не пайда», білемісің?
Мұндай бақсыз қыларын білген болсам,
Бар еді оқуменен не жұмысым?

Өмірдің қызығын да, бұзығын да,
Жасар ем тинақтай да болмай ісім.
«Кім алдын бұрын көрсе, бейшара сол»,—
Деген сөз ып-ырас қой, айтшы кісім!

Пайданы енді ойлаймын өз басыма,
Қоштасып идея деген жолдасыма.
Енді мен қатын алам, байлық жиям,
Көп ойдың көңлім сенді болмасына.
Қона алса жар сүюден жастығымда

Сендім мен басқа бақыт қонбасына.
Бұл күнге өмір суық, өмір жансыз,
Жар сүймей мүмкін емес тоңбасыма.
Қайткенмен кедей өмірі бұл қалыпта
Жүз бұлқынса, қол әкел оңбасына.
Қалай егін егерсің бейнеттеніп,
Көзің жетіп тұрса егер, ормасыңа.
Гүл ұрығы жел ұшырып, құмға түссе,
Шара жоқ кеуіп, құрап, солмасына.

Ақ ниет, адал ойлар түкке тұрмай,
Барады ешкім оған мойнын бұрмай,
Әділдік орнамасқа көзім жетті,
Дүниеден ет жейтұғын ауыз құрымай.

Менде де өз шамамша бар ғой зейін,
Кімде зейін кем болса соны жейін.
Дүние алдау екен, алдасуда
Өз обалым өзіме, қалсам кейін.

Дүние — жеу, жегізу майданы екен,
Жеңе алсам жеймін демей мен не дейін.
Әділдік болады деп тоса берсем,
Өзімді жеп қоятын оған дейін.
Байып алып, біреуді мен де жекпей,
Неге өгіз боп оларға жегілейін?!

Адам бұрын көреді өлмеуді артық,
Аз өмірде мұқтаждық көрмеуді артық.
Сондықтан, кім байлықты қолына алса,
Өмір соның қолында — алды тартып.

Неғұрлым залымдықтың күші басым
Болып, артық көп төксе көздің жасын,
Соғұрлым сағындырып әділдікті,
Соғұрлым көбейтпей ме еш пен қасын?
Әділ болып байқадым, не өндірдім?
Бұл басым залым болып бір байқасын!..

Мен кәрі

Мен кәрі халім кеміп, тәнім тозған,
Алдымда қараңғы көр қолым созған.
Аяқ бассам, алдымда көр тұрған соң,
Күндерді сағынамын бастан озған.

«Ол күндердің келмеске кеткені рас»
Дегендей аппақ болған сақал мен шаш.
Буын босап, қалтылдап, бел бүгіліп,
Жерге аз-ақ тимей отыр селкілдеп бас,
Бар денем кәріліктен қуырылған,
Кішірейген, сиық кеткен, күш құрыған;
Дірілдеп, төгіп алар қолым асты,
Сүлдемін құлайын деп, қурап тұрған.

Көрмейді еш нәрсені жөндеп көзім,
Тістен түк жоқ бұзылып шығар сөзім.
Қатты айтпаса, құлағым түк естімес —
Отырмын керексіз боп ешкімге өзім.
Дүние менің үшін жаралғандай,
Өзім соның кіндігі саналғандай,

Ойлаушы ем: сонша үмітті, сонша биік,
Түк емес екенмін ғой, амал қандай?

Бірқыма, дүние тұрсын, денем көнбес,
Көнсе, неге қартаймау қолдан келмес.
Ызасына ішемін, миды улаймын,
Құп білемін: қайғыдан еш нәрсе өнбес.
Қартаймаудың шарасын іздер едім,
Әттең, жігіт күнімді қайтып бермес.

Бұл күнде ұйқы — тамақ, қайғы — жолдас,
Мұндай өмір ешкімге қызық болмас.
Мен үмітсіз һәм менен жұрт та үмітсіз,
Сөйлеспейді дегендей: «мынау оқбас».

Сырласып, жасы кіші айтпас ойын,
Мен айтсам тыңдаудан да тартар бойын.
Ең арты балама да ұнамайды,
Түзу деп айтқан сөзім, айтқан ойым.

Біліп отырам, келмейді естігісі
Құр айтты деп, «ие», — дейді «үлкен кісі».
«Солай дұрыс» дей салар көңіл жықпай,
«Мазаны алды, қойса екен», — десе де іші.

Сондықтан, мен жалғызбын, ермегім жоқ,
Алдым қабір, үміт қып сенгенім жоқ.
«Соны істеп кеттім ғой» деп медеу қылар
Адамдыққа еш нәрсе бергенім жоқ.
Бұл кезімде құрметтеп мені елерлік.
Жұрт үшін еткен қызмет, еңбегім жоқ.
«Өлмей жасап тұрса екен» дейтұғын жұрт:
Дәрежеге еңбек қып келгенім жоқ.

Сонда жатып аздан соң мен топырақ,
Топырақта жоқ сезім, тіл мен құлақ,
Бір дыбыс ала алмассың өмір бойы,
Қасымда отырсаң да жауап сұрап.
Бәрі бір қалған дүние не болса да
Мәңгілік сезбестікті қылдым тұрақ.
Ұмытылдым, жұрт та сезбес жоқтығымды,
Тудым, өлдім, жоғалдым, сөнді шырақ.
Бар болды деп сүйсініп, жоқ болды деп,
Ғаламның күйзелген жоқ міні құрап.

Законы дүниенің билегенде,
Заман өтіп, әр түрге сүйрегенде,
Жер суып, жердің үсті мұзға айналып,
Күн сөніп, жерге жарық тимегенде,
Мен не түрде жүремін, жауап берші,
Жер тозып, быт-шыт болып күйрегенде?

Не болар топырағы жүрегімнің —
Тірліктегі ұясы тілегімнің?
Не болар бәрін көрген көз топырағым,
Топырағы миымның, білегімнің.

Тозған жердің атомы күлдей ұшып,
Жүргенде әлдеқайда барып түсіп⁴¹,
Жаралатын жаңа жер, жаңа күнде
Жан бітер ме мақлұқ боп, тамақ ішіп⁴².

Әлде болар сондағы балыққа тән?
Шыбынға аяқ, немесе, бақаға сан?
Не малға, не бір шөпке дене болып,
Не шаң боп ұшады ма кіре алмай жан?

Не діндердің айтқаны рас болып,
Хор қыздары жүре ме жанға толып?
Қартаймайтын, өлмейтін өмір туып,
Шат қылар ма кетпестік бақыт қонып?

1019





КЕДЕЙ

Все, что существует в мире, есть результат известных действий, условий и среды. Человек может творить эти условия, что и отличает его от животных. На этом основано все, что изобретено человеческим умом. Отсюда цель моего произведения может быть пожалуй, ясна.

1919 год. Султанмахмұт.

Қызметі һәм аяныш халі

Күзгі түн, шөптің басын қырау көмген,
Ызғар шашып, бұлт мынау жерге төнген.
Қараңғы, итпен бірге қой күзетіп,
Мен ояу, ел ұйқыда, оттар сөнген.

Ұзақ түн, жолдасым жоқ иттен басқа,
Бүтін киім менде жоқ жаурамасқа,
Бір бүтін, кірсіз киім кигенім жоқ,
Туғаннан міне шықтым талай жасқа.

Өкпемнен барады өтіп күзгі суық,
Бір жағынан қышытып, биттер буып,
Бит жеген, ескі күпі жабағысы
Жергекке оралғанда іштен туып.

Бұл битке сонан бері денем азық,
Көбінесе сондықтан да жүрмін азып.
Туысымен көргенім бәрі бейнет,
Тумай жатып қылып ем қандай жазық?!¹

Жұрт айтады: «Еңбек қып, ерінбесең,
Маңдай термен ас тауып адал жесең,
Қызмет қылған байыңнан алғыс алсаң,
Ол сені алдап, арбап, кетсе де есең,

Сонда сен көгересің», — дейді халық,
Көп өмір өтпеді ме бұған нанып?
Ес біле басталғаннан бері қарай
Бір күн тыныш жаттым ба, ұйқым қанып?

Адамға аса қымбат балалық шақ,
Ойға кіріп, шықпайтын сор менен бақ,
Қозы қуып, бұзауға құрық салып,
Торғай көздеп, шиді иіп, жасайтын жақ.

Топай жиып, батпақтан құдық қазып,
Балалықтың жанына ойын азық,
Сол кезде де еркімше ен далада,
Қашан мен ойнап едім бойым жазып?

«Патшағар, неге тілді алмайсың деп,
Еркелейтін сен неме қандайсың» — деп,
Бай қамшысы арқамды оспады ма?
Жылдамырақ қозыға бармайсың деп.

Қозыға жарауымнан біраз бұрын
Ойнатып, уатпап па ем байдың ұлын?

Сүйретіп, арбасының аты болдым,
Бір аяқ ас еді ғой сондық құным².

Онан жаста шешемнен тамақ сұрап,
Қыңқылдап, иығынан түрттім жылап.
Бай асынан жасырып ас әперер,
Мен үшін зекуіне шеше шыдап.

«Жылдам іш, біреулері көреді,— деп,
Көрсен егер, маған ұрыса береді»,— деп,
Жұт-жұттың сасқалақтап, астына алар,
«Аяқты бер, әнекей келеді»,— деп.

«Дәмді аспен қарным тойса» — деген
арман,

Мұршам аз ой ойлауға онан әрман.
Әлі күнге өзгенің қызметімен
Жетпедім бұл ниетке көңілге алған.

Мен сорда жастан бері дамыл бар ма?
Не еңбек сіңірмедім малы барға?
Бетті үсікпен шірітуге көнбедім бе,
Малын қорғап қалам деп аяздарда?

Боранмен жердің үсті көмілгенде,
Мұрның ғана көзіңе көрінгенде.
Жазғы бұлттың жалтылы жай астында,
Үйде отыру болды ма, жаным, менде?

Илікпей су киімдер қатқанында,
Денеме ызғары кеп батқанында,
Бел шойрылып, бүйірге шаншу тиіп,
Ұйықтатты ма аяғым жатқанымда?

Келгенде шаршап, тоңып, малын қарап,
Бай үйінен жедім бе тоя тамақ?
Өзі жеуге арланған асын беріп,
Ол жетпесе, отырар «ит, шошқалап!»

Киім берсе, береді жыртылғанын,
Кір, сасығын, жең, жаға қырқылғанын.
Не шіріктен әперер шықпайтын қып,
Жақсы еді «алмадым» деп күр тұрғаным.

Мен емес пе шалғы алып, шөбін шапқан?
Малына құдық қазған, қауға тартқан?
Балшық илеп, қорасын, үйін салып,
Ағаш түсіріп, төбесін оның жапқан?

Білеппен киіздерін баспадым ба?
«Көне жер» деп, қой қырықпай тастадым ба?
Жүк артып, көшіретін мен емес пе?
Не айтса, аяқты ұшынан баспадым ба?

Мен емес пе ас қылған, малын сауған?
Күндіз бағып, айырған түнде жаудан?
Ас пісірген, үй жылтқан мен емес пе,
Тезек теріп, отын ап анау таудан?

Құлақтан бұрап отырып асау малын,
Үйретуге қиналмап па ед менің жаным?
Күн көріске қай жұмыс керек болса,
Терлемеп пе ем мен істеп соның бәрін?

Әсіресе, жаздың қысқа түндерінде,
Шаршап, тәтті ұйқыға кіргенімде,

Көзді тырнап, күн шықпай, қой өргіздім,
Ауыз кебер шілденің күндерінде.

Құрттаған, биттегеннің құртын алып,
Шірігін жумап па едім дәрі жағып,
Ішуге, кір жууға су тасыдым,
Иығыма мойынағаш, шелек салып.

Мұздан жастық, бұлыттан көрпе жамылып,
Қыс жылқы бақпап па едім қарға малынып?
Жылқымен бірге ықпап па ем үскірікте,
Үсігем, ашығам деп, тұрдым ба аңырып?

Ұзақ түн итпен бірге қой күзетіп,
Киім жоқ, күзгі суық дірілдетіп.

Таң атқанша айғай сап, көз ілмеймін,
Бай жатыр ақ үйінде пыр-пыр етіп.

Қаладағы жебірлер

Мен жалғыз ел қызметін істедім бе?
Қаланың да дәм-тұзын ішпедім бе?
Тірі көрге түскендей жер астының
Кендерін шығарғалы түспедім бе?

Тірідей жердің асты көрім болып,
Көрден тұрған кісідей өңім болып,
Пұшпағымнан талай тер ақпап па еді,
Өнебойым қап-қара көмір болып?

Жер қазып, құм, тас төсеп шойын жолға,
Сүйелдер шықпап па еді біздің қолға?
Күніне 14 сағат жұмыс қылып,
Тамақтан қанша артылды ақым сонда?

Орын көп жаздай терлеп, тапқаныма:
Әкімдер алым алмай жатқаны ма?
Кәрі әкем қысқаннан соң ақша таппай,
Кеп түскем саудагердің қақпанына.

Қыстайғы киген, ішкен борыш қайда?
Борышсыз тұра алып па ең үн мен шайға?
Бір теңгесін он теңге қылып алар
Саудагер беріп пе еді оны жайға?

Екі-үш теңгем жетпей қап, ана байға
Іштегі бұзауды ал деп, таптым айла:
Кедейдің бейшаралық халін аңдып,
Қылмай ма малы барлар сонша пайда?!

Үш жыл жатып ол бұзау өгіз болар:
«Өгіз бер, не тегін жүр» демей ме олар?
Жыл сайын сондай борыш басын байлап,
Кедейлер сен секілді қайдан оңар?

Мен борыш алып па едім қол жеткенде,
Алғам жоқ па жоқтықтың зары өткенде?
«Қарға адым жер мұң болған» кездерді аңдып,
Албастыдай баспай ма өл кеткенде?

Үмітсіздік

Әкем, шешем, арғы атам солай өскен,³
Олардың да өкпесін есік тескен,
Мен істеген жұмысты олар да істеп,
Мұқтаждықтан құтыла алмай, күні кешкен.⁴

Сайдауыттай алты ұл бар Мақан шалда,
Оларда да жасынан дамыл бар ма?
Өмір бойы өгіздей жегіліп жүр,
Не себепті бермейді оларға алла?

Анау жүрген Қозыбағар, Сейсенбайлар,
Қойайдарлар, Ысқақтар, Бейсембайлар,
Сондай-ақ болар ауыр адал қызмет,
Әлі күнге жоқтықпен соры қайнар.

Өмірі бәрінің де бір пішінде
Кірде туып, өседі кір ішінде,
Сонша еңбекпен жарыған бір күні жоқ,⁵
Не пайда бүйтіп өмір сүрісінде?

Бір күні басы ауырса, күні қаран,
Қартайса, бала жоқ боп, онан жаман.
Киім жоқ, тамақ мәнсіз, жұмыс ауыр,
Ауырмай қалай шыдар бұған адам?

Қырау, сасық, бу, түтін қыстайғы орны,
Ауырса сонда жатып, қандай болды?
Кәрілікте жатуға тамақ таппай,
Қап салып, тіленбей ме неше сорлы?

Кеше шал келмеді ме қайыр сұрап,
Белі аспанда, көзі ірің, мүкіс құлақ:
Күрс-күрс етіп, аяғын шалыс басып,
Түгі жоқ, киімінің бәрі құрақ.

Екі аяғы екі пұт киіз етік,
Тәні көрініп, жыртықтан дір-дір етіп,
Бай оған теріс қарап, ұрыспады ма,
«Неге тірі қойды деп, тентіретіп?»

Талайдың жұмыс жаншып, саулығы кем,
Сондықтан, қайыр тілеп, ақтайды ел,
Талайлар байдың малын қорғаймын деп,
Қар астында қалады соққанда жел.

Талайлар заводтарда қылған кәсіп,
Тас құласа қалады үстін басып,
Бұларды көре тұра, ойлай тұра,
Үміттер жоғалмай ма, көңіл жасып?
Менің-дағы тағдырым осылай ғой,
Қанша еңбек қылғаныммен жанталасып.
Адам аз ба түк еңбек қылмай отырып,
Өмір бойы көрмеген қарны ашып.
Еңбекші тамақ таппай отырғанда,
Жүретін сән-сауыққа ақша шашып.

Өзін мырзалармен салыстыру

Ана Жақып сән түзел, сауық құрған
Күрдасым емес пе еді бір күн туған?

Мен туғанда, табылмай қара сабын,
Ол туғанда, иіс сабын тәнін жуған.

Менің сорлы шешеме қалжа қайда?
«Қой сат» деп, әкем шапты көрші байға?
«Тағы бізге жүрерсің, не болмаса...»
Деді оған, қой бере ме байлар жайға.

Ол туғанда малына тойға сойған
Ауыл тұрсын, бір тайпы елі тойған.
Құттықтап әркім келіп, қалау алып,
Ат мінді молда-дағы атын қойған.

Сүйіншіге тай беріп жақындары,
Құтты болсын айтысты жас пен кәрі.
Мен туғанда білген жоқ аулым тегіс,
Ол туды деп қуанды елдің бәрі.

Тілеулес біреуі әже, біреуі ата,
Солай деп, келгендер көп, тарту тарта.
Жиылды қожа-молда, ишандар да,
Әдейі іздеп, беруге оған бата.

Кісі даяр көтеріп, тербетуге,
Тілектес жанның бәрі ер жетуге.
Мен жылаймын бесікте биттер талап,
Шешемді байға ұрысқызып, жерлетуге.

Нәм оның атқа мінер, сүндет тойы,
Тойға сойған үйінің жылқы, қойы.
Құдалық, үйі түскенде сойған малын
Еңбек қып, кедей таппас өмір бойы.

Мен ауырдым, баяғы күнім қаран,
Маңайыма жолай ма жалғыз адам?
Бай «ақымды берсін» деп, сөз салдырды,
Ауруыңнан соның сол сөзі жаман.

Үйімнен табылды ма сүйген асым,
Тоқым төсеп, сүйедім ерге басым.
Әкем, шешем қасымнан бай жұмсаса,
Жөнеледі көзінен төгіп жасын.

Ол ауырды, кім көңіл сұрамаған,
Қамыққансып, қайғырып, жыламаған?
Әкелер қожа-молда, дәрігер жиып,⁶
Қандай шығыны болса да шыдамаған.

Ол қандай өмір сүрді ес білгеннен,
Сау қалған кедей бар ма ол күлгеннен?
Тамаққа ыдыс, басқаға масыл болып,
Уақыты арылды ма бос жүргеннен.

Бала күнгі өмірі — ойын ойнау,
(Балада жоқ, ойыннан басқаны ойлау).
Тіл шыққан соң үй ішін һәм көршісін,
Ата, енеден жіберіп, түгін қоймау.

Ойнамап па ек онымен топай, асық,
Соқыр теке, ақ сүйек шапқыласып.
Ойында бізге зорлық қылғаны үшін,
Ойнамай жүрмеп пе едік онан қашып.
Дау қылып, сақамызды тартып алып,
Шағыстырып, үйіне жылап барып,
Шешесі шешемізге «тый» деп, жекіріп,
Қоймап па еді бірқатар бүлік салып.

Әлде маған таң бар ма өлгеннен соң,
Құр тәнімді қабірге көмгеннен соң,
Бұл күнгі ауыр бейнет, қайғыларды
Ұмытам ба хор қызын көргеннен соң?

Сонда ғана жамаусыз киім киіп,
Сонда ғана жақсы асқа аузым тиіп,
Сонда ғана пырақпен сайран салып,
Сонда ғана үйірлеп сұлу сүйіп.

Сонда ғана еркімше ұйқым қанып,
Сонда ғана жұмыстан демімді алып,
Рақатты ұжмақтан көрермін бе?
Тамаққа, киімге де сонда жарып?

Сонда ғана үстімнен бит арылып,
Сонда ғана іс қылмай байға жалынып,
Сонда ғана көн қолым жазылар ма
Һәм табаным қанаған мынау жарылып?

Кісілік есебіне сонда кіріп,
Сонда ғана байлармен қатар жүріп,
Сонда ғана, құдай-ау, құтылам ба,
Қорлауынан олардың сықақ қылып?

Сонда ғана оларға жалбақтамай,
Бабасын, не пәленің бір мақтамай,
Сонда ғана, «Байеке, соның теріс,
Деуге тіл келе ала ма жалтақтамай?

Сонда ғана қам көңілім жаңара ма?
Сонда ғана көн бетім ағара ма?
Сонда ғана «кедейдің байларда ақысы
Бар» деген сөз қолға алынып қарала ма?

Рухани қысымшы

(Духовный утешитель)

Деген сөз бар болса да үміт үзбе,
Бұл медеу болса-дағы көңлімізге,
Байлардай берген ат пен асымыз жоқ
Бере ме сол ұжмақты молда бізге?!

Кедей сорлы дүниенің азабында,
Екі көзі байлардың қазанында,
Жарайтын киімі жоқ және тағы
Оқуға мұрша бар ма намазын да?

Ишандар келмеді ме сәлде киіп,
Байларға бермеді ме батаны үйіп?
Үлкен-үлкен кітаптан соқпады ма,
«Мал берсең кетпейсің деп, отқа күйіп».

Ол сонда атырды ма кедейге таң?
Демеді ме: «Мырзаңның тілдерін ал!
Бір сабақ жібін алсаң дозақтасың,
Оңбайсың, құт кісіге бітеді мал,

Ораза, намазыңды, әсте қойма,
Құрбан шал, ақыреттің қамын ойла,
Пітір бер мезгілінен қалдырмастан,
Оразаның сауабын, жаным, жойма!

Әліңше құрметтесең ғалымдарды,
Қияметте құдайым саған берді,

Садақа бер, бата ал молдалардан,
Тәспих тарт һәм дәретсіз баспа жерді!»

Егер дерт бере қалса құдай басқа,
Молдекеңе емдеуге бір боз қасқа
Өңгертпеп пе ем жан үшін борыштанып,
Жарымай отырғанда үй іші асқа?

Бермесем молда тегін емдеді ме?
Құр жалыну құлаққа енгені ме?
«Дүние, ақырет те байлар үшін,
Шүкірлік қыл дер тағы бергеніңе».
Байларға өгіз болып өту үшін,
Дүниеге шыныммен-ақ келгенім бе?

Шөп бермей ме өгізге өлмесін деп,
«Жұмыс иесіз қалады өлген соң» деп,
Сол секілді кедейге жазғаны ма:
«Өлмесін, басқа рақат көрмесін» деп.

Жұмыстан арықтаса өгіз қажып,
Жіберер: «семірсін,— деп,— бойын жазып».
Кедей қажып, жұмыстан халі кетсе,
Денесіне кім берер оның азық?

Адамның қасиеті һәм бақытқа талпыну

Жоқ, мен бұған разы тіпті болман!
Бақытты іздеу керек басқа жолдан:
Бұл жолға көрге дейін өмірін беріп.
Жан аз ба менен басқа әуре болған?

Көнетін менде бұған тілек жоқ па,
Бақыт іздеп тулаған жүрек жоқ па?
Ақыл иесі қалайша көніп отырар
«Бейнеттен басқа алдында үміт жоққа».

«Бейнетке, жексұрлыққа жаралғанға»,
Әркімнен кем көзбенен қаралғанға,
«Қойшы,— деп есіктегі иттің сөзін»,
Әр жерде ит есепті саналғанға.

Бұған көніп жүргеннен өлген артық,
Іштен тынып жанғаннан, сөнген артық,
Текке өлмей, тауға-тасқа басты соғып,
Жолында не кез келсе көрген артық.

Қартайғанда қайыршы болу үшін,
Жастықта жұмыс жаншып солу үшін,
Сол бейнетке тастауға тағы да ұрпақ,
Осы үшін жасаймын ба, айтшы, кісім?

Кім мені бұл бейнетке айдайтұғын?
Көнбесем де құл қылып, байлайтұғын?
Әлде менде рақат, бақыт іздеп,
Қан жоқ па жүрегімде қайнайтұғын?

Байдікіндей менде де жүрек, жан бар⁸
Жүрегімде өмір бар, ыстық қан бар,
Үміт бар, махаббат бар, жек көру бар,
Бәрі де байдікіндей, байқасандар.

Туысымда онан жоқ еш кемдігім,
Жалғыз-ақ менде мал жоқ, онда мал бар.

Менің-дағы қатарға кіргім келер,
Жақсы ас ішіп, жақсы атқа мінгім келер,
Аз күнгі тіршілікте бейнет көрмей,
Өз еркімше өмірді сүргім келер.

Менің де жақсы киім кигім келер,
Сұлуды бұраңдатып сүйгім келер.
Дұрыстыққа шаттанып, бұрыстыққа,
Жәбірленіп, кек тұтып, күйгім келер.

Сыйлағанды сыйлағым менің келер,
Қинағанды қинағым менің келер.
Кім кемсітсе, қолында өлгім келіп,
Кім мені алдамаса көңлім сенер.

Жақсы үйге, жақсы орынға жатқым келер,
Жұрт мақтарлық атақтар тапқым келер,
Асса адам баласына жақсылық қып,
Алғысқа, абройға батқым келер.

Байлық — ұрлық, зорлықтың жемісі

(Қазіргі өмір — бақ іздеушіні залым қылады)

Қайтермін құтылуға бұл жайымнан,
Аспайды нені ойласам уайымнан,
Ақ ниет адалдықпен қызмет қылып,
Торықтым, сұрай-сұрай құдайымнан.

Байқасам енді түсіп арам жолға,
Күйер деп, аяйтұғын өмір сол ма?

Тапқаным мынау болса, жер жалмасым,
Жүрем деп, білгенімше ылғи оңға.

Деген бар: «Бәрекелді құлды өлтірер»,
«Бәрекелге» мұнан соң кім тентірер?¹⁰
Болғаным «бәрекелшіл» байға жақсы,
Бейнеттен басқа өзіме не келтірер?

Рас мен «бәрекелшіл» болмадым ба?
Бай жұмсаса жанымды қорғадым ба?
Аз ішіп, жұмыс болса артық істеп,
Өмірді «бәрекелмен» оңдадым ба?

Көнбеп пе едім жазықсыз ашуына,
Жан ашуын менен ап басуына.¹¹
Келіні, жұдырықтай баласының,
Қожасынып, ызғарын шашуына,
«Бәрекелді алам» деп бұға берсем,
Соқпап па еді себеп боп жасуыма?

«Жеп қойды, ішіп қойды, ұрлап қойды,
Жалмауыз ол ит қашан асқа тойды».
Деген сөзі қайнатып жүрегімді,
Жылатпап па ед қозғатып іштегі ойды?

«Ақымақ, дәлдір-есер, жындысы да,
Жақпаған еш мінезбен құрбысына»,
«Шаруасына пысық бұл» десін деп жұрт,
Мін таққан бола қалар жұмысыма.

Бұл қалай ақ ниетпен оңбайтыным,
Терлесем де оңатын болмайтыным?

Періште, сенен бездім, шайтан, бері кел!
Күйер деп, не жаным бар қорғайтұғын.¹²

Әзәзіл, жүрегіме салшы бүлік!
Жұрт десін мейлі жынды, мейлі жулик.
Бақытты саған ерген бұл уақытта,
Айтсаң да, айтпасаң да, тұрмын біліп.

Ауылда «пәлен» деген, «түген» деген¹³
Тіліңді ап, жеті атадан елді жеген,
Ұрлық, зорлық, өтірік бәрі де бар,
Өйткенмен кем боп отыр олар неден?

Шен-шекпен аталары киген екен,
Ел қорқып, дүниені оған үйген екен.
Алғаны, сойғызғаны былай тұрсын,
Еріксіз қыз-қатынын сүйген екен.

.....* күтуші мен нөкерінің,
Зияны момындарға тиген екен.
Шындық үшін сірескен талай басты,
Иттеріне тепкізіп, иген екен.
«Я құдай, мен жазықсыз, сен теңгер», деп,
Көргенше талай кеуде күйген екен...

Баласы — осы күні елдің байы,
Оның да қызығарлық күйі-жайы,
Ол қылмаған зұлымдық, жамандық жоқ,
Қайда жүр, теңгерсе егер, бір құдайы?!

Малменен оқып жетіп балалары,
Төре боп, ел билеп жүр, олар бәрі.

*) Бұл сөз танылмады.

Дәулеті өнер табуға жол даярлап,
Болса да аузы қисық сөзі дәрі.

Әр елдің бас адамы құда болып,
Аймақ көп, ешкім тимес бата тұрып¹⁴,
Қырға келген төрелер, оқығандар,
Соны білер, соған барар, сонда қонып,

Дүние үшін оқығандар қызын алып,
Қыздары білмесе де жалғыз «әліп»,
Басқадан көпті көрген, көпті білер,
Хаж барған, дәулет, баққа отыр жарып.

«Пәленше» жүр ғой әне жуан қарын,
Бір тиынға сатады ар, иманын.
Кедейменен алымды бірдей тартар,
Азсынып, бықып жатқан сонша малын.

Сауда ғып, «пәлен» анау елді жеген,
Бай болды осы күні «мынау!» деген,
Бай болған кісілердің бәрі цыган,
Таусылар ма мен санап айтқанменен.

«Пәлен» болыс, «пәлен» бай, «пәлен» билер
Кедейдің қанын сорып, жүндей илер.
Адалдық маңдай термен бақыт тапқан,
Адам жоқ, үлгі қылып, кедей сүйінер.

Алдауы, өткірлігі кімнің артық
Болса, сол бақ, дәулетті алар тартып.
Бейнетқор адалдықпен кәсіп қылған¹⁵,
Өмір бойы өтеді азап артып.

Бұл күнде шайтан тірі, періште өліп,
Шайтан саған еремін соны көріп.
Ұрлық қылдыр, кісі өлтірт, өтірік айтқыз,
Алдағыш қыл — бәріне тұрам көніп.

Тек байлық берсең болды, шайтан, маған,
Демеймін айтқаныңның бірі жаман;
Қай жолмен болса-дағы бір байытшы,
Болмайды бай болған соң жаман адам.

Жақынынан айрылғандағы күйік

Өзәзіл, орның даяр, кел ішіме,
Жүрмеймін мұнан былай ел ішінде,
Адамға өз елінен басқа ел жақсы
Түсуге түр құбылтып, бір пішінге.¹⁶

Мен емес туған жерді қимайтұғын,
Кетерде көз жасымды тыймайтұғын.
Бейнеттен туған жерде көз ашқам жоқ,
Жанымды нем бар қимай, қинайтұғын.

Қысқы суық өкпемнен талай өтіп,
Күзгісі де, міне түр дірілдетіп,
Шөгірлері қадалған табаныма,
Қойды ма жалаңаш деп, мейрім етіп.

Кей жылы болып кетіп жұты қатты,
Аз малым ақ сүйек боп, жерде жатты.
Басым кісінде болғанда қорғалақтап,

Дейсің бе мендей сорлы күтіп бақты.
Қасқыры мың қарасын байдың көрмей,
Жеп кеткен кезі болды жалғыз атты.

Қимайтын не нәрсем бар туған жерде,
Кетемін қаңғырып-ақ бөтен елге.
Аһ! Менің кәрі әкем мен кәрі шешем,
Қазығым қарайлайтын сол ғой менде.

Көрсеңіз қартаң тартқан шешем менің,
Болмаққа қызыл көзді бүкір белің;
Бай үйінің ас-суына араласар,
Сыбанып,қомыт киімінің жалба жеңін.

Бұзауын ол жіберер, ерте тұрар,
Күн қызғанша бүрсектер, ұршық бұрар,
Түсте тұрып, құйғызып дәрет суын,
Бәйбіше: «шай даяр ма!» онан сұрар.

Былғанған бесігімен жас баласын,
Ағызып, шешем жуар қол саласын.
Онан соң сиыр сауып, сүт пісіріп,
Жуады қазан-аяқ һәм шарасын.

Жабу тігіп, ас пісіріп, жібін есіп,
Жағам ба деп жалтақтап күні кешіп.
Аурулы, аз жылдан соң көрге құлар,
Өмір бойы өкпесін есік төсіп.

Жасында ол кедейдің қызы болған,
Кедей болса-ақ күн бар ма оған оңған.
Бесіктен шықса-ақ болды, кедейлікпен,
Мал үшін ұстап сатар әке қолдан.

Бір қойшы айттырыпты он жетіде,
Қойшы аңқау, мосқал екен келбеті де.
Айттырса да ала алмай көп жүріпті,
Мал беру келмеген соң ретіне.

Он жасынан есікте дірдек қаққан,
Жиырма жастан бай қойын он жыл баққан.
Тағы алты жыл жүріпті, ала алмастан,
Қалың малға жете алмай барлық тапқан.

Сүйтіп жүріп, шешеміз ер жетіпті,
Қойшы азаппен қартайып кер кетіпті.¹⁷
Әкеміз жас өспірім жылқышы екен,
Жас көңілін ол азғырып тербетіпті.

Мал да жоқ, қатын да жоқ қойшы шалға,
Болыпты ақырында амал бар ма.
Шал үшін би, болыстар ие бопты,
Әкемнен шешеме деп, шыққан малға.

Қолдаған болысына әкем жағып,
Жылқысын көп жүріпті тегін бағып.
Шешем-дағы айналып үй жұмысына,
Берген ескі-құсқысын жүрген алып.
Тек жүруден жалықса болыс айтқан:
«Шалға мал әперем,— деп,— биге салып».
Басы солай байланып екеуінің¹⁸
Көп жылдар солайынша болған кәріп.

Бұл күнде әкем анау жасқа жеткен,
Аурулы, өзі көксау: күрк-күрк еткен.
Екі інім бар, болмаған мал-түлігі,
Бәрі тоқ мені асырар деген ниетпен.¹⁹

Дейді олар: «Бізде арман жоқ алдында өлсек,
Аяғын шырмап келін, немере көрсек.
Өмірлік қайғымызды көр шетінде,
Кұдайым жеткізсе егер сүйтіп бөлсек».

Шырмайын деп, шырмады аяғымды
«Мен әкең, ал,— деп міне таяғымды».
Бір ат пен бір сиырым қалмаса да,
«Қуантам,— деп ол отыр,— қарағымды».

Мен онысын жек көрем, сүймек түгіл,
Көрген сайын мұздаймын, күймек түгіл,
Дүрия кесе, қараман мен ол қызға,
Бай қызының ескісін кимек түгіл.

Малым кедей болғанмен жаным биік;
Жүрегім жек көре алар және сүйіп,
Қара көз, алтын сәуле, ақ ерке үшін,
Бай ұлындай тарта алам мен де күйік.
Мен-дағы сүйген сәулем «...» үшін,
Ұйықтай алман жатқанда кеудем күйіп.²⁰

Соңыра, таң сарғайып атқанында,
Ұйқыға ит те, мен де жатқанымда,
Елесін сол жанымның оймен құшып,
Білмеймін арқама жер батқанын да,
Естен шығар толассыз бейнет, қайғы,
Туғаннан бұл күнгеше тартқаным да,
Ол кезде ұмытамын әкесінің
Бай шалға тоқалдыққа сатқанын да.
Кедейлікпен мен қалып, шал алғаны...²¹
Сол жылан шыдатпайды шаққанында?

Ем болды ма, ақымды үйге бермей,
Шешесіне сый қылып, жаққаным да.
Бекерге шықты оны бала күннен —
Меншіктеп бойға үйір қып баққаным да.
Төбемнен жай түскендей бір-ақ білдім,
Шалекең көп мал беріп, қаққанында.

Қайтермін ішке дерті сыймағанмен,
Болар ма көз жасымды тыймағанмен;
Жыл өтті, болатұғын болса болды,
Жүрекке құр елесін жинағанмен.

Дұғаға жалынғанға тағдыр сақрау,
Өнер жоқ, ашу қылып, қирағанмен.
Түнгі ұйқы, күндіз күлкі бірін көрмей,
Не болды құр жанымды қинағанмен,
«Ол сенікі» деп мені нанғыза алмас,
Жүз әулие, мың пір кеп милағанмен.²²
Жан қимақ пен жар қимақ бәрі бір бәс,
Қидым-қидым... Амал жоқ, қимағанмен.

Сонда да оны ойламай қоя алмадым,
Ойлауға жалықпадым, тоя алмадым.
Болмаса сол турадан сөйленген сөз,
Ұйықтадым басқа сөзге оянбадым.
Ұзақ түн ұйқым келмей, кеудем қызып,
Нешелер көз жасыма боялмадым!
Қаптатып топан суын, Мұхит теңізін,
Сол отын жүректегі жоя алмадым.
Білемін енді онан жұлдыз жуық,
Сонда да содан басқа ой алмадым.

Келеді өмірімнің таңдары атып²⁰,
Нұрымен жердің жүзін таңырқатып.
«Мен үшін соған бақыт бере көр» деп,
Тілеулес қу сүйегім көрде жатып.

Сол еді туған жерге байлайтұғын,
Болса да, қандай бейнет айдайтұғын.
Қара өмірімнің қайғылы жүрегінде,
Бар қуаныш сол еді жайлайтұғын.

Ойлаушы ем: «Жүрсем де деп, көп бейнетте,
Өтсе де сөз сүйекке, таяқ етке.
Ұмытармын мен соның құшағында,
Айқасып, тиген кезде бетім бетке».

Әсіресе сонысы маған күйін:
Жексұрын шал «сүй» деді-ау, зорлап сүйіп,
Жастық қызу шөлдеткен жас ерінге,
Көк мұртты, кепкен ерін тұрды-ау тиіп!

Кәрі қол талдай нәзік белді қысып,
Үлбіреген жас тәнді зорлап құшып.
Қуарған, кепкен тәнін жылытпақшы,
Сәулелі қара көздің нұрын ішіп.²¹
Ойым соған жеткенде жүрек тулап,
Күйіп кете жаздаймын отқа түсіп;
Ілгері бассам аяқ кейін кетіп,
Жер жүзі дозақ болар ішім пысып.

Сәбидің білегіндей торғын тамақ,
Тікенектей көк сақал соны қадап...
Неменеге жас өмірім, жас жүрегім?!
Малым жоқ болғаннан соң қалдым қарап.

Өле алмадым сонда мен өлемін деп,
Тірі қалдым енді не көремін деп?
Ойлағалы көп болды, өлмеген соң,
Өлгенше қаңғып көңіл бөлемін деп,

Білемін, енді онан жұлдыз жуық,
Білмеймін, көңілім кетпес неге суып.
Туған жер, әке-шеше — бар дүниеден²⁵
Неге соны көреді көңілім жуық?
Ойламасқа қыламын күнде тәубе,
Және ойлаймын көз жасым бетім жуып,
Жүз жалынсам бермейді құдай қуат,
Ойымнан жіберуге соны қуып.
Бейнеттен басқа рақат көрмес үшін,
Жасайтын секілдімін арнап туып.

Жоқ, бұлай емес шығар білу керек,
Білу үшін өмірді сүру керек.
Битке өкпелеп құр тонды отқа салмай,
Дүниеде тұра алғанша тұру керек.

Әйтеуір адам көрге бармай қоймас,
Асықпай-ақ қойсам да алмай қоймас.
Ерте қолдан өзімді ұйықтатпайын,
Көр ұйқысы ұзақ қой қанбай қоймас.

Деп енді қарайламан: «әке, шеше»,
Сағынып, жыласа да күнде неше.
«Осынша сұм дүниенің азабына,
Неге мені тудырды» «оңсын» десе.
Мен үйленіп, ұрпаққа себеп болман,
Даярлаған бақытым бар немеше.

Мен өтпей-ақ табылар байларға өгіз,
Толып жатыр, көзіммен көрдім кеше.
Кедейдің қара лашық жыртығынан,
Нанбасаң сығалап көр, білгің келсе.
Шиеттей қызыл қарын, үрпек бастар,
«Маған, маған» деп шулар тамақ жесе:
Қайда барса шешесін жөксұрын қып,
Үшеу, төртеу, білерсің, соңына ерсе.
Аз асы көптен берсе жетпей қалып,
Жарымай бәрі жылар аз-аз берсе.
Ұрып, алдап, қомытқа орап салып,
Бай үйінің жұмысына кетер шеше.
Байдан сұра бар-дағы ағайындық,
Жай айтып, жалынғаның құлаққа енсе.
Немесе қарызға деп ақша сұра
Еңбегімен төлер деп байың сенсе,²⁶
Бермесе, «бейілсіз ит», деп үйіңде,
Өкпелеп жат, түбінде кедей жеңсе.
Немесе, тоқты-торымын жасырып сой,
Бар қараңды айыпқа бергің келсе...

Еске алып шеше сүтін, әке күшін,
Қайтейін, бұрып-ақ тұр менің ішім,
Солайда өзім үшін өмір сүрем,
Мені де олар туғызған өздері үшін.

Жатқан жоқ бұл өмірден өмірі оңып
Қалың өрттен бір тамшы сумен қорып.
Өзім бірге күйермін сөндіре алмай,²⁷
Қартаярмын жүргенде әуре болып.

Түбінде халдеріне қарасармын,
Қарасар мұрша тапсам бақыт қонып,

Әйтеуір олар суға кеткен кісі,
Соңынан өтейін бе мен де «шолп!»

Әйтеуір мен шайтанға ерген кісі,
Ұят жоқ, ашпайтұғын бата көріп.
Мейлі жынды десін, азды десін,
Разымын жұрт айтса қалай жорып.
Ертеңнен қалмай кетем, елді қимай,
Көз жасым жоқ жылайтын солқ-солқ.
Шыдамай елден кетем, жерден кетем,
Бай мен биттің жеуіне қаным сорып.

Бақытқа жететін оңай жол

(Яғни елге масыл болу)

Жол қайсы құдай салған, шайтан салған,
Білмеймін, осы жері маған арман.
Мейлі құдай берсін, шайтан берсін,
Мақсатым — оқу оқу көңліме алған.

Құдай беріп, мен болсам ишан, молда,
Байлар сыйлап, түсірмес қолдан-қолға.
Дөкей-дөкей кітаптан мен де соқсам,
Байдың ісін келтіріп, ылғи оңға.

Шайтан беріп, төмені — тілмаш болсам,
Байың тұрсын, болысың болар жорға.
Жүрегімді белгісіз нәрсе қысып,
Шақырып тұр, мінеки, кеттім сонда.

1919





ҚАЙҒЫ

Асты мұз, үсті де мұз, өзі қалың
Ақ дария қаптаған жердің бәрін.
Көріп тұрмын «жаныңды қоймаймын» деп,
Терісінен суық желдің долданғанын.

Үскірік, күңгірттенген, ауа шақыт,
Жүрегім шыдамайды, түрін танып.
Өз көзіме сенбей жүр өз көңілім,
Құдай-ау, мен де кедей болдым ба анық.

Баласы емес пе едім Құтпанбайдың?
Мыңды айдаған нағашым және қайным.
Бар ма еді бұл маңайда бір ай бұрын,
Менен сүйген кісісі бір құдайдың?

Майда жал, қаз мойынды тобым қайда?
Бәрінен сыпырылдым бір-екі айда.
Үстіне жел шықпаса, адам шықпай,
Бұла өскен ая көзім қандай жайда.

Тарамыс таспасы да қолға түспей,
Қу сүйек болды, қалды әрбір сайда.
Неше жыл бейнеттеніп өсіргенде,
Қайғысы өз басыма болған пайда.

Терлесе жаным шыға жаздаушы еді,
Кім мініп, кім жемеді бар ма айла?

Отырдым біржолата қара малдан,
Бәрі өледі, көтерем ана қалған.
Өлімсекке қу қамыс не болады,
Сасқандықтан қораны бұзып салған.

Бұра тартар көлік жоқ, жүрмін жаяу,
Онда жоқ ет азайған, аштық таяу.

.

(Бұл арада 20 шақты беттей жоғалған)

1919



ТҮСІНІКТЕР

Қазақтың ең көрнекті ақын-жазушыларының шығармалары сан рет жеке жинақ түрінде басылуларына байланысты соңғы жылдарда текстология жұмысы да біраз қолға алына бастады. Алайда, бұл істе әлі де болсын толып жатқан олқылықтар мен кемістіктер кездеседі. Өйткені, кейде текстологиялық жұмыс жүргізерлік автордың түп нұсқасы (оригиналы) мүлде жоқ болса, тағы бір жағдайда қолда бар материалдардың өзіне сын көзімен қарап барып пайдалану қажет екенін көреміз.

Өкінішті бір нәрсе, Сұлтанмахмұт Торайғыровтан да ешбір қолжазба сақталмаған. Сондықтан текстология жұмысын жүргізгенде біз негізінде ақынның бұрынғы баспаларын (1933, 1950, 1957), әсіресе 1933 жылы шыққан толық жинағын пайдаланатын боламыз. Сонымен бірге Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің архивынан табылған Сұлтанмахмұт шығармаларының қолжазбасы да (шамасы 1927 жылдар қағаз бетіне түскен болу керек) тағы бір сүйеніш құрал екенінде сөз

жоқ. Қысқасы, ақынның осы жинағын дайындау үстінде текстологиялық жұмыс жүргізу үшін біз жоғарыда аталып өткен деректерді негізге алдық, ал бұрынғы баспаларында берілген түсініктерді пайдалана қалған кезде, қайдан алынғанын көрсетіп отырдық. С. Торайғыровтың осы екі томдығын әзірлеу принциптері жинаққа берілген кіріспе сөзде толық айтылған.

30 бет.

Оқыл жүрген жастарға (1912)—Тұңғыш рет 1933 жылғы толық жинаққа енген. Кейбір мәліметтерге қарағанда Сұлтанмахмұт бұл өлеңді Троицкіде оқып жүрген кезде жазып, өзімен бірге оқыған жолдастарына хат арқылы жолдады десе-ді. Өлең М. О. Әуезов архивынан табылған қолжазба негізінде беріліп отыр. Бұдан былай біз оны «Қолжазба» деп атаймыз.

1. **Ойынды енді азат қыл** — 1933 жылғы жинақ пен қолжазба бойынша қабылданды, бұл жол 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Ойыңды енді азат қыл — деп берілген.

31 бет.

Талиптарға [шәкірттерге] (1912) — Сұлтанмахмұттың 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарында басылып келді. 1950, 1957 жылғы баспаларында «Талаптыларға» деп аталған.

1. **Миллеттің кел майданға талиптары.**— Қолжазбаға сүйеніп берілді. Бұл жол өзге баспаларында:

Миллеттің кел майданға! — болып басылған, «талиптары» — деген сөз жоқ.

2. Жанды қиған кісі боп жылтыраймыз.— Қолжазба бойынша қабылданды. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Жанды қиған кісі боп жалтыраймыз— делінген.

3) Кісіні мықтап сайлап үркіп қашар.— 1933 жылғы жинақ пен қолжазба бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Қиын-қыстау іс келсе, үркіп қашар,— делінген.

4) Бізде бар аққу, шортан, шаян қапы.— Қолжазба бойынша қабылданды. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Бізде бар аққу, шортан, шаян халқы — болып басылған.

5) Анық қой надандықта қалмастары.— 1950, 1957 жылғы жинақтар бойынша жіберіліп отыр, осы жол 1933 жылғы баспасында:

Жақын ғой надандықта қалмастары — делінсе, ал қолжазбада:

Яқинан [иқина] жаһилатта қалмастары — деп жазылған.

34 бет.

Оқуда мақсат не! (1912) — Алғаш рет 1933 жылғы толық жинақта басылды. Бұл елең ақынның негізгі жинақтарына енгізіліп келген.

1) Көп жатып хатымкәрда есімін алып.— Қолжазба бойынша жіберілді. Бұл жол 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Көп жатып «хатымкер» атын алып,— делінген.

2) Болса егер ойларында соңғы мақсат.— 1950, 1957 жылғы жинақтары бойынша берілді. 1933 жылғы баспада:

Болса еді ойларында соңғы мақсат,—
делінген.

37 бет.

Анау-мынау (1912).— Бұл өлең негізгі жинақтардың бәріне еніп келді.

1) Бұл не деген ғажап тұр? — қолжазба бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Бұл не деген ғажап тұр,— делінген.

2) **Надандықтан қашпаса**.— Бұл жол қолжазба, 1933, 1950 жылғы жинақтарда бар да, 1957 жылғы жинақтан түсіп қалған. Ал, 1950, 1957 жылғы жинақтардағы өлең текстіне қолжазба мен 1933 жылғы жинақта жоқ: «Игілікке баспаса» деген бір жол қосылған.

3) **Ат-тоныңмен жұтады**.

Аузына егер сыйсаңдар.— Бұл жолдар қолжазбадан алынып қосылды, 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда жоқ.

4) **Обь пен Нілдей тасарлар**.— 1950, 1957 жылғы жинақтар бойынша беріліп отыр.

Ал, қолжазбада:

Еділ Нілдей тасарлар — делінсе, 1933 жылғы баспасында: **Абы мен Нілдей тасарлар**,— болып басылған.

5) **Ая, талип, шәкірттер**.— Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда бұл жол:

Аят алып шәкірттер,— делінген.

40 бет.

Қандай? (1912).— Бұл өлең негізгі баспалардың бәрінде де басылып келеді.

1) **Алатын тоқты-торым кеми ме деп**.— Қолжазба бойынша қабылданды. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Алатын тоқты-торым киім үшін.— деп басылған.

2) Қан қайнап бұл халдердің баршасына.— Қолжазба бойынша қабылданды. Өзге жинақтарда:

Қан қайнап, бұл халдердің бәріне де,— деп алынған.

42 бет.

Арабшадан (1912).— Бұл да негізгі жинақтарда басылып келді.

1) Қадір-құрмет, дәреже оңдылықта.— Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша жіберіліп отыр. Кейінгі жинақтарда: Қадір-құрмет, дәреже оңдылықты,— делінген.

2) Ойлайды: «соңғы мен, деп, бір күдайдан».— Қолжазба бойынша жіберіліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

«Ойлайды соңғымын» деп бір күдайдан,— болып беріліпті

3) Сені ол шұғылдандырып қылар шошқа.— Қолжазба мен 1933 жылғы жинаққа сүйеніліп қабылданды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Сенің ол еркіңді алып, қылар шошқа,— делінген.

43 бет.

Мағынасыз мешіт (1912) — Бұл өлең ақын шығармаларының барлық жинақтарында басылған. Ал, қолжазбадағы өлеңнің аты: «Мәнсіз мешіт».

1) Ғибраттанып борышымды өтейін деп. Мен бардым шаттықпенен көңілім сүйіп.— Қолжазбаға сүйеніліп қабылданды. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Әбіреттеніп борышымды өтейін деп, Мен бардым шаттығымнан көңілім сүйіп,— делінген. •

2) Қасіретті қара толқын қайғы көріп.— Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Қасіретті қара толқын қайғы көріп,— деп басылып келді.

3) Өмір қарға, өттің бе жылай,— дедім.— Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша қабылданды. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Өмір бекер өттің бе жылай дедім,— делінген.

4) Бұл өмір һәмма ислам жерлерінде.— Қолжазба бойынша жіберіліп отыр. 1933 жылғы жинақта:

Бұл барлық исламның жерлерінде,— делінген де, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Бұл барлық дін исламның жерлерінде — болып берілген.

45 бет.

Жарлау (жұртыма) (1912).— Негізгі жинақтардың барлығына да еніп келді. 1950, 1957 жылғы баспаларында бұл өлең «Зарлау» деп басылған болатын. 1933 жылғы жинақ бойынша және өлеңнің мазмұнына қарай «Жарлау» деп алдық. Қолжазбада «Қытап жұртыма» деп аталған.

1) Сахраның ұйықтай бердің даласында: — Қолжазба, 1950, 1957 жылғы жинақтар негізінде қабылданды. Ал, 1933 жылғы баспасында:

Сахраның ұйықтай бердің қаласында,— делініп келген.

49 бет.

Мысал (1912).— Ақынның негізгі жинақтарының бәрінде де басылған.

50 бет.

Бір баланың тілек батасы (1912).— Жоғарыда аталған жинақтардың барлығына енгізіліп келген.

1) Аяндардың пітінесін. — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша берілді, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Надандардың пітінесін,— делінген.

51 бет.

Алғыс (1912).— Ақын жинақтарының бәрінде де бар. Бұл өлеңнің жазылуы туралы 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Сұлтанмахмұт Троицкі қаласына оқуға кетерде оған шамасына қарай жәрдемдесіп ақша берушілер болыпты. Ақын Троицкіге барып оқуға түскеннен кейін елге жазған хатының аяғына осы өлеңді жазып жіберілті. Өзі: «Бұл өлеңді екі есеппен жаздым. 1) Қарлығаштай достық суын сеуіп, игілік ісіме шаруашылық жәрдемін көрсетіп, қолғабыс істегендерге алғыс айту борышым еді. 2) Біреуден біреу көріп, мұқтаж оқушыларға атақ, аброй үшін жәрдемдессін дегендік еді,— делінген. Сонымен бірге ақынның «Айқап» журналында (1912 ж., № 14, 313—314 б. б.) осыған байланысты мына бір хаты жарияланған болатын:

«Хұрметлу басқарушы!

Мынау бір аз сөзіме журналыңыздан орын берсеңіз екен.

Мен өзім Семей облысына қараған Баянауыл маңайындағы Ақбеттау болысындағы бір фақир адамның баласы едім. Ғылым іздеуге арманым болса да дәрманым болмай жүрген жайым бар еді. Биыл өзіміздің болыстың бас адамдары Ғаббас, Садық, Ілияс хажы, Шоң балалары мені есіркеп, 90 теңге жинап

беріп Троицкі шәһәріне жөнелтті. Былайша мұнда әзірлетіп келешек жылы «Ғалияда» оқытуға уәде берділер.

Бұлардан басқа Ақкелін болысындағы Садуақас мырза Шорманов та жәрдем етуге уағда берді.

Мен Троицкіге 25 ноябрьде келіп, басқа медреселерде оқу ертерек басталғандықтан, жаңарақ тәртіпке салынып ашылған ахон Рахманқұлұлының медресесіне кірдім.

Нұр барлығын білгізген, көрмегенді көргізген, аяғымды басқызған, көңілімді шатлықпенен судай тасқызған жоғарыда есімдері жазылған мырзаларға шын көңілімнен алла разы болсын айтамын.

Сұлтанмахмұт Торайғырұлы

52 бет.

Арыстан мен тышқан [1912].— Негізгі жинақтардың бәрінде бар.

Ақынның бұл шығармасы татардың атақты шайыры Ғ. Тоқайдың «Арыслан илә тычқан» деген қара сөзбен жазылған мысалымен үндес, сарындас. Ғ. Тоқай мысалының мазмұны төмендегіше:

Арыслан илә тычқан.

Тычқан, Арыслан янына килеп, тағзыйым берлә генә, шул якынтирәдә бер агач төбенә ояларға рөхсәт сорады вә диде: «И падишаһ! Син гәрчә урманда иң көчле вә гайрәтле бер зат булсаң да, гәрчә синең бер негьрәң бөтен жанварларны тетрәтергә житсә дә, киләчәкне белеп булмый бит. Кем белә? Бәлки, мин шушы қадәр зағыйфь вә көчсез бер мөхлүкь булсам да бервакыт сезгә бер файда тиерермен».

Арыслан тычқанның бул сүзләренә гаять тә ачуланып:

«Син ме?! И қызғаныч жәнеар! Кит,
югал хәзәр күземнән! Тере вақытта тиз-
рәк башыңны алып кач, Югыйсә мин
сине дәнъягә килмәгән шикелле итәр-
мен. Миңа, Арысланга, фәйдәм тияр ди-
гән була бит, ах, әдәпсез нәрсә!» — дил,
бик каты гәйрәтләнде.

Тычкан мескен бар хәле белән, жан
қотқару өчән качып, күздән югалды.

Ләкин Арысланның бу тәкәббәрлегә
буш қына қалмады: Бервақыт ул үзенә
азық эзләргә чыкқанда, яңлыш Аучының
үләннәр арасына корған авына энәкте.
Монда инде нәгьрәләр, үкөрүләр фәйда
бирми.

Мескен Арыслан никадәр тартылса,
иолмынса да, Аучының табышы гына бу-
лып калды: аны шәһәргә алып кайтып,
кешеләргә күрсәтер өчән, тимер чит-
леккә ябып куйдылар.

Арыслан читлек эчендә теге Тычкан-
ны исенә төшерде. Әгәр тычканга шәф-
кать иткән булса, ул, ауның жепләрен
кимереп өзеп, Арысланны бәладан қот-
кара алачак иде.

Коега төкермә, бервақыт су эчәргә ки-
рәк булып, диләр (Габдулла Тукай.
Әсәрләр. Том 3. Матур әдәбиат редак-
циясе. 1956, 277-6).

1) Оралып шырматылды, шықпастай
боп.— Қолжазба мен 1933 жылғы бас-
па бойынша қабылданды. 1950, 1957 жыл-
ғы жинақтарда:

Оралып, шырматылып шықпастай
боп,— делінген.

54 бет.

Екі тышқан (1912).— Бұл мысал өлең
де ақынның негізгі жинақтарында басы-
лып келді.

1) Маймылға бөлдіруге көңілі ауыпты.— Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы негізінде жіберіліп отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: Маймылға білдіруге көңілі ауыпты, — делінген.

2) Жоғалтуға ойлапты майдың көзін.— Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша қабылданды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Жоғалтуға ойлады ол майдың көзін, — делінген.

3) Безбеннің тегістепті екі басын.— Қолжазба мен 1933 жылғы баспасындағы текст сақталды. 1950, 1957 жылғы жинақтарда «тегістепті» деген сөз «теңестірді», — деп басылған.

56 бет.

Көк өгіз (1912).— Негізгі жинақтардың бәрінде басылып келді.

1) Табын тастап қосылды жылқыларға.— Қолжазба мен 1933 жылғы баспасындағы текст сақталды. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: Тобын тастап қосылды жылқыларға, — делінген.

2) Қасқырмен айналғанын оның байқап.— Бұл да қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша қабылданды. Өзге жинақтарда: Қасқырмен айқасқанын оның байқап, — делінген.

3) 1950, 1957 жылғы баспаларындағы өлең не бәрі 18 жол болып: «Әйтеуір көк өгізді айрып алды» деген жолмен аяқталса, қолжазба мен 1933 жылғы жинақтағы нұсқада осыдан кейін:

«Әпендім, ой жіберсең бұл бір ақыл,
Бұрынғы кәриелерден қалған нақыл,
Жынысы басқа жылқылар тастап кетіп,
Бәледен өз жынысы құтқарды ақыр.
Көкке жетсе өз жынысын қорламасқа,

Бөк нықтап төубе қылған өгіз батыр».— деген 6 жол бар.

Ал, осы шумақтың өзінің бірінші жолы қолжазба мен 1933 жылғы жинақта екі түрлі. Жинақта: «Ағайлар, ой жіберсең бұл бір ақыл» деп, қолжазбада: **Өпендім**, ой жіберсең бұл бір ақыл— делінген. Біз қолжазбадағы қалпын сақтадық.

58 бет.

Достыма ұмытпастық үшін хат (Көңілдегі махаббатым) (1912).— С. М. Торайғыров шығармаларының негізгі баспаларына еніп келді.

Бұл өлеңін Сұлтанмахмұт өзімен тілектес, мүдделес дос болған Шайбай Айманұлына арнап жазған. 1933 жылғы жинақта өлеңге берілген түсінікте: Бұл өлең «Зарландым» деген өңгімесінің аяғында жазылған, соңы жоғалған» деген ескертпе бар.

1) Сонда да біраз сөздің реті бар.— Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша қабылданды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Сонда да біраз сөзді айту арман.— делінген.

2) Өзімшіл, өзге үшін жәрдемі жоқ

Жақынын жат көретін жаудан жамен.— Бұл жолдар қолжазба мен 1933 жылғы баспасында жоқ. Өлең 1950, 1957 жылғы баспасы бойынша беріліп отыр.

60 бет.

Түсімде көрген бір аяныш хал (1912).— Негізгі жинақтардың бәрінде басылған.

1) Болса да түседі екен сайып қыран.— 1950, 1957 жылғы баспалары бо-

йынша жіберіліп отыр. 1933 жылғы жинақта:

Болса да түседі екен сайып құран,— делінген.

2) **Аядым** ішім еріп оның өзін.— 1950, 1957 жылғы баспаларындағы текст сақталды. 1933 жылғы жинақта:

Аяндым ішім еріп оның өзін,— делінген.

3) **Тағдырға** бас иген соң шын гауһар тас.— 1950, 1957 жылғы баспасындағы текст қабылданды. 1933 жылғы жинақта:

Ақырға бас иген соң шын гауһар тас,— делінген.

62 бет.

Соқыр ағаш [Альбомнан] (1913).—

Ақын жинақтарының бәріне де енген, одан бұрын қайда басылғаны мәлім емес. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда өлеңнің жазылуы «1913 жыл» делінсе, қолжазбада «1914 жыл» деп көрсетілген. Бірақ, ұсынылып отырған жинақта өлең бұрынғы баспалары бойынша 1913 жылғы өлеңдер қатарында берілді.

1) **Мисыздар ол ұжмақ** деп барып сүйген.—Қолжазба мен 1933 жылғы баспа бойынша жіберіліп отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Мисыздар уды ұжмақ деп барып сүйген,— делінген.

63 бет.

Достыма хат (1913).— Ақынның негізгі жинақтарына еніп келді.

1) **Ойға кіріп шықты ма зиян-пайда.** 1950, 1957 жылғы жинақтар бойынша алынды. 1933 жылғы баспасында:

Ойға кіріп шықпа еді назар, пайда,— деп берілген.

2) **Доңыздай етім семіз толсын де-**

сең.—1957 жылғы баспасында бұл жол түсіп қалған.

3) Қайғыда ақыл-ойым солсын десең.—Қолжазба мен 1933, 1950 жылғы жинақтарға сүйеніп қабылданды. 1957 жылғы баспасында:

Қайғыда ақыл-ойым болсын десең.—делінген.

65 бет.

Шығамын тірі болсам, адам болып (1913).—1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарға түгел еніп келді. 1950, 1957 жылғы баспасында: «Бұл өлеңді Сұлтанмахмұт баста Троицкіде оқып жүргенде өз аулындағы досына жіберген суретінің сыртына жазған. Ақырына: «Сұлтанмахмұт Торайғыров 19 жастамын, 1 январь, 1913 жыл деп жазған» — деген түсінік берілген.

1) Жүргенше өмір сүріп надан болып.—Қолжазба мен 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша жіберіліп отыр. 1933 жылғы жинақта:

Жүргенше өмір сүріп жаман болып,—делінген.

66 бет.

Түсімде (1913).—Алғаш «Айқап» журналында (1913, № 1, 14—16 беттер) басылған. Ақынның негізгі жинақтарының бәрінде де бар.

1) Бір жол сия дәру деп өзгіш көрдім.

Қиялменен жер-көкті кезгіш көрдім.—Бұл жолдар 1933 жылғы баспасындағы текстен түсіп қалған.

2) Тағы да бір даулаған отты көрдім. Қап-қара қисабы жоқ топты көрдім.—Бұл да 1933 жылғы жинақтан түсіп қалған.

3) Көз салып жан-жағына бағары жоқ.— «Айқап» пен қолжазба бойынша берілді. Өзге жинақтарда:

Көз салып жау-жағынан бағары жоқ,— делінген.

4) Қарсақ көрсе қорқады жолбарыс деп,

Білмейді қалай қарай басарында...—

Бұл жолдар 1933 жылғы баспасында түсіп қалған.

68 бет.

Бұлар кім? (1913).— Тұңғыш рет «Айқапта» (1913, № 9, 207—208 беттер) жарияланды. Сұлтанмахмұттың 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарына енген.

1) Болады жалқау, надан мұсылмандар.— «Айқап» журналындағы текст қабылданды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Болады жалқау жандар — мұсылмандар.— делінген.

70 бет.

Көңілді көндіретін тағдыр (1913).— Алғаш «Айқап» журналында (1914, № 12, 202—203 беттер) басылып, соңына «С. М. Т.» деп қол қойған. Ақынның 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарына да еніп келді.

1) Тоқтаса, өз еркінше тоқтар еді.— 1957 жылғы баспасында бұл жол түсіп қалған.

2) Хақ тамшысын көзіне сүртпек еді.— «Айқап» журналы бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Ақ тамшысын көзіне сүртпек еді,— деп басылған.

3) Тоба қып қарын сонда төкті жасты.— «Айқап» журналына негізделіп бе-

рілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Тәубе қып қарын сонда төкті жасты,—
болып берілген.

4) Бірақ бұл сөздерді айтқан уақытта,— «Айқап» журналы бойынша жіберіліп отыр. Өзге жинақтарда:

Бірақ бұл сөзді айтқан уақытта,— делінген.

5) Бір уақыттар болғанда: — «Айқап» журналы бойынша алынды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Бір кезде болғанда — делініп келген.

73 бет.

Жазғы қайғы (1913).— Бұл өлең Сұлтанмахмұттың негізгі жинақтарына өніп келді.

Табиғатпен сырласқанда да ақын күнделік өмірдегі көріністерді ұмытып, бетталды шарықтап кетпейді. Ол қашан да болсын жаратылыстың көркемдігін адам тіршілігінен сырт алып қарап сұқтанбайды. Адамсыз, оның қатынасынсыз өмір құбылысы, табиғат сұлулығы жоқ, болған күнде олардың мағынасы аз дейді ақын. Сондықтан да қазақ ауылының жазғы тұрмысын суреттейтін өлеңді «Жаз» деудің орнына «Жазғы қайғы» атауы тегін болмауы керек. Өлең жаздың жайма-шуақ күнін, маужыраған кешін, гүлденген далаға толып асыр салған құлын, тәй, қозы-лақтарды, маңыраған қой, мөңіреген сиыр, боздаған түйелерді, сылдырап аққан бұлақты шабыттана суреттеуден басталса да, ақын қазақ жерінің тарыла түскенін, ел басында ерік қалмай бара жатқанын, бір кездері молшылық пен еркіндіктен ай-

рыла бастағанын мұң етіп, егіле толғайды. Мұнысынан аздап болсын жат сарынды абайламасқа болмайды.

1) Зар болып бір күнгіге шөлдедім-ай! — 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша жіберіліп отыр. 1933 жылғы жинақта:

Зар болып бір күнгіге желдедім-ай — делінген.

2) Жайқалған сыпсың қағып нуларым-ай, — 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда бұл жол:

«Шайқалған сыпсың қағып нуларым-ай — деп басылып келді.

3) Талайсыз неден болдың, аһ, сор маңдай! — 1933 жылғы жинақ бойынша жіберіліп отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Талапсыз неден болдың, аһ, сор маңдай! — делінген.

76 бет.

Қымыз (1913). Алғаш рет «Айқап» журналында (1913, № 18, 397—399 беттер) басылып, «С. М. Т.» деп қол қойылған. Ақынның негізгі жинақтарының бәрінде де бар.

Қымыз тақырыбы қазақ әдебиетінде тың, жаңалық емес: қазақ ақындарының бірқатары қымызды арнайы жырлағаны мәлім. Мәселен, Дулат жырау, Абай, Бернияз және басқалар

Сұлтанмахмұт бұл тақырыпты өзінше шешкен. Ол бір қымыздың соңына кәрі мен жас, бай мен кедей, қажы мен сопы, қожа мен молда бәйік болатынын санап өтеді де

Кәсіпсіз көзін сатқан сорлы кедей,
Қоя ма піспек аңдып тентіремей? —

дей келіп, өлеңнің мынадай бір өкініш білдіру жолдарымен аяқтайды:

Ей қымыз, ыза қылдың қолға түспей,
Онда мен жүремін ғой күйіп-піспей,
Жүректегі қапамды атқызар ем,
Өлсем де жұртқа беріп, өзім ішпей...

Ақын өлеңінің алғашқы шумағын ирониямен бастап, ауылдағы кәсіпсіз жүрген жандардың (бай, мырза, қожа-молда, қажы т. б.) аңдатыны қымыз бен ет екенін айтады да, осылардың тобына еңбек етпей күн көре алмайтын кедейлердің қосылып кететіндігіне өкініш білдіреді. Сөйтіп, ақын ақырғы сөзін де кекесінмен аяқтайды, қымыз оған «атағын» шығарып, «алғыс» алу үшін керек емес, жұртқа сөзін тыңдатып, жүректегі қапасын ақтару үшін керек. Қысқасы, демократ ақын осындай болмашы көрініс арқылы қазақ аулының құнарсыз өмірін шебер сипаттап отыр.

1) **Сені ішкен мұратына жеткен қымыз**,— Қолжазба мен 1933, 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша жіберілді. «Айқап» журналында:

Сені ішкен құмарына жеткен қымыз— деп басылған.

2) **Өзендей гүр-гүр етіп аққан сайдан?** — «Айқап» пен қолжазба бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Өзендей күркіретіп аққан сайдан — болып басылып келді.

3) **Сәрт та сұрт тасбықтарын алып қолға**.— «Айқап» пен қолжазба бойынша алынды. Өзге баспаларында:

Шарт та шұрт таспықтарын алып қолға — делінген.

4) **А, құдай, оңда да оңда, аруақ қол-**

да.— «Айқап» пен қолжазба бойынша беріліп отыр. Өзге жинақтарда:

Я, күдай, оңда-оңда, аруақ қолда — деп жарияланып келді.

5) Қымыз тап та қ... бер, лапыр, ақыр — «Айқап», қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша алынып отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Қымыз тап та айта бер, лапыр, ақыр, — делінген.

79 бет.

Кеше түндегі түс, бүгінгі іс (1913).—Ең алғаш «Айқап» журналында (1913, № 20, 427 бет) жарияланған. Ақынның негізгі жинақтарының бәріне еніп келді. Өлең 1950 жылғы баспасында: «Кеше түнгі түс, бүгінгі іс» деген атпен, ал 1957 жылғы жинақта: «Кешегі түндегі түс, бүгінгі іс» болып басылып келген. «Айқап» пен 1933 жылғы жинақты негізге алып «Кеше түндегі түс, бүгінгі іс» деп жіберілді.

1) Жіп-жиі көкте жұлдыз жымдасқандай.

Күлімдеп, айға қарап ымдасқандай.— Қолжазба бойынша беріліп отыр. «Айқап» журналы мен 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Жіп-жиі көкте жұлдыз ымдасқандай,

Күлімдеп айға қарап жымдасқандай — болып басылып келді.

2) Аймағым қалмасын деп жолдан жазып,

Толықсып тобын жазбай түрленіп тұр.— «Айқап» пен қолжазба бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Аймағын қалмасын деп жолдан жазып,

Толықсып түрленіп тұр тобын жазба...— делінген.

3) Жаудырап жарық жұлдыз тұс-тұсынан,— «Айқап», қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Жаудырап жарық жұлдыз тұс-тұсынан,— деп қабылданған.

4) Ортаға нақақтықты салсам,— деді.— «Айқап» пен қолжазба бойынша беріліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Ортаға нақақтықты салсам еді.— делінген.

5) Теңдікті сол арада алсам,— деді.— «Айқап» пен қолжазба, 1933 жылғы баспасы бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Теңдікті сол арадан алсам дейді — болып кеткен.

6) Алдынан әкемдетіп Үркер қысып,— «Айқап» пен қолжазба бойынша алынды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Алдынан әкімдетіп Үркер қысып — делінген.

7) Әлдімен арпалысар әдді қайсы! — «Айқап» журналы бойынша берілді. 1933 жылғы баспасында:

Алдымен алысатын әдді қайсы! — деп, ал 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Әлдімен алысатын әлің қайсы! — деп алынған.

8) Жатпады жерде тыныш тағы да аман,— «Айқап» пен қолжазба бойынша қабылданды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Жатпады жерде тыныш, жатпады аман — делінген.

9) Суытты Үркер қатты онан жа-

ман.— «Айқап» пен 1933 жылғы жинақ бойынша қабылданды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Суытты Үркер түсін онан жаман — болып берілген.

10) Тұтас қыс болып кетті жазы суып.— 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша жіберілді. «Айқап», қолжазба мен 1933 жылғы жинақта:

Тұтас қыс болды кетті жазы суық — деп берілген.

11) Таласқан аспанменен заңғар таусың. Көз жасы заттасыңның саған жаусын.— «Айқап» пен қолжазба бойынша беріліп отыр.

1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда: Таласқан аспанменен заңғар тауым Көз жасы заттасыңның саған жауын — делінген.

12) Жылысып бір орынға келсек жақын.— «Айқап», қолжазба, 1950 жылғы жинақ бойынша қабылданды. 1933 жылғы баспасында:

Жылысып бір орнына келсек жақын — болып, ал 1957 жылғы жинақта:

Жиылысып бір орынға келсек жақын — делінген.

13) Міндетті мойындағы атқаралық, «Айқап» пен қолжазба, 1933 жылғы жинақ бойынша жіберіліп отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Міндетті мойындағы атқарарлық — деп жарияланған.

14) «Айдың нұры әлемге тегіс» дейтін.— «Айқап» пен қолжазба бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында.

Ай нұры бар әлемге тегіс дейтін — болып кеткен.

15) Кім отыр сөздерінді құлаққа асып, — «Айқап» пен қолжазба бойынша беріліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Ілім отыр сөздерінді құлаққа асып — делінген.

16) Жұрт жиналған кезінде кеткен қашып, — «Айқап», қолжазба мен 1933, 1950 жылғы жинақтар бойынша жіберілді. 1957 жылғы баспасында:

Жұрт жиналған кезінде кеткен қашып — делінген.

17) Оншама кекшнетін ненің буы, — «Айқап», қолжазба мен 1933 жылғы баспа бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Оншама кекшнетін ненің буы — деп басылған.

18) Қол шапты мына сөзге тамам ағаш,

Қол шапқан әлде ағаш, әлде алаш, — «Айқап», қолжазба, 1933 жылғы жинақ бойынша алынды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Қол соқты мына сөзге тамам ағаш,

Қол соққан әлде ағаш, әлде алаш» — делінген.

19) Игілік реттелді деп тұрғанда, — «Айқап» журналы бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Игілік зерттелді деп тұрғанында — болып кеткен.

20) Жеке өрлеп тауы бір сай, тасы бір сай,

Түбінде бұ қалыптан ешкім оңбас, — «Айқап» журналы бойынша жіберілді. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Жеке өрлеп тасы бір сай, тауы бір сай,

Түбінде бұл қалыпта ешкім оңбас — делінген.

21) Үркер тағы а... осып-осып.— «Айқап» пен қолжазба бойынша беріліп отыр. 1933 жылғы жинақта:

Үркер тағы а... өсіп-өсіп — делінсе, ал 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Үркер тағы ысқырды бетті осып — деп жарияланған.

85 бет.

Бір балуанға қарап (1913).— Алғаш «Айқап» журналында (1913, № 21, 443 бет) жарияланып, аяғына «Торайғыр» деп қол қойылған. Кейін ақынның негізгі жинақтарына еніп келді.

1) **Жықсаң бәйге аласың алысқанда**,— «Айқап» пен қолжазба, 1933, 1950 жылғы баспалары бойынша жіберілді. 1957 жылғы жинақта:

Жықсаң бәйге аласың жарысқанда — деп алынған.

2) **Жықпасаң да күресіп талаптансаң**,— «Айқап», қолжазба мен 1933 жылғы баспа бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Жықпастан да күресіп талаптансаң — делінген.

3) **Жасқанба, қылыш шапса, найза сұғып!**— «Айқап» пен қолжазба бойынша жіберілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Жасқанбай қылыш шапса, найза сұғып — деп берілген.

86 бет.

Міне, алақай! (1913).— Тұңғыш рет «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 4-санында жарық көрді. Негізгі жинақтардың бәріне де еніп келді. Ақын бұл өлеңін сол тұс-

та шығып тұрған «Айқап» журналы мен жаңадан жарық көрген «Қазақ» газетіне арнап жазған.

87 бет.

«Шәкірт ойы» (1913).— Ақынның негізгі баспаларына екіп келді. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда өлеңнің жазылуы «1917 жыл» деп көрсетілген. Ал, қолжазбада «1913 жыл» делінген. Өлеңнің мазмұны мен сарынына қарағанда 1912—1913 жылдары жазылғанға ұқсайды. «Оқып жүрген жастарға», «Талиптарға» (шәкірттерге), «Шығамын тірі болсам, адам болып» сияқты оқу, білімге шақырған өлеңдерімен үндес келеді. Сондықтан өлеңнің 1917 жылдан көрі, 1913 жыл жазылуы ықтимал. Және Сұлтанмахмұт 1917 жылдары оқу-ағарту тақырыбына емес, көбіне саяси-әлеуметтік тақырыпқа жазып отырған. Осыған сүйеніп «Шәкірт ойы» 1913 жылғы өлеңдер қатарына енгізілді.

Тегі бұл өлең Сұлтанмахмұттың осы алуандас тақырыпқа жазған шығармаларының жиынтық қорытындысы екенінде ешбір күмән жоқ. Оқып, білім алып есейген шағында ақын өзінің алдына қойған негізгі арманына қорытынды жасағанын мына бір жолдардан айқын көреміз:

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың көгіне,
Күн болмағанда, кім болам!
Мұздаған елдің жүрегін,
Жылытуға мен кірермін.

Бұрынғы өлеңдерінде жас ақынның уәдесі, серті, қайтсе де жұлдыз емес, ай боламын десе де, осы ойының түбі

неде екенін ашып айтпайтын. Ол кім үшін және не үшін жұлдыз емес, ай болғалы жүр? Түпкі мақсат, яки идеал қандай? Ол ой поэзия тіліне көшіп оқушы ұғымына эмоциялық жылылықпен жетпей тұр. Ал «Шәкірт ойында» олай емес, өлеңнің әр сөзі нық, дәл лапылдап жанып тұрған отты, өршіл өлең, әсем әуез, сұлу жыр. Мұны тебіренбей, толқымай қабылдау мүмкін емес. Ақын не үшін күн болатынын және кім үшін қызмет істейтінін өзі де анық түсінеді, өзгеге де ұтымды түсіндіреді. Мақсаты әр де, сенімі зор.

1. Жылытуға мен кірермін.— Қолжазба мен 1933 жылғы баспасына сүйеніп берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Жылытуға мен кіремін — делінген.

2. Сыланған жардың күлісі,— Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы негізінде алынды. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Сыланған жарды күлісі — деп беріліпті.

88 бет.

Ендігі беталыс (1914).— Алғаш қайда жарияланғаны белгісіз, ал негізгі жинақтардың бәріне де еніп келді. Ұсынылып отырған жинаққа қолжазбадағы текст жіберіліп отыр. Бұл өлең 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында 20 жолда, ал қолжазбада 24 жол. Қолжазбадағы өлең нұсқасы жоғарғы баспаларда кейін қосылды деп көрсетіліп жүрген: «Достарым, оған шейін асықпаңдар» деп басталатын шумақпен аяқталады. Расында да өлең текстін осы ретпен беру дұрыстыққа келеді. Себебі егер өлеңнің мазмұн-мағынасына қарасақ, бұл шумақтың:

«Іздедім, іздесем де таба алмадым,
Табам деп өзімді өзім неге алдадым!
Адамның адам аты ақталмайды,
Бейнет қыл бар білгенім соны
аңғардым»

деген жолдардан кейін келуі де, 1950,
1957 жинақтардағыдай:

«Кей уақыт өткелі жоқ теңіз келер,
Кей уақыт ат табылмай өгіз келер;
Жақсыға тасып, жаманға жасуым жоқ,
Бар ынтам есік ашу мақсатқа өнер»

деген жолдардан соң берілуі де қисын-
сыз.

«Кей уақыт өткелі жоқ теңіз келер»
деп басталатын шумақ не қолжазбада,
не 1933 жылғы жинақта мүлдем жоқ,
1950, 1957 жылғы баспаларына бұның
қайдан алынып қосылғаны мәлім емес.
Және 1950 жылғы жинақта соңғы қосыл-
ған шумақтардың жазылуы «1918 жыл»
деп көрсетілсе, 1957 жылғы баспасында
«1914 жыл» делінген. Ұсынылып отырған
жинаққа өлеңнің қолжазбадағы нұсқасы
жіберіліп отыр. Өлеңнің жазылу жылда-
ры да қолжазбада көрсетілуі бойынша
алынды. «Ендігі беталысқа» кейін тір-
келді деген жолдар 1933 жылғы жинақ-
та 8 жол, 1950, 1957 жылғы жинақтарда
12 жол, қолжазбада 4 жол болатын, бас-
паға ұсынылып отырған жинаққа сол
қолжазбадағы 4 жолы алынды.

1) Жігермен жеңуіме сенем деген.—
Қолжазба бойынша қабылданды. 1933,
1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Жеңуге жігеріме сенем деген — бо-
лып басылып келді.

2) Менде жоқ қажу деген, ашу де-
ген, — Қолжазба негізінде алынды. 1933,
1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Менде жоқ қабақ тую, ашу деген, — делінген.

3) **Шындықтың** аулын іздеп түстім жолға, — 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша жіберіліп отыр. Алайда бұл жол қолжазба мен 1933 жылы жарық көрген жинақта:

Шын ақтың ауылын іздеп түстім жолға — деп берілген.

91 бет.

Тұрмысқа (1914). — Бұл өлеңнің 21 жолы («Тұрмыс маған от шашып» дегеннен бастап «Ден сау болса тұрмыстың» деген жолға дейін) «Сұлтанмахмұттың басылмаған өлеңдері» деген атпен «Таң» журналында (1925, № 2, 78 бет) жарияланды. Ал ақынның негізгі баспаларына түгелдей еніп келді.

1) **Жылы шырай бер десем**, — «Таң» журналы мен қолжазба, 1933, 1950 жылғы баспалары бойынша беріліп отыр. 1957 жылғы жинақта: **Жылы шырай бар десем** — деп басылған.

2) **Жала жасап дау қылшы!**

Сөнді ай мен күніңді — «Таң» журналы мен қолжазба бойынша жіберілді. 1933 жылғы жинақта:

Жала салып дау қылшы!

Сөнді ай мен күніңді, — деп, ал 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Жала салып дау қылшы!

Сөндіріп ай мен күніңді — делінген.

3) **Көкке ұшырам күлдерін**. — Бұл жол 1933 жылғы жинақта екі рет қайтапанады, ал 1950, 1957 жылғы баспаларында соңғы жолдың орнына:

Түрлентемін гүлдерін — деген бір жол қосылған.

4) Нөшелер көр қазғанын. — 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. Қолжазбада: Нөшелер қабір қазғанын — деп, ал 1950, 1957 жылғы баспаларында: Нөшелер көр қазарын — деп жіберілген.

94 бет.

Жақсылық көрсем өзімнен (1914).— Ақынның негізгі жинақтарында басылып келді, одан бұрын жарияланған, жарияланбағаны белгісіз.

1) **Шығарамын** сөзімнен. — Қолжазба мен 1950, 1957 жылғы жинақтар бойынша жіберіліп отыр. 1933 жылғы баспасында:

Шақырамын сөзімнен — деп берілген.

95 бет.

Альбомнан (1914).— Ақынның негізгі жинақтарында басылып келді, одан бұрын жарияланған, жарияланбағаны белгісіз.

1) **Сөзсіз жеміс береді.**— Қолжазба бойынша беріліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Сусыз жеміс береді — делінген.

96 бет.

Жапырақтар (1914).— Ақынның негізгі жинақтарында басылып келді.

1) **Әніне қостым ойымды.**— 1950, 1957 жылғы жинақтар бойынша берілді. 1933 жылғы баспасында:

Әніне қостың ойыңды — делінген.

2) **Көгеріп көгі ашылмай.**— Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Көгеріп гүлі ашылмай — деп басылған.

99 бет.

Айт (1914).— Ақынның негізгі баспаларына енгізіліп келді.

1) Жалғыз-ақ дорба асынған кедей кәріп,— Қолжазба мен 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша беріліп отыр. 1933 жылғы жинақта:

Жалғыз-ақ дорба астынан кедей кәріп — делінген.

100 бет.

Бақыт (1914).— Ақынның шығармалар жинағының бәрінде басылып келді.

101 бет.

Сөзімен баға бермес бұл халыққа (1914).— Сұлтанмахмұттың 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларына еніп келді.

102 бет.

Кеш (1914).— 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда басылып келді. Қолжазбада бұл өлең «Кеш түсуі» деп аталыпты. Ұсынылып отырған жинақтағы текст 1933, 1950, 1957 жылғы баспалары негізінде беріліп отыр.

1) Қарасаң бұл уақытта кең далаға,— Қолжазба бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Қарасаң бұл уақытта көк далаға,— делінген.

2) Жағалай айналаңның бәрі қауіп.— Қолжазба бойынша берілді. Өзге жинақтарда:

Жағалай айналаңда бәрі қауіп — деп жіберілген.

104 бет.

Кешегі күндей түсті бұлт басқан (1914).— 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда басылып келді.

1) Тұрған жас көзде толып, саулап кетті,— Қолжазба негізінде берілді, 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Тұрған жасы көзге толып саулап кетті — деп қабылданған.

105 бет.

Кошу (1914) — Ақынның негізгі баспаларына өніп келді.

1) **Дөңгелекті ескі арыспен қора бөлген**,— Қолжазба бойынша жіберілді, 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Дөңгелек, есік, арыс қора бөлген делініпті.

2) **Шықса да ұлан қыстай көшу ойдан**.— Қолжазба мен 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша жіберілді, 1933 жылғы жинақта:

Шықса да ұланы қыс көшу ойдан — деп берілген.

3) **Қыстайғы малдың б... қора сасық**,— Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. Өзге баспаларында:

Қыстайғы мал тезегі қора сасық — делінген.

4) **Снырдың сәйгел-екең алдын алған**. Қолжазба мен 1957 жылғы жинақ бойынша берілді, 1933, 1950 жылғы баспаларында: **Снырды сәйгелентің алдын алған** — делінген.

107 бет.

«Шоң» серіктігін ашардағы тілек (1914). Бұл өлең де негізгі жинақтарда басылып келді.

1950, 1957 жылғы баспаларында өлең «Шоң» серіктігін ашардағы бата, баяндама» деп аталса, қолжазба мен 1933 жылғы жинақта: «Шоң» серіктігін ашардағы тілек» делінген, дайындалып отырған жинаққа соңғы атауы алынды.

«Шоң» серіктігіне байланысты 3 өлең 1950, 1957 жылғы жинақтарда тек бөлімшелерге жіктелген де, ал бәрі бір өлең есепті берілген. Ұсынылып отырған жинаққа 1933 жылғы баспасы мен қолжазба негізінде әр бөлімше жеке өлең ретінде берілді.

Сұлтанмахмұт қазақ арасында ағарту, мәдениет жұмысы тым сылбыр, шабан жүргізілуде деп қарайды. Сондықтан да өзі ел арасына жаздығүні демалысқа шыққанда сол ауыл жастарын мәдениетке тарту ниетімен «Шоң» деген ат қойып серіктік ашады, жұрттан қаржы жинап, кедей-кепшіктің балаларын оқуға тартпақ болады. Бірақ елдегі ежелден орын тепкен қараңғылық пен мешеулік ақын үмітін тез сөндіріп, еш нәтиже бермеді. Бұл ретте бұдан жүз жыл шамасы бұрын өлген Шоң бидің атын қоюында да мән бар: ертеде өткен ата аруағын қостап, бүгінгі ұрпақ бір серпілетін болар деген емескі үміті де болады.

108 бет.

«Шоң» серіктігін ашарда «Шоң» серіктігі туралы көпке істеген баяндаманың басы (1914).—1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда басылып келді.

1) Әрі аруақ, әрі құдай ырза емес,

Өзіңді өзі жарсаң, тауып кір іс...— Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша алынды. Ал, 1950, 1957 жылғы баспаларында бұл жолдар:

Шегініп кейбіреуін бұра тартпай,

Жұмыла, Шоң тұқымы, түгел кіріс — болып басылып келді, бірақ құрастырушылар бұл жолды қайдан алып, неге сүйенгенін айтпайды.

109 бет.

Бұл баяндаманың арты мынадай сөзбен тынады: (1914).— Негізгі баспаларының бәрінде де бар.

1) Қол қойдық осыны айтып Шоқтың жасы,— Қолжазба бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Қол қойдың осыны айтып Шоқтың жасы — делінген.

111 бет.

Күнделік дәптерінен (1914).— Негізгі жинақтарға еніп келді. 1933 жылғы баспасындағы алғы сөзде бұл тұтас бір өлең етіп берілгенмен, сол жинақтағы тексте әуелі «Күнделік дәптерінен» (16—17 б.), «Мұнан былай» (135 б.) деп екі бөліп, екі жерде басылған. 1933 жылғы жинақтағы алғы сөз бен 1950, 1957 жылғы жинақтар бойынша және оның арасында да белгілі бір жағдайда айтылған бір өлең екендігіне қарап тұтас беріліп отыр.

1) Таза жауап — 1933 жылғы жинақ бойынша алынды. 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Қарсы жауап» — делінген.

2) Осы жол 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша беріліп отыр. 1933 жылғы жинақта.

Білдім ол мінездердің ішінен жалғызын жақтырған жоқ — делінген.

3) «Жылтырады» — 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. Өзге баспаларында: «Жалтырады» — деп алынған.

4) «Көнбеске» — 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Не көрсем де көнбеске — делінген.

113 бет.

Бір адамға (1914).— Ақын шығармала-

рының барлығында да бар. 1933 жылғы жинақта өлеңнің жазылуы туралы мынадай түсінік берілген. «С. Махмұт Шорман аулына барғанда Садуақас (Сәкен) Шорманов әкесі Мұса мырза дуан басы болып тұрған күндегі сыйға алған шенді шекпендерін, жылтыр түймелерін, алтын, күміс ыдыс-аяқтарын барған қонақтарына мақтан қылып көрсеткеннен кейін Махмұттың шығарып кеткен өлеңі екен».

Сырт қарағанда ешбір сиқыры жоқ, жай ғана көрінгенмен осы өлеңнің мазмұны мен түрінде зәрредей міні жоқ, бірімен бірі қабыса мүсінделгендей. Алты шумақтан ғана тұратын шағын өлеңге ақын қазақ өмірінің бір кезеңін сыйғызумен бірге соған өз тарапынан ащы ажұа айтып, қатал үкім шығарған.

115 бет.

Туған еліме (1914).— Ақынның негізгі баспаларына түгел еніп келді.

116 бет.

Достыма (1914).—1933, 1950, 1957 жылғы жинақтардың бәрінде басылып келді. 1933 жылғы баспасында: «Күнделік дәптерінен, үстінен сызып өшірілген өлең» — деген дерек берілген.

1. Кімде жазық ойласаң,— 1933 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Кімге жазық ойласаң — делінген.

117 бет.

Мұның аты өш алу (1914).— Сұлтанмахмұттың негізгі жинақтарына еніп келген. 1950, 1957 жылғы баспаларында өлең «Мұның арты өш алу» болып, ал

1933 жылғы жинаққа «Мұның ары аш
алу» — деп басылған. Шынында, осы
1933 жылғы жинақта «аты» деген сөз
«ары» болып қате басылса керек. Ма-
ғыналық жағынан «Мұның аты» деген
дұрыс, сондықтан ұсынылып отырған
жинаққа өлеңнің тақырыбы түзетілген
күйінде беріліп отыр.

1933 жылғы жинақтағы дерекке қара-
ғанда, Сұлтанмахмұт бір жігіттің қайны-
на күйеу жолдас болып еріп барғанда,
күдағидың өлең айт деген қолқалауы-
мен айтса керек. Сондай-ақ ақын осы
өлеңге «Күнделік дәптерінен, «1914 жыл
1 октябрьдің есте қалдырған бір ісі» деп
белгілепті.

1) Жаман жалданса,

Қалай жүрерін білмей,

Әкесінің басын жара жаздайды.

1933 жылғы жинақ бойынша беріліп
отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Жаман жалданса,

Қалай жүрерін білмейді,

Жаман адам өлденсе,

Әкесінің басын жара жаздайды — де-
лінген.

2) Абыройын шашып,— 1933 жылғы
жинақ негізге алынды. Алайда мұнда
«Абыройын шшып» болып байқаусызда
қате басылған. Ал, 1950, 1957 жылғы
баспаларында:

Абыройын ашып — делінген. Сондай-
ақ, 1950, 1957 жылғы жинақтарда осы
жолдан кейін «Артын аша жаздайды» —
деген жол тағы қайталанады. Сондықтан
«шашып» деген сөз дұрыстыққа келеді.

118 бет.

Сымбатты сұлуға (1914).— Ақынның не-
гізгі баспаларының бәріне еніп келген.

1) Салды балақ қарғамсық салпылдаған, — Қолжазба бойынша қабылданды. 1933 жылғы жинақта:

Салды балақ қарға салпылдаған — деп, ал 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Салды балақ қарғадай салпылдаған — делінген.

2) Анауыңа келгенде ойбай бетім. — Қолжазба бойынша жіберіліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Анауыңа келгенде анау бетім — деп алынған.

3) Ә, дүние, кіріп бойым жылытар ма едім — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Ә, дүние, кірсем бойым жылтар ма еді — болып кеткен.

121 бет.

Қыз сүю (1914) — Сұлтанмахмұттың негізгі баспаларының бәрінде де бар.

1) Көңілге әлдеқайдан от кеп жанып. — Қолжазба мен 1933, 1950 жылғы жинақтар бойынша жіберілді. 1957 жылғы баспасында:

Көңілге әлде қандай от кеп жанып — делінген.

2) Көргенде құмарланып кеудең толса, — Қолжазба бойынша берілді. 1933 жылғы жинақта:

Көргенде құмарына кеудең толса — болып, ал 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Көргенде құмарына көңлің толса — деп басылған.

3) Көлеңкесі көңліне барып қонса. — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша алынды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Көлеңкесі кеудеңе барып қонса — делінген.

4) Саусағы сылдыраған жүзік болса.— Қолжазба бойынша қабылданды. 1933 жылғы жинақта:

Саусағы салдараған жүзік болса — деп, ал 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Саусағы салдырлаған жүзік болса — деп алынған.

5) Ал сонда асыла кетіп, бұраң өтіп.— Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша қабылданды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Ол сонда асыла кетіп бұраң өтіп — деп берілген.

122 бет.

Гүләйім (1914).— Сұлтанмахмұттың негізгі жинақтарына еніп келген.

1. Бар еді Жарқын атты бір бай кісі — Қолжазба мен 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша берілді. 1933 жылғы жинақта: Бар еді Жарқын атты бір бай қызы — делінген.

2) Шуылдап байды мақтап ыржақтамақ.— Қолжазба мен 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша жіберілді. 1933 жылғы жинақта:

Шуылдап байды мақтап бір жақтамақ — деп жіберілген.

3) Аурусыз құр түпу деп құр жөтеліп.— Қолжазба бойынша алынды. 1933 жылғы жинақта:

Аурусыз құр «күю» деп құр жөтеліп — болып, ал 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Аурусыз «ақ түпә» деп құр жөтеліп — делінген.

4) Байлықты байқатпас па төңірекке.— Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бо-

йынша алынды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Паңдықты байқатпас па төңірекке — деп берілген.

124 бет.

Ләнет бұлты шатырлап (1914).— Алғаш «Таң» журналында (1925, № 3, 78, 80 беттер) «Сұлтанмахмұттың басылмаған өлеңдері» деген атпен бір топ өлеңдері қатарында жарияланды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларына да еніп келді.

1) Ләнет бұлты шатырлап,— «Таң» журналы мен қолжазба, 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950 жылғы баспасында:

Лагнат бұлты шатырлап — деп, ал 1957 жылғы жинақта:

Лагнат бұлты шартылдап — болып кеткен.

2) Қапаланған көңілден,— Қолжазба бойынша беріліп отыр. «Таң» журналында:

Уеленген көңілден — деп, 1933 жылғы жинақта:

Ауаланған көңілден — болып, ал 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Дауаланбаған көңілден — деп қабылданған.

3) Өткізген өмірім бұл күнгі,— «Таң» журналы мен қолжазба бойынша жіберіліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Өткізген өмірім қыстайғы — дөлінген.

125 бет.

Жаңғырып Алтай тауы саласынан (1914).— Ақынның негізгі баспаларының бәрінде бар.

1) Маңдай тер, жанды қинап, жігер етіп,— Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ

бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Маңдай тормен жанды кып, жігер етіп — делінген.

126 бет.

Өмірімнің уәдесі (1914).— Сұлтанмахмұттың негізгі жинақтарында басылып келді. Бұл өлең қолжазбада небәрі 16 жол болса, ал 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында 20 жолдан тұрады.

1) **Тезінен туар көңілімде ай.**— Қолжазба бойынша берілді. 1933 жылғы жинақта:

Кезінен туар көңілімде ай — болып, ал 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Толықсып туар көңілімде ай — деп алынған.

2) **Бір мағнаун күш түртіп.**— Қолжазба бойынша берілді. 1933 жылғы жинақта:

Бір мағына ой күш түртіп — деп, ал 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Бір мағыналы ой, күш түртіп — делінген.

127 бет.

Нешелер көз жасы төгілді (1914).— Негізгі баспаларының бәрінде бар. Дайындалып отырған жинаққа 1950, 1957 жылғы жинақтардағы өлең тексті қабылданды.

128 бет.

Келді хатың мен шаршап (1914).— Ақынның негізгі жинақтарына еніп келді.

1) **Келді хатың мен шаршап** — 1933 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Келді хаты мен шаршап — деп алынған.

2) **Сүзіліп көзім талығып.**— Мағынасы:

на қарай беріліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында бұл жол:

Созылып көзім талығып — делінген.

3) Шаң басып, кеуіп қаңырып.— Өлеңнің ұйқасы мен мағынасына қарай берілді. Өзге баспаларында бұл жол:

Шаң басып, кеуіп қаңырық — делінген.

Егер өлеңді тұтас алып қарасақ, әр шумақтың екінші жолы: «дамығып», «қамығып», «тарығып» деп көсемше етістікпен ұйқасып отырған. Осыған қарағанда мына шумақтың ұйқасы өзгелерінен басқаша болуы мүмкін емес.

4) Қуаты күшті вулкандар — Мағынасына қарап қабылданды. 1933 жылғы жинақта:

Қуаты күш **булғандар** — делініп латын әрпімен «buvlgandar» деп жазылған. Және бұл сөздің жанында 43 деген цифр бар. 1933 жылғы жинақты құрастырушылар мұндай цифрмен түсінік беруге қажетті орыс, араб тілінен келген сөздерді тізіп отырған. Егер, бұл сөз 1950, 1957 жылғы жинақтағыдай «буылғандары» деген қазақ сөзі болса, оған түсініктің де керегі жоқ болар еді. Сондықтан бұл сөзді орыс тілінен келген деп санап, сонымен бірге латын алфавитінде «в» әрпінің жоқтығын ескеріп, текстің мағынасына қарасақ, бұл «вулкандар» деген сөзге келеді.

Ал, 1933 жылғы жинақтағы «қуаты күш» — деген тіркесте ешбір мағына жоқ, сірә бұнда да «күшті» деген сөздің «ті» деген жұрнағы түсіп қалғанға ұқсайды.

130 бет.

Алты аяқ (1914).— Алғаш «Айқап» жур-

налының 1915 жылғы 3 санында (43 б.) жарияланып, соңына: «С. М. Т.» деп қол қойылды. Ақын шығармаларының барлығында басылып келді. Өлеңнің жазылу жылы бұрынғы басылулары бойынша берілді. Ал «Айқап» пен қолжазбада «1915 жыл» деп көрсетілген.

132 бет.

Күңгірт түспен ойға батып (1914).— 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда басылып келді.

134 бет.

Ей, махаббат! Ей, достық! (1914).— Сұлтанмахмұттың негізгі жинақтарының бәрінде бар. 1933 жылғы баспасында бұл өлең «Күнделіктен» деп көрсетілген.

1. Көрсекызар, күмарпаз
Байламап па еді бағыңды?
Адасасың сен, Махмұт,
Алданып құма сағымды.— 1950,
1957 жылғы баспалары бойынша берілді. 1933 жылғы жинақта:

Көрсекызар, күмарпаз,
Боласын қалай, Мақмұт,
Алданып құма сағымды,
Байламап па еді бағыңды — деп басылған.

2. Сондай бола тұрып та,
Шыдамай саған не қылды? — 1950,
1957 жылғы жинақтар бойынша жіберілді.

1933 жылғы баспасында:
Сондай бола тұрып та
... ол шыдайды
Шыдамай саған не қылды — делінген.

135 бет.

Дүннедегі қызықтың (1914).— Ақын-

ның негізгі жинақтарының бәрінде басылып келді.

137 бет.

Жан қалқам (1914).— Ақынның негізгі жинақтарына еніп келді. Алғашқы екі шумақ қолжазбада жоқ.

1. Қызықтырдың басыңа
Бас имеуші едім ғаламға,
Неғып тарттың қасыңа,
Таңданбаушы едім адамға,— 1950,
1957 жылғы баспалары бойынша берілді.

1933 жылғы жинақта бұл жолдар:

Бас имеуші едім қаламға,
Қызықтырдың басыңа,
Неғып тарттың қасыңа,
Таңданбаушы едім адамға,— деп орны ауысып басылыпты. Бастаң аяқ осы өлеңнің бір шумағы қара өлең ұйқасымен (а, а, б, а), ал екінші шумағы шалыс ұйқас (а, б, а, б) болып кезектесіп отырады. Сол себепті 1950, 1957 жылғы баспаларындағы өлеңнің берілу тәртібі дұрыстыққа келеді.

2. Жүректің мұз тоңдарын — Қолжазба бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Жүректің суық мұздарын — делінген.

3. Тағдырдың суық қолдарын.— Қолжазбаға сүйеніліп берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Тағдырдың суық ызғарын — делінген.

4. Патша да, құдай да жоқ.— Қолжазба бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Патша да жоқ, құдай жоқ,— деп, ал 1933 жылғы жинақта:

Патша да жоқ, құдай да жоқ — деп басылған.

5. Барлық талайым... Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында: Барлық бақыт, талабым — деп алынған.

6. Әрі барсаң теңкейіп... — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Әрі барсаң еңкейіп — делінген.

7. Осындай сүйім көрмесең... — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Осындай сүйө көрмесең — делінген.

8. Жай отыр да... Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда бұл жолдың орнына:

Өкпелеме өмірге — болып басылған.

9. Болмадың ондай — жол баспа... — Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Болмадың одан жол басқа — делінген.
140 бет.

Гүл (1914) — Тұңғыш рет 1925 жылы «Тақ» журналының 3 санында (73—80 б.) «Сұлтанмахмұттың басылмаған өлеңдері» деген атпен жарияланды. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда өлең «1917 жыл» жазылды делінген де, қолжазбада «1914 жыл» деп көрсетілген. Ал, «Тақ» журналында «Гүл» ақынның 1914 жылғы жазылған шығармалары қатарында басылған. Расында да өлең Сұлтанмахмұттың 1914 жылы жазылған өлеңдерімен сәйкес. Осыған қарағанда өлең «1914 жыл» жазылды деген негіз бар сияқты. Сондықтан ұсынылып отырған

жинаққа 1914 жылдарғы өлеңдері қатарында жіберіліп отыр.

1. Суық соғып тоғады; — 1933, 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша берілді. Ал, «Таң» журналында бұл жол: Сольқ түсіп тоғады — делінген.

141 бет.

Бұл памятым, ал еске: (1915).— Бұл өлеңді Әбдікәрім қызы Бағила Сұлтанмахмұтқа сыйлаған орамалдың шетіне кестелеген. Өлеңді ақынның өзі жазды деседі. Текст 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. Ал қолжазбада өлең төрт жол: «Бұл памятым ал еске» деген бір жолы жоқ. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Бұл памятым ал еске,
Жүрегім сізден көшпеске,
Достық жібін шешпеске,
Күннің нұры сөнгенше,
Қараңғылық көмгенше,
Махаббат оты өшпеске — деген

алты жолдан тұрады.

142 бет.

Орамалға (1915).— 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтардың бәріне де еніп келді. Бұрынғы баспаларындағы кейбір деректерде бұл өлең Әбдікәрім Ережеповтің Бағила деген қызының атымен байланысты жазылғандығы баяндалады. Өлеңнің жазылуы қолжазбада «1914 жыл» деп көрсетілген, біз бұрынғы басылулары бойынша «1915 жыл» деп беріп отырмыз.

1. Енді неғып азайын! — 1950, 1957 жылғы баспаларында осы жолдан кейін:
Албырттанған көңілдің
Тартқызды тағдыр сазайын — деген жолдар бар. Бірақ бұның қайдан алы-

нып, қандай дерек бойынша қосылғаны белгісіз.

2. Танытамын елдерге.

Күн астындағы жерлерге.— Қолжазба бойынша қабылданды. 1933 жылғы жинақта:

Танысамын елдерге

Күн астындағы жерлерге— деп, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Танысам мен елдермен,

Күн астындағы жерлермен— болып басылған. Және осы жолдардан кейін:

Ғылымның нұрын шашармың,

Елге айналып келсем мен — деген өкі жол қосылған. Бұл жолдар қолжазба мен 1933 жылғы баспасында жоқ.

3. Тағдырдың буынар тынысы— Қолжазбаға сүйеніп қабылданды. 1933 жылғы жинақта:

Тағдырдың буына тыныс— деп, ал 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Тағдырдың буы, тынысы— дөлінген.

144 бет.

Маңайымнан әрмен кет (1915).— Негізгі баспаларының барлығында да бар. Қолжазба мен 1933 жылғы баспасында өлең «Қазақ қызына» деп аталған, дайындалып отырған жинаққа 1950, 1957 жылғы баспаларындай «Маңайымнан әрмен кет» деп жіберіліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында өлеңнің жазылуы «1915 жыл» болып, ал қолжазбада «1914 жыл» деп көрсетілген.

145 бет.

Жүрегім тулап шабасың (1915).— Ақынның жарық көрген барлық баспаларына өніп келді.

1. Баяғы гүл, құтың жоқ.— 1950, 1957

жылғы баспалары бойынша берілді.
1933 жылғы жинақта:

Баяғы гүл, қуатың жоқ — деп, ал қол-
жазда:

Баяғы гүл, құтың жоқ — делінген.

2. Емескіді ез көңіл, — Қолжазбаға сү-
йеніліп қабылданды. 1933, 1950, 1957 жыл-
ғы баспаларында:

Емізiкті ез көңiл — делiнген.

3. Бірақ әлі сенген жоқ — Қолжазба
мен 1933 жылғы жинақ бойынша алын-
ды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Бірақ әлі сөнген жоқ — болып беріл-
ген.

4. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Ұстатпа кірлер бөзіңді — деген жол-
дан кейін:

Бағалау, тану болар ма,

Айырып алтын, жезіңді? — деген екі
жол қосылған. 1933 жылғы баспасында
бұл жолдар жоқ.

147 бет.

Мейірімсіз ажал (1915). — Қолжазба
мен 1933 жылғы жинақта бұл өлең Ер-
жан Айманұлының өліміне арналып жа-
зылғаны баяндалады. Өлең ақын жинақ-
тарының барлығында бар.

148 бет.

Шал алған қызға (1917). — Ақынның
негізгі баспаларына еніп келді.

1. **Не өнді**, құр жыладың жансыз тас-
қа. — 1933 жылғы жинақ бойынша беріл-
ді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Не енді құр жыладың жансыз тасқа —
делінген.

149 бет.

А, дүние! (1917). — Сұлтанмахмұттың
барлық баспаларына еніп келді.

Ақынның осы философиялық толғауында болмысты топшылауындағы қайсыбір қайшылықтары айқын көрінгенмен өте қызықты шығарма.

Егер төңірі қанат берсе, мен еркіммен көкке көтеріліп, «жер, күннің аймағынан үстік шығып» әлемге сол арадан көз жіберсем деп ақын арман етеді де, сондан кейінгі жағдайда ол үшін жер дегеніңіз басқа әлемдер жанында елеусіз, тозаңдай бірдеңе болып көрінетінін мойындайды. Ақыры адам өміріне торыға қарап, пессимистік ойлардың тұтқынында қалады.

Аспан әлемі тұйық қалыптағы кезінде, демек адам баласына шешусіз жұмбақ көрінген шағында күллі дүние (вселенная) алдында өзіміз мекендеген жердің сол жер бетінде аз күнгі қолындағы ебіндегі адамның болмысы қораш көрінуі бұрынғы өткен ойшылдар мен ақындардың сан қилы палсапасына тақырып болғаны мәлім. Бірақ, мұнда өмірден безушілік пен торығудан гөрі жұмбақ әлемнің сырын білуге күштарлық басым жататын. Әйтпесе адам өмірінің қысқа екендігі, сол адамның жалпы әлем жөніндегі түсінігінің тым тайыз бол келетіндігі ертеден мәлім болғанмен адам өзін жер қожасы санап, «барша әлем жаралған адам үшін» деп таңуында астамшылықтан гөрі өз парасатына сенушілік, өз тіршілігіне үлкен мән берушілік, қысқасы, өмірге зор оптимизммен қараушылықты көрмейміз бе? Сондықтан біз Сұлтанмахмұтты бұл сұрауларды адам баласын тұқыртып қораш етіп көрсету мақсатымен қойып отырған жоқ демекпіз.

Қалайда осы бір шағын ғана өлең

ақынның ой дүниесінің тереңдігін, өмір танудағы дағдарысының кейбір сәттерін бейнелейтін тәрізді.

150 бет.

Жас жүрек (1917).— Ақынның 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларына енген.

Бұл шығарма айырықша мән беріп, арнайы сөз етуді тілейді. Өйткені кейбір зерттеушілер Сұлтанмахмұт осы өлеңінде өз қатесін мойындады, алашорда тобына қосылғанына өкінді дегендей емеуірін білдіреді. Бірақ осы шығарманың толық күйін алып көрсек, толып жатқан қайшылықтар кездеседі. Ең алдымен ақынның өлең соңында мойындап отырған «...қай адасу? Одан алашордаға қосылып, жаза басып жаңылғанына өкінді деген ұғым туа ма, олай деуге қандай дәлеліміз бар? Өлең басында сөз болатын жайлар осыған өкеліп тіреп отырған жоқ қой. Біздіңше «Жас жүрек» өлеңінен ондай қорытынды шығаруға ешбір сүйенішіміз жоқ. Қайта, бұрын әрбір өлеңінде дерлік жаңалықты көксеріп, оқу-білім алу майданындағы жастардың талабы мен жігерін жиі сөз ететін ақын, енді неге екені белгісіз, қазақтың ескі өмірін қаз қалпында көріп, сұқтана жырлайды, оны қол жетпес бір сағымдай есептеп егіле күңіренеді.

1. Сыймайтын мезгіл қайда тәнге жаным! — Қолжазбаға сүйеніп қабылданды. 1933, 1950 жылғы жинақтарда:

Сыймайтын мезгіл қайда қанға жаным! — деп, ал 1957 жылғы баспасында:

Сыймайтын мезгіл қайда қанға жаным! — болып алынған.

2. Шалқар көл, қиқу салған қазық жоқ па? — Қолжазба мен 1957 жылғы жинақ

бойынша берілді. 1933, 1950 жылғы баспаларында:

Шалқар көл, қиқу салған көлің жоқ па? — делінген.

3. Қосқанды құтқармайтын тазың жоқ па? — Қолжазба мен 1933 жылғы баспасы бойынша қабылданды. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Құс — аңды құтқармайтын тазың жоқ па? — делінген.

4. Ақ ордада сары шара, қара сабаң, — Қолжазба бойынша алынды. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Ақ орда, дәсер шара, қара сабаң, — болып басылған.

5. Сол себептен ішімде жылымас қан, — Қолжазба бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Сол себептен ішімде жылы емес қан — делінген.

6. Бұ күнге адасудан көз ашпадым, — Қолжазбаға негізделіп алынды.

1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында: «Бүгінге адасудан көз ашпадым» — болып басылған.

152 бет.

Сарыарқаның жаңбыры (1917). — Бұл өлең алғаш «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 10 октябріндегі 16-санында жарияланды. 1933 жылғы жинақта өлеңнің жазылуы «1913 жыл» делінсе, 1950, 1957 жылғы жинақтарда «1917 жыл» деп көрсетілген. Соңғысы шындыққа жақын тәрізді.

Бұл өлеңді соңғы кезде 1917 жылы жазылды деген пікірді көбірек айтып жүр, мүмкін бұлайша жорамалдауда белгілі логика да бар болар. Өйткені өлең мазмұны әншейіндегі ауыл тұрмы-

сын сипаттағанмен ақын қорытынды екі шумағында бостандықты сөз етіп, ол бола қалған күнде жайшылықпен келмейді, сол кезде жаңбырдан безген кемпіршілеп жүрмеңдер деп ескертеді. Бірақ бұл жерде ақын бостандықтың кімге келгенін, кім үшін қажет екендігін ашып айтпайды. Тек оны жерді гүлдендіретін жаңбырға теңеп, соның күші арқылы ел көгереді деген сенім білдіреді. Бұл өлеңнен үлкен қорытынды жасап, революциялардың бірі болмаса бірін қабылдап, сөз етіп отыру деу өте қиын.

1) Таулардан бейіл кеңіп, ағып бұлақ,— 1933 жылғы жинаққа сүйенілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Таулардан бейіл көңіл, ағып бұлақ — делінген.

154 бет.

Неге жасаймын! (1918).— Ең алғаш «Абай» журналында (1918, № 3, 16 бет) басылған. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда өлеңнің жазылуы «1918 жыл» деп көрсетілсе, ал қолжазбада «1916 жыл» делінген. Ұсынылып отырған жинаққа бұрынғы басылу тәртібімен 1918 жылғы шығармалары қатарында жіберіп отырмыз.

1. Адамдық көші өткенше! — Қолжазба мен 1957 жылғы жинақ бойынша берілді. 1933, 1950 жылғы баспаларында және «Абай» журналында:

Адамдық күші өткенше — болып басылған.

155 бет.

...ға (1918).— Сұлтанмахмұттың негізгі жинақтарына енгізіліп келді. Бұл өлеңнің жазылуы жайында 1933 жылғы кітапта: «Исабай қызы Жаңыл Ақбеттауда

өжеттігі, шешендігі, сұлулығымен ауызға ілігіп жүріпті. Сол кезде замандастары Махмұтқа ойланбай өлең жазып бер дегенде, Махмұт бір қарпін өшірмей көнеттен жазып беріпті»,— деген мәлімет бар.

1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында өлеңнің жазылған жылы «1918 жыл» деп берілсе, қолжазбада «1914 жыл» деп көрсетілген. Ұсынылып отырған жинаққа жарық көрген баспалары негізінде «1918 жыл» деп жіберіліп отыр.

1. **Шыдауына менің түр көңілім ауып**— Қолжазба негізінде жіберіліп отыр. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Шықдауыңа менің түр көңілім ауып — болып басылған.

156 бет.

Соғыстың кесірі (1918).— Тұңғыш рет «Абай» журналында (1918, № 3, 1 бет) ақынның «Социализм» атты мақаласымен бірге басылған. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда сол «Социализм» атты мақаласымен де, жөке өлең күйінде де (бір кітапта екі рет) жарияланып келді.

Бұл шығарма көркемдігі мен өткірлігі жағынан алғанда өзіне онша тәртіп қоймайды. Сонымен бірге кейбір зерттеушілер оны Л. Н. Толстойдың «Соғыспен бейбітшілік» атты белгілі эпопеясын оқу әсерімен жазылды дегендеріне тағы да тиянақты дерек жоқ. Мазмұнына қарағанда бұл өлең бірінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан туғанға ұқсайды.

1. **Зорлауы мен таланда**.— «Абай» журналы бойынша қабылданды. 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Зорлау менен талауда — делінген.

2. Сондайларды ұялмай,— «Абай» журналы бойынша жіберілді. Өзге жинақтарда:

Сондайларды ойламай — болып басылған.

3. Кейбіреулер қорқырар,— «Абай» журналы бойынша берілді. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Кейбіреулер қорқырап — делінген.

158 бет.

Мұңдылардың жолыққаны (1918).— 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларының бәрінде бар. 1933 жылғы жинақта бұл өлең: «Жыртылған романнан» деп, ал қолжазбада: «Жоғалған романнан» деп көрсетілген.

1. Қаз бауыр ақ торғындай бұлт басқан,— Қолжазбаға сүйеніліп алынды. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Қаз бауыр ақ торғындай бұлт шашқан — болып басылып келді.

2. Толқиды шөп бастары соққан желден,— Қолжазба негізінде қабылданды. Өзге жинақтарда:

Толқыды шөп бастары соққан желден — делінген.

3. Сүйеді бетінен кеп ойнаған жел.— Қолжазба мен 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Сөйледі бетінен кеп ойнаған жел — болып басылған.

4. Отыр еді әр түрлі ойға кетіп.— Қолжазбадағы текст бойынша жіберілді. 1933, 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Отыр еді әрбір түрлі ойға кетіп — делінген.

5. Түрегеп қадам басты қоңыр қаздай,— Қолжазба бойынша қабылданды.

Өзге жинақтарда:

Тұра көп қадам басты қоңыр қаздай —
делінген.

160 бет.

Ақ сәуле. (1918).— Ең алғаш 1933 жылғы жинақта басылған. 1950, 1957 жылғы баспаларында жоқ. 1933 жылғы баспасында өлеңнің жазылуы «1918 жыл» болып, ал қолжазбада «1919 жыл» деп көрсетілген.

Бұл лирикалық өлеңде жеке бастың субъективтік сезімдері тым жалаңаш берілген. Сондықтан болса керек, бұл шығарма ақынның кейінгі жинақтарына енгізілмей келді.

162 бет.

Өкелші (1919).— Алғаш 1933 жылғы жинақта басылды, 1950, 1957 жылғы баспаларында жоқ.

Бұл өлеңнің де көркемдік қасиеті шамалы. Ақынның арақ туралы өрсіздеу, альбомдық сипаттағы жеке шумақтары ғана, өйтпесе, мұнда тұрған пәлендей тәрбиелік, не эстетикалық күш те, қасиет те жоқтың қасы.

164 бет.

Осы да өділдік пе! (1919).— Сұлтанмахмұттың 1933, 1950, 1957 жылғы баспаларына еніп келді. Бірақ бұларда не бәрі 20 жол болып: «Тек қайсысын көңілі оның сүйер» — деген жолмен аяқталады. Жинаққа бұдан кейінгі 16 жол қолжазба бойынша бірінші рет жіберіліп отыр.

1. Кімі үстінде гуляйттап жайланады.—
Қолжазбаға сүйеніп жіберілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Кім үстінде колвйттап жиналады.— Бо-

лып кеткен де, ал 1933 жылғы баспасында:

Кімі үстінде куляйттап жиналады — делінген.

2. Не жазық! деп еріксіз ойланады.— Қолжазба мен 1933, 1950 жылғы жинақтар бойынша қабылданды, 1957 жылғы баспасында:

Не жаздық деп еріксіз ойланады — делінген.

3. Сонда да тамағы тоқ, кигені асыл;— Қолжазба бойынша жіберілді. Өзге жинақтарда:

Сонда да тамағы тоқ, киімі асыл,— деп басылған.

166 бет.

Сұлтанмахмұттың кейін табылған өлеңдері

«Секілді өмір қысқа, жарты тұтам», «Қайқы құйрық, шұбар қыз, істік мұрын», «Орнымыз медресе оқып жатқан», «К...ға сәлем», «Жан қайда әділетті іздейтұғын», «Бір адам көп жасады жер бетінде», «Балалық күн», «Байлық», «Кедейлік», «Жылы кеш», «Төре көрсе жалаң бас шұлғып, билеп», «Қандай басшы», «Көңілім, неге жасисың», «Ж...», «Балалық жасым өтесің», «Өмірді үзіп алуы», «Қожеке, келдіңіз бе көңілім сұрай!», «Қарағай да қайғырып», «Ағайынның азғандығы», «Жалыну», «Жарқынбай», «Дін», «Сарбас», «Оқу», «Күншіл ақ кірпік» атты өлеңдер ақынның 1950, 1957 жылғы жинақтары бойынша берілді. Ал «Тұмағымның құлағын», «Шықай менен Шағала», «Жұмбақ», «Ақ сәуле күміс жүзді, күндыз қабақ», «Намаз», «Жұмақ», «Дозақ», «Ораза», «Ұлт», «Арманым», «Қос үй», «Партияшыға», «Жү-

реки», «Мұқышқан», «Түспейді жазсам жө-
зу қара тасқа», «Кұлағым бітелген жоқ»,
«Қызық қандай адамды қыздыратын»,
«Бірәу бай, бірәу жарлы», «Асыл сөз»,
«Барлық ісім қырын қарап», «Шыны
осы», «М...ған», «Аққудай үлбіретен сүн-
ғақ мойын», «Дәл осы көзім көрген қыз-
дың жайын атты өлеңдер Шайбай Ай-
манов, Кенжетай Айманов, Шаймерден
Торайғыров, Құдайберген Садықов, Боз-
тай Жақыпбаев, Сапарғали Бегалин жол-
дестардың тапсыруымен бірінші рет жө-
рияланып отыр. «Итаршыға» деген өлең
«Айқап» (№ 20, 1913 ж.) журналынан
алынып алғаш рет басылып отыр.

246 бет.

Адасқан өмір (1919).— Тұңғыш рет
1922 жылы Қазанда басылған. Ақынның
кейінгі жинақтарының бәрінде де бар.
1933 жылғы жинақта поэманың жазы-
луы «1919 жыл» болып, ал, 1950, 1957
жылғы баспаларында «1918 жыл» деп
көрсетілген. Ұсынылып отырған жинақ-
қа 1933 жылғы баспасы негізінде
1919 жылғы шығармалар қатарында бе-
рілді.

Сұлтанмахмұт өзінің «Адасқан өмір»
атты поэмасымен қазақ әдебиетіне үл-
кен бір жаңалық әкелгенін ашып айтуы-
мыз қажет. Ол жаңалықтар неде? Ең ал-
дымен, ақынның өмір жөніндегі фило-
софиялық топшылаулары өте терең бо-
лып келумен бірге, осы поэманың ішіне
заманның ең басты деген мәселелерін
сыйғыза білуінде болса керек. Соны-
мен қатар, жастық шақ, орта жас, көрі-
лік кезек, өлім сәтін сөз еткенде, Сұл-
танмахмұт өз ойларын абстракты түрде
бұлдыр етіп бермейді, әрбір ұғымды

дәуір шындығы арқылы бейнелемек болады, екінші сөзбен айтқанда, реалистік негізге құрады.

«Адасқан өмір» белгілі бір сюжетке құрылмаған, ақын кейіпкерінің монологі арқылы өзінің өмірге, дүниеге тануға, адам тіршілігіне, қоғам құрылысына көзқарастарын лирикалық толғаулар және философиялық топшылаулармен бере білген. Кей сәтте өмірді түсіндіруде немесе адам тіршілігіндегі сан қилы құбылыстарды тануда ақын тоқырап қалып, біраз торығу сарындары да білініп отырса да, поэма реалистік негізде жазылған, әлеуметтік мәселелердегі ақынның позициясы анық, ашық, ол — демократиялық позиция.

1) **Көрсетпейтін жүректің іші бар ма!** — 1933 жылғы баспасы бойынша қабылданып отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Көрсетпейтін жүректің ісі бар ма! — болып басылған. 1922 жылғы басылған жинақтың сыртқы бетінде де:

Көрсетпейтін жүректің іші бар ма! — деп берілген.

2) **Мен сәби мейрімді ана құшағында,** — 1933, 1950 жылғы баспалары бойынша жіберілді. 1957 жылғы жинақта:

Мен бала мейрімді ана құшағында — делінген.

3) **Қандай нәрсе білмеймін; бәле, қаза** — Бұл жол 1957 жылғы баспасында түсіп қалған.

4) **Айтшы маған не нәрсе жалыну-ды!** — 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша берілді. 1933 жылғы жинақта:

Айтшы маған не нәрсе жеңілуді — делінген.

5) **Ақтасаң, дүние, осы сенісімді.** —

1933 жылғы баспасы бойынша берілді.
1950, 1957 жылғы жинақтарында:

Ақтасаң дүние, осы сен ісімді — бо-
лып алынған.

6) Соны сүй, соған табын, шұлғы ба-
рып, — 1933 жылғы жинақ бойынша бе-
рілді. 1950 жылғы баспасында бұл жол:

Соны сүй, соған табын шолғы барып —
деп, ал 1957 жылғы кітапта:

Соны сүй, соған табын, шұлғып ба-
рып — болып басылған.

7) Дүние жаралғандай бір мен үшін. —
1933 жылғы жинақ бойынша берілді.
1950, 1957 жылғы баспаларында:

Дүние жаралғандай менің үшін — де-
лінген.

8) Айды күндей өткізу құрып сауық. —
1933, 1950 жылғы баспалары бойынша
берілді. Ал, 1957 жылғы жинақта:

Айды күнді өткізу құрып сауық —
деп басылған.

9) Жиһан кезсем, көрілікте әжіге бар-
сам. — 1933 жылғы баспасы негізге
алынды. Өзге жинақтарда:

Солдай қылсам, көрілікте хажге бар-
сам — деп берілген.

10) Құл болмаған бай бар ма осы күн-
де? — 1933, 1950 жылғы жинақтар бо-
йынша берілді. 1957 жылғы баспасында:

Бұл болмаған бай бар ма осы күнде —
делінген.

11) Ешбір өл бүйте алмасы көптен мә-
лім: — 1933 жылғы жинақ бойынша бе-
рілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Ешбір өл бүйте алмас көптен мәлім —
деп беріліпті.

12) Үміт ету ақымақтық менің үшін. —
1933 жылғы баспасы негізге алынды.
1950 жылғы кітапта бұл жол:

Үміт өйту ақымақтық менің үшін —

болса, 1957 жылғы жинақта:

Үгіт айту ақымақтық менің үшін — деп басылған.

13) Бір әмір беруіммен болса күйік.— 1933 жылғы жинақ бойынша қабылданып отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Бір әмір беруімен болса күйік — делінген.

14) Қанды көзім болсын-ақ қанға тоймас — 1933, 1950 жылғы баспалары бойынша берілді. 1957 жылғы жинақта:

Қанды көзің болсын-ақ қанға тоймас деп жарияланып келген.

15) Дүниеде сонша зиян болар ма еді,— 1933 жылғы баспасы негізге алынды. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Дүниеде сонда зиян болар ма еді? — делінген.

16) Екөнін алыс емес білуге аңдап.— 1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Екөнің білсе халық тегіс аңдап — деп басылып келген.

17) Тағы да болман дедім оған жуық.— 1957 жылғы жинақта бұл жолдың орны ауысып:

Мұны ойлап әскерліктен көңілім суып — деген жолдан бұрын берілген.

18) Аш қалам деп көңілін бөлмес болса.— 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Ертең қайтем деп көңілін бөлмес болса — деп жарияланған.

19) Мисалы, мал қыратын түрлі аурудан — 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Мәселен мал қыратын түрлі аурудан — делінген.

20) Ешқандай жан несі бермес болса.— 1933 жылғы баспасы бойынша беріліп отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Ешқандай жан несі бермес болса — деп басылған.

21) Біраздан соң білесің кедей оңбас — 1933 жылғы баспа бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Бір аздан соң білсеңіз кедей оңбас — делінген.

22) Өртүрлі оқу жұртын бізге мәлім — 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы басылуында:

Өртүрлі оқу жұрты бізге мәлім — деп берілген.

23) Бұл күнгі бақытсыздық дүние толған, — 1933, 1950 жылғы баспалар бойынша қабылданды. 1957 жылғы жинақта:

Бұл күнде бақытсыздық дүние толған — делінген.

24) Жеміссіз құмға түскен гүлдей солған. — 1933 жылғы баспасы негізге алынды. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Жемсіз құмға түскен гүлдей солған — деп басылған.

25) Алғысты күнде айтар баршалары. — 1933 жылғы баспасы бойынша алынды. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Алғысты сол күнде айтар баршалары — делінген.

26) Бір-бірін жейтін сылтау қалмақ үшін. — 1933 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Бір-бірін жейтін сылтау қалмақ үшін — делінген.

27) «Залымның» — 1933 жылғы баспасы негізге алынды. 1950, 1957 жылғы

жинақтарда: «Залымдық» — деп басылып келген.

28) «Жем болмауға» — 1950, 1957 жылғы баспалары бойынша жіберіліп отыр. 1933 жылғы баспасында:

«Жем болуға» — делінген.

29) Тегіс қылып көркейген өмір түсін.— 1933, 1950 жылғы баспалары бойынша берілді. 1957 жылғы жинақта:

Тегіс қылып көркейткен өмір түсін — деп басылған.

30) Еңбексіз еңбекшіні жалмау болмас.— 1933 жылғы жинақ бойынша қабылданды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Еңбексіз еңбекшілікті жалмау болмас — деп жарияланған.

31) Өмірде мақсат жоқ деп барлау болмас.— 1933, 1950 жылғы жинақтар негізге алынды. 1957 жылғы баспасында:

Өмірде мақсат жоқ деп зарлау болмас — деп қабылданған.

32) Себеп жеміс: әділдік, адалдықта— 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Себеп жемісі: әділдік, адалдықта — делінген.

33) Ойыншық қып сынауға өрмегі үшін.— 1933 жылғы жинақ бойынша алынды. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Ойыншық қып сынауға өрмегі үшін— деп басылған.

34) Арымды таптамас ем, таптамас ем.— 1957 жылғы жинақта бұл жол түсіп қалған.

35) Уәдеде тұрудан танбас едім.— 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Әуеде де тұрудан танбас едім — делінген.

36) Не ұлық, не бай кісі сөгіп тұрса.

Естімеген кісі боп қалмас едім.— 1933 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында бұл екі жол түсіп қалған. 1933 жылғы жинақта осы үзіндінің соңғы жолы:

Естімеген кісі боп қалмас болсам — деп басылыпты. Ұйқасы ескеріліп соңғы сөздер «қалмас едім» болып жіберілді.

37) Жолы алыстап барады бақыт жақтың.— 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында осы жол түсіп қалған, оның орнына:

Жар сүйген қызығынан жастық шаятын — болып басылған.

38) Бұл жолмен жүре берсем өмір өтіп — 1933 жылғы жинақ негізге алынды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Бұл жолмен жүре берсем өмір өтіп — делінген.

39) Аз өмірден әліңше пайдаланбай.— 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Аз өмірден азынша пайдаланбай— делініп келген.

40) Мен жығар ем, жан жықса білегімен.— 1933 жылғы баспасы бойынша жіберілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Мен шығар ем, жан шықса білегімен — деп басылған.

41) Жүргенде әлдеқайда барып түсіп.— 1933 жылғы жинақ негізге алынды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Жүргенде әлде қайда басып түсіп — делінген.

42) Жан бітер ме мақлұқ боп, тамақ ішіп.— 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950 жылғы баспада:

Жан кірерде мақлұқ боп, тамақ ішіп.— деп, ал 1957 жылғы жинақта:

4) Мұқтаждықтан құтыла алмай, күні көшкен.— 1933 жылғы баспасына негізделді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Мұқтаждықта құтыла алмай, күні көшкен — деп басылған.

5) Сонша еңбекпен жарыған бір күні жоқ.— 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. Өзге жинақтарда осы жолдың орнына:

Және кірде өледі жары алмай — делінген.

6) Өкелер қожа-молда, дәрігер жиып,— 1933 жылғы баспасы бойынша қабылданды. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Өке жоқ қожа-молда, дәрігер жиып — болып басылған.

7) Егессе, партия қып малды шашар,— 1933 жылғы баспасы бойынша алынып отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Осы жайын сақтауға малды шашар — деп жарияланып келген.

8) Байдікіндей менде де жүрек, жан бар — 1933 жылғы жинақ бойынша қабылданды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Ойлаңыз менде жүрек, менде жан бар — делінген.

9) Байлық — ұрлық зорлықтың жемісі — 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Байлық — ұрлықтың жемісі — деп жарияланып келді.

10) «Бөрекелге» мұнан соң кім тентіреті — 1957 жылғы жинақта бұл жол түсіп қалған.

11) Жан ашуын менен ап басуына.— 1933 жылғы жинақ бойынша алынды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Жай ашуын менен ап басуына—делінген.

12) Күйер деп, не жайым бар қорғайтуғын — 1933 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Күйер деп, не жайым бар қорғайтуғын — делінген.

13) Ауылда «пәлен» деген «түген» деген — 1933 жылғы баспасы бойынша жіберіліп отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда «пәлен», «түген» деген сөздің орнына көп нүкте қойылып отырған. Баспаға ұсынылып отырған жинақта өлең тексті 1933 жылғы жинақ негізінде жіберілді.

14) Аймақ көп, ешкім тимес бата тұрып. — 1933 жылғы баспа бойынша беріліп отыр. 1950, 1957 жылғы жинақтарда: Аймақ боп ешкімге тимес бата тұрып — делініп келген.

15) Бейнетқор адалдықпен кәсіп қылған. — 1933, 1950 жылғы жинақтар бойынша берілді. 1957 жылғы баспасында: Бейнетқор адамдықпен кәсіп қылған. — делінген.

16) Түсуге түр құбылтып, бір пішінге. — 1933 жылғы баспасы негізінде жіберілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Түсуге көз құбылтып бір пішінге — деп жарияланып келген.

17) Қойшы азаппен қартайып, көр көтілті. — Бұл жол 1957 жылғы жинақта түсіп қалған.

18) Басы солай байланып өкөуінің — 1933 жылғы жинақ бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Ісі солай байланып өкөуінің — делінген.

19) Бәрі тоқ мен асырар деген ниетпен. — 1933 жылғы жинақ негізге алынды. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Бәрі тек мені асырар деген ниетпен—
деп берілген.

20) Ұйықтай алман жатқанда кеудем
күйіп.— 1933 жылғы жинақ бойынша бе-
рілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Ұйықтай алмай жатқанда кеудем кү-
йіп — делінген.

21) Кедейлікпен мен қалып, шал алға-
ны...— 1933 жылғы жинақ бойынша қа-
былданды. 1950, 1957 жылғы баспала-
рында:

Кедейлікпен қалып, мал алғаны — де-
лінген.

22) Жүз өулие, мың бір кеп милаған-
мен,— 1933, 1950 жылғы баспалары бо-
йынша қабылданды. 1957 жылғы жи-
нақта:

Жүз өулие, мың бір кеп милағанмен —
деп басылған.

23) Келеді өмірімнің таңдары атып,
Нұрыммен жердің жүзін тақырқатып.
«Мен үшін соған бақыт бере көр» деп,
Тілеулес қу сүйегім көрде жатып.— Осы
бір шумақ өлең 1950, 1957 жылғы бас-
паларынан түсіп қалған. Бұл жолдар 1933
жылғы жинақ бойынша берілді.

24) Сәулелі қара көздің нұрын ішіп.—
1933 жылғы жинақ бойынша жіберілді.
1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Сәулесі қара көздің нұрын ішіп — бо-
лып кеткен.

25) Туған жер, әке-шеше — бар дүние-
ден.

Неге соны көреді көңілім жуық?

1933 жылғы жинақ негізге алынды.
Бұл жолдар 1950, 1957 жылғы баспала-
рында жоқ.

26) Еңбегімен төлер деп байың сен-
се,— 1933 жылғы жинақ бойынша жібе-
рілді. 1950, 1957 жылғы баспаларында:

Еңбегімен төлер деп байық сөзсе —
делінген.

27) Өзім бірге күйермін сендіре алмай, — 1933 жылғы баспасы бойынша берілді. 1950, 1957 жылғы жинақтарда:

Өзім бірге күйемін сендіре алмай —
болып басылған.

306 бет.

Қайғы (1919). — 1933 жылғы жинақта: «Бұл поэма үш күнде жазылған, барлығы 23 бет екен, біздің қолымызға басқы бір-екі беті мен аяққы бір жарым ауыз өлеңі түсті. Өзгесі жоғалған делініп және поэма 1919 жыл 26 апрельде жазылған» деп көрсетілген. 1950, 1957 жылғы баспаларында осы аяқталмаған қалпында басылып келген.



МАЗМҰНЫ

Сөз басы	7
ӨЛЕҢДЕРІ.	
✓ Оқыл жүрген жастарға	30
Таланттарға (Шәкірттерге)	31
Оқуда мақсат не?	34
Анау-мынау	37
Қандай	40
Арабшадан	42
Мағынасыз мешіт	43
Жарлау (жұртыма)	45
Мысал	49
Бір баланың тілек батасы	50
Алғыс	51
Арыстан мен тышқан	52
Екі тышқан (Ғ. Тоқайдан)	54
Көк өгіз	56
Достыма ұмытпастық үшін хат (көңілдегі махаббатым)	58
✓ Түсімді көрген бір аяның хылы	60

Сөзүр агач (Альбомнан)	62
Диянама хат	63
Шығамым үрп болсам адам болып	65
✓ Түнімде	66
Бұхар кім?	68
Көңілді айыартып тағдыр	70
✓ Жалғыз қайты	72
Кымыз	76
Көше түпалы түс, бүтінгі ис	79
✓ Бір балуанға қарап	85
Минь, алақай!	86
✓ Шәкірт ойы	87
Елдігі беталмас	88
«Дандым, ілесем де таба алмадым»	89
Түрмеске	91
Жаңылық көрсен мәйменен	94
Альбомнан	95
✓ Жапырақтар	96
Айт	99
Бақыт	100
«Сөзіммен баға бермес бұл қалыңға»	101
Кеш	102
Кешегі күндегі түсті бүлт басқан	104
Кіші	105
«Шоң» серіктігін ашардағы тілек	107
«Шоң» серіктігін ашарда «Шоң» серіктігі туралы көпке істеген бақыдамның басы	108
Бұл бақыдамның арты мынадай сөзбен тынады	109
Күндесік дәптерімен	111
✓ Бір аламең	113
Туған өліме	115

Достыма	116
Мұның аты өшп алу	117
Сымбатты сұлуға	118
Қыз сүй	121
Гүлбайым	122
«Донет бұаты шытырлан»	124
«Жаңғырып Алтай тауы салшынан»	125
✓ Өмірімнің уәдесі	126
«Ненелер көз жасы төгіледі»	127
«Көзді хатып, мен шаршап»	128
✓ Алты аяқ	130
Күңгірт түспен айға батып	132
Ей, махаббаті Ей, достықі	134
Дүниедегі қызықтық	135
Жан қалқам	137
Гүл	140
«Бұл нанитым, ал еске»	141
Орамалға	142
Маңайымнан әрмен кет	144
«Жүресім тудай шабасын»	145
Мейірімсіз ажда	147
Шал алған қызға	148
А. дүние	149
✓ Жао жүрек ✓	150
✓ Сарыарқаның жаңбыры	152
Неге жасаймын	154
. ға	155
Соғыстың кесірі	156
Мұндағардың жолыққаным	158
Ақ сауле	160
Әкелшіл	162
Осы да әлілік пе?	164

СУЛТАНМАХМУТТЫҢ КӨЙІН ТАҒЫЛҒАН
ӨЛЕҢДЕРІ.

Секілі өмір қысқа, жарты тұтам	166
Қайғы құбыр, шұбар қыз, ізгі мұрын	168
Орнаның мадраса оқыл жатқан	170
Қ...ға сәлем	171
Жан қайда әділетті іздейтұғын	172
Бір адам көп жасады жер бетінде	176
Балалық күн	178
Байлық	179
Келісін	180
✓ Жылы күш	181
Төре көрге жалғыз бас шұғыл, балаң	182
Қандай бәсші	182
Көңілім, неге жасасым?	184
Ж...	188
Балалық жасым өтесін	188
Өмірді үзіп алуы	189
Қажоқи, қолдана бе көңілім сұрай	190
Қарағай да қайғырып	191
✓ Ағайынның азғандығы	192
Жалығу	194
Жарқынбай	198
Дш	206
Сарбас	208
Оқу	210
Күншіл ақ кірпік	212
«Тұнатынның құлағын»	214
«Шықай менен Шағалда»	215
Жүзбәк	218
✓ «Ақ сулае күңіс жүзі, құлағы қыбақ»	217
Намаз	218

Ш

Султанмахмут Торайгиров
ПРОИЗВЕДЕНИЕ В 2-х ТОМАХ
ТОМ I.

(на калзахском языке)

Издание издательства
«Жазушы» — 1967

Редактор Т. Молдагалиев

Художник А. Дячкин

Худож. редактор Э. Полянова

Техн. редактор М. Прокаева

Корректор М. Рзагалнева.



Сдано в набор 4/VIII-66 г. Издат.
№ 244

Подписано к печати 6/XII-66 г.
УГО2095.

Бум. тип. № 1, 70×108¹/₃₂—11,875 л. л.
—усл. л. л. 16,63 л.

(Уч.-изд. 12,84 л.) Тираж 17900 экз.
Цена 81 коп.

Заказ № 2144. Полиграфкомбинат
Главполиграфпрома Государственно-
го комитета Совета Министров
КазССР по печати, г. Алма-Ата,
ул. Пастера, 39.

●